

ISSN 1563-0242
Индекс 75869; 25869

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Журналистика сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия журналистики

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Journalism series


№4 (42)

Алматы
«Қазақ университеті»
2016



ХАБАРШЫ

ЖУРНАЛИСТИКА СЕРИЯСЫ № 4 (42)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Дудина Е.И., филол.ғ.к. доцент
(Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Медеубек С.М., филол. ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (ғылыми редактор) (Қазақстан)
Садуақасов А.А., аға оқытушы (ғылыми редактордың орынбасары) (Қазақстан)
Велитченко С.Н., филол.ғ.к., доцент (редактор) (Қазақстан)
Мамырова К., аға оқытушы (Қазақстан)
Антипов К.В., э.ғ.д., профессор, И. Федоров атындағы Мәскеу Мемлекеттік баспасөз университетінің ректоры (Ресей)
Барлыбаева С.Х., т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Беккер Р., з.ғ.д., Н. Коперник атындағы университеті халықаралық қатынастар факультетінің деканы (Польша)

Браун М., профессор, Вайоминг университеті (АҚШ)
Бекболатұлы Ж., э.ғ.к., проф.м.а, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Нұрғожина Ш.И., филол.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Окай А., профессор, Ыстамбұл университеті (Түркия)

Сұлтанбаева Г.С., саяси ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Шыңғысова Н.Т., филол.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)



Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова
Телефон: +77017242911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мөлдір Өміртайқызы
Телефон: +7(727)377-34-11
E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 10388

Басуға 30.12.2016 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 20,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.
Тапсырыс №128. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

1-бөлім

**ЖУРНАЛИСТИКА:
ҚОҒАМ, ТІЛ, ТАРИХ,
САЯСАТ, ЗАҢ, ЭКОНОМИКА**

Раздел 1

**ЖУРНАЛИСТИКА:
ОБЩЕСТВО, ЯЗЫК, ИСТОРИЯ,
ПОЛИТИКА, ЗАКОН, ЭКОНОМИКА**

Section 1

**JOURNALISM:
SOCIETY, LANGUAGE, HISTORY,
POLICY, LAW, ECONOMY**

Жақып Б.Ө., Бубеева М.Д.

**Неміс баспасөзіндегі
Қазақстан тақырыбының
көрінісі**

Аталмыш мақалада зерттеушілер неміс баспасөзіндегі Қазақстан тақырыбының көрінісін жан-жақты талқылайды. Авторлар зерттеуінде Германиядағы ұлттық газеттерде жарық көрген мақалаларға сүйене отырып, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың нығаюындағы БАҚ-тың рөлі мен маңызын сан қырынан сипаттайды. Неміс баспасөзіндегі көтерілетін маңызды мәселелерге, соның ішінде Қазақстанның саяси-экономикалық көрсеткішінің өсуіне, екіжақты ынтымақтастықтың дамуына, елдегі тұрақтаған ұлтаралық татулық мәселелеріне байланысты нақты дәлелдерді келтірген.

Түйін сөздер: ұлтаралық ынтымақтастық, демократияландыру үдерістері, ұлттық басылым, құқықтық мемлекет құру.

Zhakyp B.O., Bubeyeva M.D.

**Illumination of Kazakhstan
theme in German press**

In this article the researcher considers coverage of the topic of Kazakhstan in a German press. In the research the author considers a role and features of media in development the relation of two countries being guided by the newspapers published in Germany. Materials on important questions of a German press, development of the bilateral contract, and the mutual relations of the nations in the state are presented.

Key words: international commonwealth, democratization process, national newspapers, creation of the constitutional state.

Жақып Б.О., Бубеева М.Д.
**Освещение казахстанской
тематики в немецкой печати**

В данной статье исследуется проблема освещения темы Казахстана в немецкой печати. На основе материалов периодических изданий Германии изучаются особенности СМИ и их роль в развитии отношений двух стран. Проанализированы актуальные проблемы немецкой печати, развитие двустороннего договора и взаимные отношения наций внутри государства.

Ключевые слова: межнациональное содружество, процесс демократизации, национальные газеты, создание правового государства.

НЕМІС БАСПАСӨЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАҚЫРЫБЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Қазақстан мен Германия арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың негізі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 1992 жылғы қыркүйекте ГФР-ға жасаған алғашқы сапары барысында қаланды. Осы сапар кезінде өзара қарым-қатынастардың негіздері туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойылған еді. Сол жылдардан бастап екі мемлекет арасындағы саяси және экономикалық байланыстарды дамыту тұрақты сипат алды [1].

Германия Федеративтік Республикасын Қазақстан Республикасының достық пен сенімге негізделген саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланысы қалыптасқан Еуропадағы негізгі серіктесі ретінде қарастырамыз. Осы орайда тараптар халықаралық саясаттың жаһандық мәселелерін шешу жөніндегі көпжақты ынтымақтастықты жандандыру қажеттігіне баса назар аударуда. Екіжақты қатынастар түрлі деңгейдегі байланыстардың жоғары қарқынымен ерекшеленеді, олар достық пен өзара сенімге негізделген. Халықаралық саясат мәселелерінің басым көпшілігі бойынша ұстанымдарда Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасында түсініспеушілік немесе алшақтық жоқ. Еуропа мемлекеттері ішінде Германия Федеративтік Республикасымен Қазақстан арасындағы ынтымақтастыққа өзіндік ерекшеліктер тән.

Қазақстан елі тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен бастап Германиямен тығыз байланысты қалыптастырғаны белгілі. Қазақстан мен Германияны тек саяси және экономикалық мүдделер ғана емес, сонымен бірге мәдени-ізгілікті байланыстар да, оның ішінде Қазақстаннан ата-жұртына оралған 900 мыңнан астам және Қазақстанда тұрып қалған 200-230 мыңдай неміс ұлтының өкілдері біріктіреді [2].

Біздің халықтарымыздың қарым-қатынасының нығаюына 2009 жылы Германияда Қазақстан жылының табысты өтуі оң әсер етті. Бұл Қазақстанның Еуропа елдерінде ұйымдастырылған алғашқы ауқымды жобасы болатын. Ал 2010 жылы біздің ел Германияның Қазақстандағы жылын өткізді. 2009 жылы Германияда қазақстандық студенттер санының өсуіне байланысты «Болашақ» халықаралық оқу бағдарламасы орталығының өкілдігі ашылды. 2010 жылдың қазанында Гумбольд атындағы Берлин университетінде «Қазақстан және

қазақ тілі» лектораты ашылса, бұл да алыс шет елдердегі Қазақстанның алғашқы жобасы еді.

Қазақстан мен Германия өзара байланыстарын одан әрі нығайтуға, тиімді қарым-қатынастардың жаңа бағыттарын іздеуге және проблемалық мәселелерді шешуге ұмтылыс танытады. Берлин бұрынғысынша Қазақстандағы демократияландыру үдерістеріне, Астананың аймақтағы және халықаралық деңгейдегі ұсыныстары мен бастамаларына үлкен қызығушылық білдіріп келеді. Өз кезегінде Қазақстанға да саяси және экономикалық уағдаластықтар негізінде пайдаға шығатын маңызды жақтары да жеткілікті [3].

Екіжақты қарым-қатынастардағы байланыстардың ақпараттық реттелуіне тоқталатын болсақ, Қазақстан территориясында жарық көретін «Deutsche Allgemeine Zeitung» ұлттық республикалық газетінің маңызы зор. Аталмыш газет 1966 құрылған және неміс ұлтының Қазақстан жеріндегі жалғыз басылымы болып табылады.

«Deutsche Allgemeine Zeitung» ұлттық республикалық газетінің әрбір санында Қазақстан территориясы мен басқа мемлекеттерде өмір сүретін неміс халқының қоғамдық өмірі мен мәдениеті жөнінде саяси, аналитикалық және экономикалық сараптамалар, танымдық және публицистикалық мақалалар, ақпараттық хабарлар жарияланады. Сонымен қатар, басылым беттерінде тарихи отандағы тұрғылықты немістер, оларға білім мен тәрбие беру жөнінде көкейкесті мәселелер де қарастырылады. Қарым-қатынастың тереңдей түсуіне Қазақстан Республикасында тату-тәтті тұрып жатқан 130-дан астам ұлттың ұлтаралық келісімдері де ерекше орын алады.

Германиялық кәсіби өңдеуші-редакторлар мен журналистер де сол газеттің мазмұнының жақсаруы мен беделінің биіктей түсуіне, бұдан тыс таралымының артуына Отандық әріптестермен теңдей қызмет етеді. Яғни бұл екі ел арасындағы журналистердің өзара тәжірибе алмасуына көп септігін тигізуде.

Deutsche Allgemeine Zeitung мемлекет аумағында тарыдай шашылған неміс ұлтының өзара

қарым-қатынасының сақталуына септігі мол. Әсіресе қазіргі таңда басылым ГФР мен Германия тұрғындарына, мәдениетіне қызығушылық танытып отырған қазақ қоғамына байланыс орнату үшін жаңа деңгейде мүмкіншіліктер тудыруда [4].

Зерттеу тақырыбына орай, Германиядағы неміс баспасөзіне шолу жасайтын болсақ, Қазақстан жайлы ақпараттардың басым көпшілігі «Frankfurter Allgemeine Zeitung», «Die Welt», «Die Zeit» секілді ұлттық басылымдарда жарық көреді.

Ұлттық газеттерде негізінен Қазақстанның соңғы 20 жыл ішінде өте жоғары деңгейге жеткендігі басым айтылады. Соның ішінде Қазақ елінің экономикалық салада өте жақсы нәтижелерге қол жеткізуі, Қазақстанның Ішкі жалпы өнімінің жоғары көрсеткіші туралы мәліметтер жиі беріледі. Германия және Еуропа Қазақстанның қарусыздану жайлы қадамын өте жоғары бағалайды [5].

Неміс баспасөзінде жиі жарияланатын тақырып Қазақстанның көрші елдермен тату-тәтті өмір сүруі де еуропалықтарды бей-жай қалдырмайды. Өйткені, Қазақстанда көптеген ұлт пен ұлыс өкілдері, әртүрлі діни конфессиялар мен бірлестіктер бір үйдің баласындай татулықта өмір сүріп келеді. Ал, құқықтық мемлекет тұрғысынан Қазақстан қалыптасу кезеңін бастан кешіріп отыр. Бұдан былай құқықтық мемлекет құру үшін бірталай жұмыстар атқару қажет [6]. Сол секілді шалғай ауылдардағы халық пен қала тұрғындарының арасындағы тұрмыстық айырмашылық та біраз ойлануды қажет етеді. Ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі қала тұрғындарымен салыстырғанда анағұрлым төмен. Осы айырмашылықты теңестіру бағытында да істелер шаруа да қыруар [7].

Осылайша, бүгінгі табыстар мен келешекке жоспарланған бірлескен жобалар және түрлі салалар бойынша екі жақты қарым-қатынастың тереңдеуі екі ел халықтарының ықпалдасуы жолында таңдалған бағыттардың дұрыстығын көрсетіп беріп отыр.

Әдебиеттер

1 Ахметжан А.Б. Двусторонние экономические отношения между Республикой Казахстан и ФРГ на современном этапе // G-Global.

2 Балаубаева Б.М. Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық // DEUTSCHLAND – ZENTRAL ASIEN: AKTUELLE FRAGEN DER AUßENPOLITIK UND INTERNATIONALE BEZIEHUNGEN. – 21 б.

- 3 Онжанов Н.Б. Казахстанско-германские отношения на современном этапе //Государственное управление и государственная служба. – № 2. – 2013. – 67-69 бб.
- 4 <http://deutsche-allgemeine-zeitung.de/de/content/blogcategory/41/77/>
- 5 <http://www.kasachstan.diplo.de/>
- 6 <http://www.dw.com/en/top-stories/world/s-1429>
- 7 [ideo&sort=relevanz, http://www.faz.net/](http://www.faz.net/)

References

- 1 Ahmetzhan A.B. Dvustoronnie jekonomicheskie otnoshenija mezhdu Respublikoj Kazahstan i FRG na sovremennom jetape // G-Global.
- 2 Balaubaeva B.M. Kazakstan Respublikasy men Germanija Federativtik Respublikasy arasyndary bilim беру salasyndary yntymaktastyk // DEUTSCHLAND – ZENTRAL ASIEN: AKTUELLE FRAGEN DER AUßENPOLITIK UND INTERNATIONALE BEZIEHUNGEN. – 21b.
- 3 Onzhanov N.B. Kazahstansko-germanskie otnoshenija na sovremennom jetape //Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaja sluzhba, № 2, 2013, b. 67-69
- 4 <http://deutsche-allgemeine-zeitung.de/de/content/blogcategory/41/77/>
- 5 <http://www.kasachstan.diplo.de/>
- 6 <http://www.dw.com/en/top-stories/world/s-1429>
- 7 [ideo&sort=relevanz, http://www.faz.net/](http://www.faz.net/)

Шыңғысова Н.Т., Мусаева Б.

**БҰҰ-дағы білім беру
саласының қазақстандық
БАҚ-та жариялануы**

Мақалада Біріккен Ұлттар Ұйымындағы білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бұқаралық ақпарат құралдарында көтерілуі және олардың сол мәселені шешуге ықпалы, қоғамдық пікірді қалыптастырудағы орны қазақстандық басылымдарда жарияланған материалдардың негізінде қарастырылады. Білім беру, ғылым және мәдениет саласында халықаралық ынтымақтастықты қолдау және БҰҰ-да жүзеге асырылып жатқан маңызды жобалардың отандық бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялануына салыстыра отырып баға беріледі, маңызды мәселелері аталады.

Түйін сөздер: халықаралық білім беру стандарттары, баршаға білім беру, интеллектуалды және моральдық қасиеттер, стратегиялық даму.

Shyngyssova N.T., Musaeva B.

**United Nations sphere of
education: the publication on
Kazakhstan Mass Media**

The given article is about publication of United Nations education sphere issues, also influence of Mass Media on resolutioning those issues, modelling public opinion, therefore dealing the issue by basical materials that published on Kazakhstan Mass Media, supporting international collaboration on education, science and culture matters, as well as evaluating possibility of spreading on local Mass Media the information about main projects done by UN, and point some problems in it.

Key words: Standards of international education, universal education, intellectual and moral qualities, strategic development.

Шыңғысова Н.Т., Мусаева Б.

**Освещение сферы
образования ООН
в казахстанских СМИ**

В статье рассмотрены проблемы освещения актуальных вопросов сферы образования ООН в СМИ и содействие в решении возникающих проблем, изучены аспекты общественного мнения, возникающего на основе материалов, опубликованных в Казахстане. Проведен сравнительный анализ освещения в отечественных средствах массовой информации важных мероприятий, проводимых ООН, поддержки международного сотрудничества в сфере образования, науки и культуры, а также названы их главные проблемы.

Ключевые слова: Стандарты международного образования, всеобщее образование, интеллектуальные и моральные навыки, стратегическое развитие.

БҰҰ-ДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚ-ТА ЖАРИЯЛАНУЫ

Қазақстан дербес мемлекет ретінде егемендік алған кезден бастап, кейіннен Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болғаннан кейін сыртқы саяси қызметін кеңейтіп, Орталық Азиядағы көшбасшы мемлекеттердің бірі ретінде берік танылуда. Өзінің стратегиялық даму тарихында Қазақстан белсенді сыртқы экономикалық саясат жүргізіп, халықаралық дипломатияда өзін жан-жақты көрсете білді.

Дүниежүзіндегі мемлекеттердің басым көпшілігін біріктіріп, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтатын, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуды басшылыққа алатын Біріккен Ұлттар Ұйымы – еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарында өзіндік бай дәстүрі бар, ықпалды ұйым ретінде қалыптасқаны анық. Осы мәселенің қазақстандық БАҚ-та, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымындағы «Білім беру» саласының кеңінен енгізілуіне байланысты қарқынды жұмыстардың дамуы қалай жүзеге асырылуда? Егер сондай маңызды мәселелер қалыптасқан болса, бұл үрдіс қалай жалғасуда? Міне, осы жағдай, БҰҰ-дағы білім беру үрдісі біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны болды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы өз қызметін қызу бастаған сәттерден-ақ дүние жүзіндегі мемлекеттерде саяси қызметпен бірге білім беру саласына ерекше көңіл бөлінді, елдермен бірлесіп білім беру саласындағы халықаралық стандарттар туралы халыққа, оқу орындарына ақпарат беру және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықаралық құжаттардың іс жүзіне енгізу жұмыстарын қолға алды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) – дүние жүзіндегі мемлекеттердің басым көпшілігін біріктіретін, ең ықпалды, әмбебап халықаралық ұйым. Оның басты мақсаты – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтып, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту. БҰҰ қызметінің негізгі бағыттары – жер бетінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті жақтап, мемлекеттердің сан алуан саладағы ынтымақтастығына жәрдемдесу, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғап, халықаралық құқықты жүйелеу және оның прогрессивті дамуын қамтамасыз ету болып табылады. 1992 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына және оның бірнеше мамандандырылған мекемелеріне мүше болды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының басты органдары – Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік Кеңесі. Бас Ассамблея Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау ісіндегі ынтымақтастықтың ортақ қағидаларын талқылауға, осы мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттерге және Қауіпсіздік Кеңесіне ұсыныстар жасауға өкілетті. Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдеріне БҰҰ-ның барлық мүшелері бағынуға міндетті [1].

Біріккен Ұлттар Ұйымының білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы – ЮНЕСКО Лондон конференциясында 1945 жылы 6 қарашада құрылған. Ұйымның Жарғысы 1946 жылдың 4 қараша күні өз күшіне енеді. 1946 жылдың желтоқсан айында ЮНЕСКО Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы мамандандырылған мекемесі статусын иеленді. ЮНЕСКО-ға Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше елдердің барлығы кіреді. Оның басты мақсаты – дүниежүзіндегі өркениеттер мен мәдениеттер арасында ашық диалогты қамтамасыз ету, интеллектуалды және моральдық қасиетті күшейтуге өз үлесін қосу, дүниежүзіндегі мемлекеттер арасындағы білім беру, ғылым және мәдениет саласы бойынша ынтымақтастықты қолдау болып табылады.

Дүниежүзіндегі ынтымақтастықты қолдайтын Ұйымдағы білім беру саласы халықаралық білім беру стандарттарын, құнды бағдарламаларды қамтиды, сондай-ақ елдердегі ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, білім беру және ағартушылық жұмыстарын бірнеше бағытта жүргізуді басшылыққа алады. Бүгінгі күні Біріккен Ұлттар Ұйымындағы білім беру жүйесінің басқару механизмін қазіргі күнгі халықаралық стандартқа бейімдеудің шынайы қажеттілігі туып отыр. Білім беру жүйесін реформалау қоғам мен азаматтардың білім алу сұраныстарын қанағаттандыру мүмкіндіктерін кеңейтуге негізделген. Реформалау негізіне білім берудің халықаралық үлгі қалыпқа сәйкестігі, сапалы білім беруге қол жеткізуді кеңейту және білім алуға әртүрлі елдердегі халыққа тең мүмкіндіктер жасау сияқты ұстанымдар жатады.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1995 жылы Бас Ассамблеяның 50-ші мерейтойлық сессиясында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев сөз сөйлеп тұрып, ХХІ ғасырда өзіне жаңа мақсат, тапсырмалар мен функциялар жүктеген БҰҰ байытылған концептуалді моделін жасау жөнінде әлемдік қауымдастықтың белсенді күш салуының керектігін атап айтты [2].

Біріккен Ұлттар Ұйымының білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы

(ЮНЕСКО) – Білім беру, ғылым және мәдениет саласында халықаралық ынтымақтастықты қолдайды. Заңдылықпен әділеттілікті сақтап және БҰҰ-ның Жарғысына сай нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан адам құқықтарын оның негізгі бостандықтарын құрметтеу арқылы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлес қосады. Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен өзара түсіністікті нығайту, халықтың білім алуын қолдау және мәдениет пен білімді тарату және оны одан әрі тереңдету – осы ұйымның негізгі міндеті.

БҰҰ-ның білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы халықаралық стандарттарға сәйкес білімдерді бұқаралық ақпарат құралдарында таратумен ғана шектелмейді, сонымен қатар шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарымен жан-жақты, өзара әрекетке, озық тәжірибені мемлекеттердің білім беру жүйесіне кеңінен енгізуге негізделеді. Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты оның дамуына елеулі әсер ете алатын маңызды институт ретінде білім беру жүйесіне мемлекеттің қалыптасқан қатынасы ерекше маңызға ие. Қалыптасқан білім жүйесінде өз бейнесін тапқан оқыту ережелерімен негізгі ұстанымдар ұлттық сауаттылықты анықтап, ғылыми-техникалық үдеріске ықпал етеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымындағы білім беру саласының дамуы, оның жүзеге асырылып жатқан маңызды жобалары қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында мейлінше кеңінен жариялануда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім жүйесіне инновацияны табысты енгізу үшін жағдай жасауға бағытталған құқықтық нормалар бекітіліп қойылған. Білім беруді басқару органдарының іс-әрекеттерін жетілдіруге жағдай жасалған, білім жүйесін басқарудың әр түрлі деңгейлерінің жауапкершілігі мен өкілеттіктері шектелген. Алғаш рет барлық деңгейдегі білім беруді ұйымдастыруда өзін-өзі басқару принциптері енгізіліп, осы салаға инновацияны кеңінен енгізуге мүмкіндік беретін білім беру мекемелерінің академиялық еркіндігі кеңейтілген.

Ұйымның қызметі барысында елдерде кедейлікті қысқартуға, бастауыш білім беруге қолжетімділік және әйелдер құқықтарын ілгерілету сияқты мақсаттарға қол жеткізілді. Қазақстан және БҰҰ арасындағы ынтымақтастық – бірлескен бастамаларды жүзеге асыру жолындағы әріптестік, білім және тәжірибемен алмасу, сондай-ақ адами қоғамды дамыту [3].

БҰҰ-дағы білім беру саласы және оның дамуы, білім, ғылым және мәдениет салаларындағы түбегейлі реформалардың елдегі көрінісі «Егемен Қазақстан», «Ақиқат», «Қазақ тарихы», «Қазақстан – ZAMAN» «Дипломатия жаршысы», «Айқын», «Түркістан» сияқты отандық бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде кеңінен әрі ашық түрде жарияланып, білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық түрлерін құру мүмкіндіктері қарастырылуда.

Зерттеудің БАҚ-та жарияланған материалдарды іздеу және жарыққа шыққан мақалаларды сараптау, талдау жұмысы барысында Біріккен Ұлттар Ұйымындағы білім беру саласының дамуы мәселесі ғылымда терең зерттеуді қажет ететін тақырып екендігі анықталды. Мәдени мұраның сақталуы және мәдени саналуандылықты қолдау, мәдени индустрияның алуан түрлерін дамыту жаһандық әлемде зор мәнге ие. «Дипломатия Жаршысы» журналының 2013 жылғы №4 санында жарыққа шыққан «Қазақстан бастамалары ЮНЕСКО стратегиясына сәйкес келеді» деген мақалада жастар үшін өзіндік құндылықтар жүйесін жасау, білім беру, әрі сапалы және жаппай білім беру сынды басымдылықтар тілге тиек етілген.

Мақалада ғылымды, білім мен мәдениетті, жаһандық ауқымдағы ынтымақтастықты дамыту, су ресурстарын немесе биологиялық саналуандылықты басқару, дамушы елдерде байсалды саясатты қалыптастыру сияқты мәселелер көтерілген. Сондай-ақ білім берудің ашық көздеріне байланысты жаңа үрдістерді ортақ білім беру жүйесін енгізу – бүгінгі таңдағы ең басты мәселе екені, егер елдер ортақ білімнің осындай жаһандық желісіне ену мүмкіндігіне ие болса, онда олардың алға қарай жедел дамидыны туралы нақты мәліметтер келтірілген.

Біз бағдарламамыздың қолданылуына білім беру, мәдениет, ауқымды гендерлік теңдік саласындағы мақсаттарға жетуге мүмкіндік туғызу тұрғысынан санаймыз. Мысалы, бұл мәселеде артта қалған елдерде қыздарды оқыту немесе әйелдерді ғылымда алға бастыру тұрғысынан. Тағы бір айта кетерлік жайт бұл, әрине, жастар мәселесі. Бұл басымдық ресми түрде мұндай деңгейде болмаса да, бұл туралы соңғы кезде көп айтылып жүр. Әлемде 30 жасқа толмаған жастардың саны 50 пайыздан асады және оның саны одан да ұлғая түсуі мүмкін. Көптеген елдерде жұмыссыздық, зорлық-зомбылық, тағы да сол білім беру, әлеуметтік ұтқырлық мәселелері өткір болып тұр. Сондықтан жастардың мәселелеріне, оларды

оқыту мен тәрбиелеуге көбірек көңіл бөліну керек [4].

Білім беру адам дамуының тұжырымдамасының мазмұны мен мәнін анықтайтын жүйе құрушы элементтердің бірі, мемлекет, қоғам және жеке тұлға үшін маңызды приоритет болды. Білім берудің әлеуметтік рөлін қабылдаудың түп тамыры білім беру қызметіне сапалы жаңа көзқарас танытатын адам капиталының теориясын дамыту тарихына кетеді. Білім беру қызметінің мұндай анықтамасы әр адамның білімге деген құқығын жариялайтын және білім берудің мақсаты – адам тұлғасының толық дамуы мен адам құқығына, оның негізгі еркіндігіне құрметті нығайтуға баса көңіл аударатын 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған, адам құқығы жөніндегі жалпылама Декларациясының 26 бабының мазмұнын дамытады және толықтырады. Дәл осындай көзқарас «Баршаға білім беру» (БББ) ғаламдық қозғалысының маңызын айтатын баршаға білім беру туралы Джомтьендік Декларация (1990) мен Дакарлық Әрекеттер Шектері (2000) сияқты әлемдік ұйыммен қабылданған. Баршаға Білім Берудің барлық алты мақсаты мен он екі стратегиясы адам дамуының басты қағидаларының мазмұнымен сәйкес келеді.

Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының тапсырысы бойынша, «Стратегиялық көру» сараптамалық клубы мен «Қазақстандағы Баршаға білім беру» Ассоциациясы даярлаған «Адам Дамуы туралы ұлттық есепте» білім деңгейі, білім беру сапасы мен сауаттылық, білім беру сапасын қамтамасыз етудің негізгі параметрлерінің талдауы, білім үшін білім беру сияқты көкейкесті мәселелер талқыланды. Ондағы келтірілген нақты мысалдар мен деректерге жүгінсек:

Мектепке дейінгі білім беру: Балалардың мектепке дейінгі оқуы мен тәрбиесі мектепке дейінгі білім беру мекемелері мен жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сыныптарында, сонымен қатар, балалар үйі мен аналарының қарауынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың және мектептен тыс мекемелердің мектепке дейінгі топтарымен қамтамасыз етіледі. ЭЫДҰ, БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) және басқа да халықаралық ұйымдармен қабылданған жалпы әлемдік нормаларға сәйкес мектепке дейінгі оқу мен тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі – міндетті мектепалды даярлық білім беру.

Жалпы орта білім беру: Жалпы орта білім беру мектебі балаларды жалпылай біліммен

қамту мен оған қол жеткізуін қамтамасыз етудің іргетасы. Орта білім берудің сапасы мен қол жетімділігіне мемлекеттің барлық балаларға, олардың жынысына, әлеуметтік ахуалына, этникалық шығу тегіне, тұрғын орнына және денсаулық жағдайына қарамастан тең бастау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету қабілеті байланысты болады.

Кәсіби білім беру: Кәсіби білім беру білікті кадрларды даярлауда жетекші рөл атқарады. Оқу орындарының нарықтық қатынастарын дамыту, кәсіби мамандарды даярлаудың көпдеңгейлі жүйесіне көшу – мұның барлығы олардың даярлау жүйесін айтарлықтай жаңартты.

Жоғары кәсіби білім беру: Қазіргі заман қоғамы жоғары сапалы кәсіби білімге қол жеткізудің негізінде жаңа деңгейге көтерілуді талап етеді. Шетелдік зерттеулер постиндустриалды қоғам үшін ересектердің кем дегенде 30 пайызы жоғары білімді болуы керектігін көрсетеді. Қазақстанның жоғары кәсіби білім берудің бүгінгі жүйесі қарқынды дамуына қарамастан, мұндай көлемдегі білім беру қажеттілігін қанағаттандыруға әлі қабілетті емес [5].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас комитеті 1993 жылдың 3 мамыр күнін – Дүниежүзілік баспасөз бостандығы күні деп жариялаған еді. Осыған байланысты «Заман-Қазақстан» газетінде жарияланған мақалада адамға ең қажетті саналатын білім, сөз бостандығы және әрбір қоғамдағы адам құқығына құрмет, тағы басқа шешілуі кезек күттірмейтін тақырыптар талданады: «Бостандықтың дамуында демократиялық принциптердің, осыған байланысты бейбітшіліктің сақталуында дүниежүзілік баспасөз орталығының рөлі үлкен. Бұқаралық ақпарат құралдарын дүниежүзілік деңгейдегі білім, пікір айналымының моторы дер едім.

Білімді адам қастандыққа, қатыгездікке қарсы қорғануды біледі. Өз құқығын да қорғайды. Адам құқығы әлем декларациясының 50 жылдығына орай өткен жиындар халықтікі екенін адамзат тағы да мойындады. Әрбір қоғамда адам құқығына құрмет заңды түрде қарастырылған» [6].

Біріккен Ұлттар Ұйымындағы білім беру мәселесінің қазақстандық БАҚ-та жариялануы мұнымен шектелмейді. Ұлттық білім беру, тілді дамыту шараларына негізделген «Егемен Қазақстан» газетінің 2015 жылғы 3 қазандағы «Біліктілік пен білімділікті ұштастырғанда ұтамыз», «Бүкіл әлем тыңдаған тіл» мақалалары, «Айқын» газетінің 2015 жылғы 1 қазандағы санында жарық көрген «Әлемдік мінберде – қазақ тілі» т.б. мақалалары БҰҰ-дағы білім беру саласының қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында кең жарияланып жатқанын көрсетеді.

Қорыта келе, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі ретінде адам және бала құқығын қорғау, білім беру саласындағы барлық негізгі әлемдік құжаттарға – Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдениеттік құқығының Халықаралық Декларациясы, жоғары білім аумағында Болондық және Лиссабондық Келісімдер, БҰҰ-ның Мыңжылдық Даму Мақсаттары және басқа да сол қатарлы құжаттарға қатысушы мемлекет ретінде өзіндік беделге ие. Елде білім саласындағы жаңарту мен реформалар аталған құжаттардың негізгі ережелерін ескеру арқылы және білім берудің ұлттық үлгісін жүзеге асырудың өзіндік позитивті тәжірибесі негізінде жүргізіледі. Білім беру саласында отандық тәжірибе мен дәстүрлерді ескере отырып, халықаралық стандарттарға сәйкес білім беруде кең көлемді реформа жүргізу үшін де барлық шаралар жасалуда.

Әдебиеттер

- 1 Абдрахманов С. Біріккен Ұлттар Ұйымы //Егемен Қазақстан. 24 қыркүйек.
- 2 Арыстанбекова А. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау туралы мәселе. // Дипломатия Жаршысы. 1998. – № 3.
- 3 Свитен Тулл. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз: Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымы // Дипломатия Жаршысы. 2011. – №5.
- 4 Бокова И. Қазақстан бастамалары ЮНЕСКО стратегиясына сәйкес келеді // Дипломатия Жаршысы. 2013. – №4.
- 5 Баршаға білім беру: жаңа мыңжылдықтың негізгі мақсаты. Адам дамуы туралы есеп // Қазақстан 2004. – 32-57 б.
- 6 Аннан К. Білім мен парасаттылық тура пропорционалды // Заман-Қазақстан. 998. 15 мамыр.

References

- 1 Abdrahmanov S. Birikken Ұлттар Ұжымы //Егемен Қазақстан. 24 қыркүйек.
- 2 Arystanbekova A. Birikken Ұлттар Ұжымын reformalau туралы мәселе. // Diplomatiya Zharshysy. 1998. – № 3.
- 3 Sviten Tull. Bolashaktyң irgesin birge kalajmyz: Qazakstan men Birikken Ұлттар Ұжымы // Diplomatiya Zharshysy. 2011. – №5.
- 4 Bokova I. Qazakstan bastamalary JuNESKO strategijasyna sajkas keledi // Diplomatiya Zharshysy. 2013. – №4.
- 5 Barshara bilim beru: zhaңa Muңzhylduqtyң negizgi maqsaty. Adam damuy turaly esep // Qazakstan 2004. – 32-57 b.
- 6 Annan K. Bilim men parasattylyk tura propocionaldy // Zaman-Qazakstan. 998. 15 мамыр.

Султанбаева Г.С.,
Велитченко С.Н.

**Общество знаний
как составляющая
концепции нового
казахстанского патриотизма**

Sultanbaeva G.S.,
Velitchenko S.N.

**Society of knowledge as making
conceptions of new Kazakhstan
patriotism**

Сұлтанбаева Г.С.,
Велитченко С.Н.

**Білім қоғамы жаңа
қазақстандық патриотизмнің
құрамдас концепциясы
ретінде**

Сегодня одним из стратегических трендов развития Казахстана является новый казахстанский патриотизм. Президент РК Н. Назарбаев направил идею мобилизации «Мәңгілік Ел» своему народу как главное идеологическо-инновационное направление. В статье рассматриваются особенности формирования казахстанского патриотизма в информационном обществе, предложены основные методики формирования нового идеологического концепта.

Ключевые слова: казахстанский патриотизм, «Мәңгілік Ел», общество знаний, информационное общество.

Today, one of the strategic trends of development of Kazakhstan is the new Kazakhstanian patriotism. Kazakh President Nursultan Nazarbayev has sent the idea to mobilize «Mangilik El» to their people as the main ideological and innovative direction. The article discusses the features of the formation of the Kazakhstan patriotism in the information society, the basic methodology proposed formation of a new ideological concept.

Key words: Kazakhstan patriotism, knowledge society, the information society.

Бүгінде жаңа қазақстандық патриотизм Қазақстан дамуы стратегиялық трендтерінің бірі. ҚР Президенті Н. Назарбаев «Мәңгілік ел» идеясын басты идеологиялық-инновациялық бағыт ретінде халқына жолдады. Мақалада ақпараттық қоғамдағы жаңа қазақстандық патриотизм қалыптасуының ерекшеліктері қарастырылып, жаңа идеологиялық концептінің қалыптасу әдістері ұсынылды.

Түйін сөздер: қазақстандық патриотизм, «Мәңгілік Ел», білім қоғамы, ақпараттық қоғам.

**ОБЩЕСТВО ЗНАНИЙ
КАК СОСТАВЛЯЮЩАЯ
КОНЦЕПЦИИ
НОВОГО
КАЗАХСТАНСКОГО
ПАТРИОТИЗМА**

Введение

По мнению западных и российских исследователей, общество знаний – это динамично развивающееся общество, качественное своеобразие которого определяется действием совокупности следующих факторов:

1. Широкое осознание роли знания как условия успеха в любой сфере деятельности.

2. Наличие (у социальных субъектов разного уровня) постоянной потребности в новых знаниях, необходимых для решения новых задач, создания новых видов продукции и услуг.

3. Эффективное функционирование систем производства знаний и передачи знаний.

4. Взаимное стимулирование предложения знаний и спроса на знания (предложение стремится удовлетворять имеющийся спрос на знания и формировать спрос).

5. Эффективное взаимодействие в рамках организаций и общества в целом систем/подсистем, производящих знание, с системами/подсистемами, производящими материальный продукт.

Следует отметить, что выражения «общество знаний» и «общество знания» вошли в моду относительно недавно и все чаще используются социологами, экономистами, теоретиками менеджмента для осмысления процессов, происходящих в хозяйственной и политической жизни, в информационной сфере, в структурах образования и науки, в отношениях внутри организаций и между организациями. Ориентация на национальные ценности, социально-политические изменения в стране поставила на повестку дня вопросы формирования, развития, становления, воспитания патриота, гражданина, специалиста. Сегодня одним из стратегических трендов развития Казахстана является новый казахстанский патриотизм.

Основная часть

В опубликованном ЮНЕСКО докладе «К обществам знания» утверждается: «Сегодня общепризнано, что знание превратилось в предмет колоссальных экономических, полити-

ческих и культурных интересов настолько, что может служить для определения качественного состояния общества, контуры которого лишь начинают перед нами вырисовываться». Общество знаний приобретает черты нового социального идеала, определяющего направленность стратегий и программ региональных, национальных и международных структур. Потребность в образовании, переподготовке, в дополнительном образовании, в «образовании на протяжении всей жизни» – одна из основных потребностей человека в обществе знания.

Идею общества знаний часто связывают с именем П. Друкера, известного теоретика менеджмента (Drucker P.F. Post-capitalist society. Oxford, 1993: Butterworth-Heinemann, 1993). В 60-х годах XX века подобные идеи высказывали Ф. Махлуп, Д. Белл, Р. Лэйн и другие авторы. Однако предметом широкого общественного интереса идея общества знаний как общества будущего становится лишь в 1990-х годах.

С конца 60-х годов XX века и до наших дней предложено множество толкований того, что такое информационное общество. При всём разнообразии акцентов, степени внимания, уделяемого тем или иным технологическим, экономическим или социальным процессам, информационное общество рассматривается в рамках основных концепций как обладающее по крайней мере следующими характеристиками. Прежде всего, это высокий уровень развития компьютерной техники, информационных и телекоммуникационных технологий, наличие мощной информационной инфраструктуры. Отсюда – такая важная черта информационного общества, как увеличение возможностей доступа к информации для всё более широкого круга людей. Наконец, практически все концепции и программы развития информационного общества исходят из того, что информация и знания становятся в информационную эпоху стратегическим ресурсом общества, сопоставимым по значению с ресурсами природными, людскими и финансовыми [1].

Вместе с тем, как отметил в своем Послании «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» Нурсултан Назарбаев, «Казахстану необходима интеллектуальная революция, которая позволит пробудить и реализовать потенциал нашей нации. Наша задача – изменить отношение казахстанцев и, в первую очередь молодежи, к образованности, к интеллекту, служению Родине и народу» [2]. В решении этой стратегической задачи важнейшее

место принадлежит ведущему вузу республики – Казахскому национальному университету имени аль-Фараби, который должен не только стать локомотивом развития системы высшего образования страны в соответствии с современными международными требованиями, но и внести весомый вклад в развитие общества – науки, культуры, социальной сферы, инновационной экономики.

В трудах иностранных ученых М.Л. Кинга, К. Клакхона, О. Шпленгера, К. Йошинона практической основой считаются исследования о национальной идее и государственных ценностях в США, Германии, Британии, Японии. Исследования российских ученых Л.Н. Гумилева, В.В. Ильина, А.С. Панарина, В.Э. Багдасаряна, С.С. Сулакшина, В.И. Якунина, Ю.И. Рубинского, М.И. Лапицкого, А.А. Галкина, В.Г. Гельбраса о национальных, государственных, патриотических ценностях и национальных интересах являются теоретическо-методологическими основами научного осмысления формирования нового казахстанского патриотизма. Посвящение народу И. Черчилля «Their finest hour», «Зеленая книга» государственного деятеля Ливии М.Каддафи о третьей всемирной теории, «Рухнаме» Туркменбаши С. Ниязова являются доказательством того, что государственная власть управляет ценностями, чтобы войти в число развитых стран. Таким образом, в процессе развития государства национальная идея выполняет важную функцию концентратора ценностей.

В Казахстане, который находится на пути инновационного развития и который поставил перед собой стратегическую цель вхождения в ряды 30 развитых стран мира, национальная идея «Мәңгілік Ел» станет важнейшим идеологическим направлением. Национальная идея «Мәңгілік Ел» является результатом исторического развития общества, развития национального сознания. Президент РК Н. Назарбаев направил идею мобилизации «Мәңгілік Ел» своему народу как главное идеологическо-инновационное направление [3].

Западные ученые в области коммуникативистики, такие, как Р. Хабермас, отмечают, что коммуникационное действие всегда порождает в то же время коммуникационный процесс. Идеология не существует вне коммуникационного процесса, который сам существует, с одной стороны, внутри идеологической претензии на значение, с другой стороны, внутри процесса осуществления власти (коммуникационной сре-

ды власти), то есть всегда является в той или иной мере дискурсивно-правовым управлением самой коммуникацией со стороны власти. Поэтому идеология как коммуникационное действие может быть основой совершенно различных коммуникационных процессов либо коммуникационного процесса манипуляции, либо коммуникационного процесса конвенции внутри одного и того же правового дискурса (собственно поэтому, предложенного Хабермасом различения на «коммуникационное действие и дискурс» недостаточно для понимания коммуникационного процесса в целом). В какой коммуникационный процесс встраивается то или иное коммуникационное действие, зависит от коммуникационных стратегий, которые осуществляют и поддерживают участники коммуникации

Медиаресурсы государства, транслируя информационные потоки по заданным направлениям, играют значительную роль в трансформации духовной жизни людей, формируют ценностные приоритеты населения и регулируют их функционирование. Организованное государством медиапространство усиливает властные ресурсы политической системы, позволяет превратить противников в союзников, убедить людей в значимости пропагандируемых ценностей. В условиях реформирования казахстанского общества особую значимость приобретает исследование особенностей влияния средств массовой информации на сохранение традиционных и формирование новых духовных ценностей в информационно-коммуникативном пространстве Казахстана.

Определяющими категориями развития экономики, социальной и общественной жизни в сегодняшнем мире становятся знания и информация. Пример развитых стран показывает, что доминирующей тенденцией их развития является ориентация на знание как системообразующую основу рыночной экономики, что обуславливает бурное развитие тех отраслей промышленности и бизнеса, в которые осуществляется трансфер новых наукоемких технологий на основе инновационных подходов. Но знания сами по себе не трансформируют экономику. Для решения этой задачи необходим целый комплекс структур и мероприятий, не только позволяющих осуществить производство знаний и соответствующую подготовку кадров, но и инновационную деятельность, в широком смысле понимаемую как реализацию на рынке товаров и услуг научно-образовательного потенциала.

Важное значение играет стимулирующая эти процессы нормативно-правовая база и соответствующая макроэкономическая ситуация, доступ к источникам знаний на основе прогрессивных информационных технологий и ряд других факторов, способствующих внедрению инноваций. При этом существенно возрастает роль университетов как институтов общества, производящих знание и обеспечивающих опережающую подготовку научно-образовательной, технологической, управленческой и культурной элиты, а также в концептуальном плане готовых к развертыванию структур инновационного типа и информационных систем.

Среди основных составляющих технологий формирования нового казахстанского патриотизма определены следующие: разработка и внедрение новых форм патриотического воспитания молодежи; продвижение в СМИ информационных и **PR-стратегий, формирующих идеологический концепт современного Казахстана; развитие и пропаганда традиционных ценностей и традиций казахского народа как доминанты идеологической стратегии «Мәңгілік Ел».** Как отмечает профессор Г. Султанбаева, «в условиях Казахстана повышение качества человеческого капитала определяет необходимость сделать шаг в сторону предпосылок интеллектуального вложения в будущее. В связи с этим можно отметить национальную комплексную программу «Интеллектуальная нация-2020» – исторический документ, в котором отмечается необходимость интеллектуальной революции в пробуждении национального потенциала и его развитии, считается фундаментальной основой формирования интеллектуальной нации. Повышение культурно-политических знаний, интеллектуального сознания казахстанцев, любви к родному краю являются основой формирования интеллектуальной нации» [4].

Коммуникация, информация и знания – движущие силы прогресса, содействующие повышению уровня и качества жизни. ИКТ (информационно-коммуникационные технологии), будь то традиционные или современные их формы, предоставляют людям во всем мире новые и надежные возможности развития. Кроме того, многие страны, прежде всего наименее развитые, не имеют полноценного доступа к информации и к информационным обменам, что лишает их шансов на перспективы долгосрочного и устойчивого развития. Коммуникация имеет двойную задачу – способствовать развитию экономики и менталитета. Ее реализация

связана с мультикультурными факторами и открытостью, стратегией устойчивого развития, созданием атмосферы доверия в обществе. Для Казахстана развитие информационно-коммуникационных технологий в целом и спутниковых технологий в частности становится одним из ключевых факторов в решении вопросов конкурентоспособности. Как известно, одним из основных направлений в реализации программы форсированного индустриально-инновационного развития РК до 2014 года является развитие коммуникационных технологий, а также подготовка высококлассных специалистов в этой области.

В становлении Казахстана как конкурентоспособного государства, нации, страны повышение качества человеческого капитала и развитие патриотизма берут свое начало с активизации и мобилизации национального интеллекта. Как известно, интеллектуальная нация определена главным приоритетом индустриально-инновационного развития страны, поэтому необходима разработка информационной политики, прогнозирующей реализацию потенциала страны в новом направлении.

Для Казахстана, как и для других развивающихся стран, стратегической сверхзадачей является проведение общей модернизации, в рамках которой будут не просто созданы институты и механизмы современного общества, а создано само современное общество. Ныне в мире складывается новое разделение труда – в сфере интеллектуального труда, в сфере научного и культурного производства и обслуживания – рождается экономика знания, формируется информационное общество. Казахстан во взаимодействии со своими партнерами может и должен предпринять все усилия, чтобы войти в общество будущего.

Новый казахстанский патриотизм выступает интегративной основой общественного сознания

полиэтнического народа Казахстана. Новая общественная идеология и новое казахстанское общественное сознание должны сформировать у каждого гражданина Казахстана убеждение, что главной формой богатства страны становится опережающий уровень интеллектуального и духовного развития населения, принимающий форму человеческого капитала и обеспечивающий инновационный процесс в каждой сфере человеческой деятельности.

Выводы

Комплексный междисциплинарный научный подход к изучению роли и места Казахстана в мировой системе, анализ имеющихся здесь вызовов и угроз, учет политической и культурной специфики соседних регионов и стран, проведения реформ, этнического менталитета, а также ретроспективное освещение историко-культурных взаимовлияний цивилизации Запада и Востока являются чрезвычайно актуальными.

В данный исторический период приоритетным направлением государственной политики считается информационная стратегия. Это требует дальнейшей реализации социально-политических и экономических реформ, проводимых властью, а также профессионального и грамотного, системного и эффективного проведения информационной коммуникационной политики. В связи с этим возникает необходимость в разработке коммуникационной стратегии, основанной на духовно-нравственных нормах, ориентированных на формирование общественного сознания гражданина интеллектуального общества. Разработка механизмов реализации коммуникационной стратегии в рамках государственной информационной политики Казахстана является залогом дальнейшей модернизации политических и гуманитарных коммуникационных процессов.

Литература

- 1 Алексеева И. Общество знаний и гуманитарные технологии // <http://gtmarket.ru/laboratory/expertize/5986>
- 2 Назарбаев Н.А. Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана // akorda.kz
- 3 www.akorda.kz
- 4 Султанбаева Г. От интеллектуальной нации – к интеллектуальному потенциалу. – Алматы, 2013. – С. 9.

References

- 1 Alekseeva I. Obshchestvo znaniy i gumanitarnye tekhnologii // <http://gtmarket.ru/laboratory/expertize/5986>
- 2 Nazarbaev N.A. Social'no-ehkonomicheskaya modernizaciya – glavnyj vektor razvitiya Kazahstana// www.akorda.kz
- 3 www.akorda.kz
- 4 Sultanbaeva G. Ot intellektual'noj natsii – k intellektual'nomu potencialu. – Almaty, 2013. – S. 9.

Барлыбаева С., Лейман Е.
**Глобализация и конвергенция
медиаразвития**

В статье показаны тенденции глобализации и конвергенции, которые влияют на медиаразвитие. Конвергенция – это слияние компьютерной, вещательной и телекоммуникационной технологий. Это сближение и взаимодействие изменяет коммуникационную систему и средства массовой коммуникации. Подобная интеграция приводит к тому, что информационная индустрия расширяется, стирая жесткие границы между секторами традиционных СМИ и создавая новые медиасистемы. Эти тенденции стали определять современное медиаразвитие в мире и в Казахстане.

Ключевые слова: конвергенция, информационно-коммуникационные технологии, новые медиа, интеграция, Интернет, медийный рынок, социальные сети.

Barlybayeva S.Kh., Leiman E.
**Globalization and convergence
of media development**

In this article is about tendencies globalization and convergence, confluence computer, broadcasting and telecommunication technologies. This rapprochement is change communication system and mass media. This integration is going to expansion information industry and create new media systems. This tendencies became define of modern media development in world and in Kazakhstan.

Key words: Convergence, information-communication technologies, new media, integration, Internet, media market, social network.

Барлыбаева С.Х., Лейман Е.
**Медиадамудың жаһандануы
мен конвергенциясы**

Мақалада Қазақстандағы ақпараттық индустрияның дамуы, елдегі бұқаралық коммуникациялардың жаңа тенденциялары туралы жазылған. Бұл тұтастық пен ықпалдастық коммуникациялық жүйе мен бұқаралық коммуникация құралдарын өзгертеді. Нақты интеграциялану арқылы ақпараттық индустрия кеңістігі кеңейе түсіп, дәстүрлі БАҚ секторлары ығыстырылып шығарылады да жаңа медиалық жүйелер құрылады.

Түйін сөздер: ақпараттық индустрия, ғаламдастыру, бұқаралық коммуникация, интеграция және ақпараттық Қазақстан.

ГЛОБАЛИЗАЦИЯ И КОНВЕРГЕНЦИЯ МЕДИАРАЗВИТИЯ

Развитие современного общества происходит под влиянием новых информационно-коммуникационных технологий и новых медиа. Интернет, кабельно-спутниковое телевидение, мобильная телефония, цифровое вещание являются одними из главных компонентов процесса глобализации. Они глобальны по своей сути. Глобальными являются и последствия эволюции новых медиа, их внедрение и развитие уже сегодня изменяет формы потребления информации. В настоящее время все страны мира охвачены процессом глобализации. Есть много определений понятию «глобализация», среди них:

Глобализация – процесс лавинообразного формирования единого общемирового финансово-информационного пространства на базе новых, преимущественно компьютерных технологий.

Глобализация – это слияние национальных экономик в единую общемировую систему. Она основывается на возникшей в последнее десятилетие XX в. легкости перемещения капитала, на новой информационной открытости мира, технологической революции, приверженности развитых индустриальных стран либерализации движения товаров и капитала.

Как отмечает профессор Е.Л. Вартанова, глобализация – многомерный процесс, происходящий одновременно на нескольких уровнях. Это глобализация и рынка, и производства, и финансов, и коммуникаций, опирающаяся на глобальную инфраструктуру. Она обеспечивает беспрепятственное круглосуточное движение не только финансовых потоков, но и потоков информации, включая глобальную рекламу. Пространство глобальной коммуникации, формируемое сетями современных информационно-коммуникационных технологий – спутниками, Интернетом, мобильной телефонии – пролегает поверх границ и национального законодательства, и потому, утратив абсолютный контроль над потоками медиаконтента, государство ослабляет его и над идеологическим, и над культурным суверенитетом. Здесь есть позитивные и негативные моменты [1].

По мнению профессора Г.А. Югая, в эпоху информационного общества глобализация – категория не столько экономической интеграции, сколько формирования единого информационно-интеллектуального пространства на базе новых, преимущественно

но компьютерных, технологий [2]. Глобальность – это взаимозависимое многообразие без единства. Понятие «глобализации», по У. Беку, определяется как процессы, которые вплетают национальные государства в деятельность транснациональных акторов и подчиняют их властным возможностям, ориентации и идентичности последних [3].

Исследователь Ф. Уэбстер в книге «Теории информационного общества» приводит свою трактовку глобализации, определяя ее как процесс, означающий рост взаимозависимости и взаимопроникновения человеческих отношений наряду с ростом интеграции социоэкономической жизни. Энтони Гидденс отмечает, что глобализация увеличивает взаимосвязь между людьми, регионами и странами в мире, одновременно сокращая расстояния [4]. Другой исследователь Терхи Рантанен – «глобализация означает одновременно присутствие и отсутствие, переплетение социального, имеющего глобальный масштаб, с личным» [5].

Глобальное распространение медиапродуктов невозможно без глобальных сетей, построенных на использовании современных информационно-коммуникационных технологий (ИКТ), без которых процесс глобализации не может существовать и развиваться.

Во всех этих подходах есть нечто общее и важное, а именно подчеркивание достаточно высокого уровня технологического и информационного развития общества и возможность перемещения информации, капиталов и товаров беспрепятственно относительно национально-государственных границ.

В качестве ключевых факторов глобализации выделяются информационный, экономический и технологический. Человеческий фактор является носителем и субъектом преобразования всех этих процессов. Информационно-коммуникационные технологии часто выступают синонимом глобальности. Сам термин «глобальное» выступает одновременно в смысле доступного практически всему миру. Коммуникационные модели медиасистемы в Казахстане и за рубежом становятся похожими и процесс глобализации играет в этом важную роль.

Новая эпоха создает и новую глобальную медиасферу. Под глобализацией средств массовой информации и ИКТ понимают:

- глобализацию рынков, т.е. возникновение универсального спроса на медиапродукты и новые технологии со стороны потребителей различных стран;

- глобализацию организации производства, когда в различных странах используются одни и те же модели организации медиабизнеса, включая методы производства, применение технологий;

- глобализацию модели финансирования [6].

На движение информационных потоков уже не оказывают существенного влияния государственные границы. Сейчас границы государства определяются не пограничными столбами, а тем информационным пространством, которое развивает и распространяет данное государство. Изменилась скорость доставки информации, идет процесс формирования новых трудовых ресурсов за счет увеличения количества занятых в информационной индустрии.

Массовая информация, коммуникация приобретают глобальный характер, ее развитие, совершенствование становятся важным фактором развития общества благодаря новым информационно-коммуникационным технологиям. Потенциал ИКТ уже входит в число государственных приоритетов. В стране растет производство информационных продуктов и услуг. В XXI веке бизнес информационных технологий стал одним из наиболее процветающих. Ежегодно отрасль информационных технологий в Казахстане растет на 13-18%. Изменения в жизни казахстанского общества, вызываемые распространением ИКТ, носят экономический, социально-политический и культурный характер.

Социокультурный характер воздействия коммуникационной инфраструктуры на общество проявляется в увеличении возможностей общения и сотрудничества, использовании различной информации и знания для решения вопросов, проблем. Разные виды телевидения, видеоинформация, компьютерные игры, компакт-диски, ноутбуки, банкоматы, мобильные телефоны, цифровые фотоаппараты, кинокамеры, пластиковые карточки, факсы, телексы, электронные устройства защиты и безопасности, дистанционные пульты, видеонаблюдение, различная мультимедийная продукция – это все наша сегодняшняя жизнь. «Включенность» в мир ИКТ стала реальным фактором социальной мобильности, социальной обеспеченности и защищенности.

Наблюдается слияние компьютерной, вещательной и телекоммуникационной технологий. Это сближение и взаимодействие изменяет коммуникационную систему. Подобная интег-

рация приводит к тому, что информационная индустрия расширяется, стирая жесткие границы между секторами традиционных СМИ и создавая новые медиасистемы. Происходит тенденция «конвергенции» – объединения, слияния в единое целое и коммуникационных технологий, рынков, и самих средств информации, бытовой и профессиональной техники.

В настоящее время цифровая, мультимедийная интерактивная коммуникационная технология расширяет свои границы между странами, становится более доступной в разных регионах мира. Сектор СМК становится взаимодополняемым. «Интеграция всех видов коммуникации на основе оптоволоконного кабеля в телекоммуникационную структуру служит своего рода «центральной нервной системой всего общества» [7].

Использование новых ИКТ усиливает процесс конвергенции и ведет к построению глобального информационного общества. Свободный рынок идей в эпоху глобальной информационной инфраструктуры все больше определяется коммерческими целями, которые и диктуют стремление к либерализации. Исследователь С.Л. Уразова выявляет ряд характеристик, обуславливающих преобразования медийного рынка, которые показывают причинную связь возникновения конвергентных процессов. Вот некоторые из них:

- 1) смена мономедийной среды на мультимедийную;
- 2) замена классификационного названия медиа – из СМИ они трансформируются в СМК;
- 3) возникает новая форма коммуникации – интерактивность;
- 4) процессы глобализации с учетом использования современных цифровых технологий изменяют параболу распространения информационного продукта [8].

В отличие от традиционных СМИ пользователи Интернета из пассивных реципиентов информации превращаются в ее активных преобразователей, создателей и распространителей. Содержание новых медиа создается бесчисленным количеством пользователей, которые производят, редактируют и сами потребляют этот контент. В качестве примеров новых медиа можно привести следующие:

- Интернет,
- электронные книги,

- Интернет-радио,
- цифровое телевидение (кабельное, спутниковое),
- видеоигры (компьютерные, мобильные),
- мобильная связь,
- киноиндустрия (фильмы, видеоблоги) и др.

Исследователь И. Балахнин к новым медиа относит: свободные площадки для публикации материалов, например, Википедия; разнообразные сервисы для stand-alone блогов, таких как WordPress или Blogger; площадки для того, чтобы делиться разнообразным контентом: YouTube – для видео, Flickr – для фотографий, Slideshare – для презентаций; платформы для организации дискуссий, локальные форумы; социальные сети: Facebook, LinkedIn, ВКонтакте, мой мир и др.; микроблоги – Twitter, Plurk и др.; агрегаторы социальной информации, например, FriendFeed; лайвкасты – сервисы, позволяющие смотреть и комментировать в прямом эфире трансляции различных событий или программ [9].

В настоящее время приблизительно 2,1 млрд. человек по всему миру подключены к Интернету. Еще 10 лет назад Facebook и Twitter просто не существовали, а сегодня их пользователями являются 1,5 млрд. человек по всему земному шару. В настоящее время бурно развиваются новые медиа и, в частности, социальные сети во всем мире, и Казахстан не исключение. В республике свыше 700.000 пользователей [10]. К 2015 году число Интернет-пользователей в Казахстане насчитывалось около 12 млн. человек (17,3 млн. жителей в республике).

Особенностью новых СМК стало изменение характера коммуникации. В них трудно различить массовую и личностную форму коммуникаций, массовые и немассовые средства информации. Электронные новые СМИ предлагают разное интерактивное взаимодействие пользователя и производителя, а также распространителя содержания. Они дают возможность осуществлять межличностное общение. Яркое тому доказательство – развитие Интернета, мобильной телефонии.

В XXI веке именно передовые информационно-коммуникационные технологии, обеспечивающие динамичное социально-экономическое и культурное развитие, стали определять лицо постиндустриальных государств.

Литература

- 1 Вартанова Е.Л. Глобализация СМИ и массмедиа России // Вестник МГУ. Серия-10. Журналистика, 2005. – №4. – С. 13.
- 2 Югай Г.А. Голография Вселенной и новая универсальная философия. Возрождение метафизики и революция в философии. Общая метафизика: учебное пособие с хрестоматией. – М.: Крафт+, 2007. – С. 356.
- 3 Бек У. Что такое глобализация? Ошибки глобализма – ответы на глобализацию. – М.: Прогресс-Традиция, 2001. – С. 23.
- 4 Гидденс Э. Социология. – М.: Эдиториал УРСС, 1999. – С. 665.
- 5 Рантанен Т. Национальное и глобальное. Масс медиа и коммуникации в посткоммунистической России. – М.: МГУ, 2004. – С. 10.
- 6 Кирия И.В. «Цифровой раскол» и глобализация СМИ и ИКТ // Вестник МГУ. Серия 10-Журналистика. – 2005. – №4. – С. 49.
- 7 Колесник С.Г. Основные тенденции развития телевидения в США (1995-1996) // Вестник МГУ. Серия 10. Журналистика. – 1998. – № 1. – С. 36.
- 8 Уразова С.Л. Конвергентная журналистика в цифровой медиа среде: методическое пособие. –М.: ИПК, 2010. – С. 11.
- 9 Балахнин И. Горизонтальный мир: экономика, инновация, новые медиа // <http://www.Arcbook.ru>, 2011.
- 10 Данные из семинара-тренинга Сони Смитт «Facebook и Twitter для журналистов», 9 июля 2013 г.

References

- 1 Vartanova E.L. Globalizacija SMI i massmedia Rossii // Vestnik MGU. Serija-10. Zhurnalistika, 2005. – №4. – S. 13.
- 2 Jugaj G.A. Golografija Vselennoj i novaja universal'naja filosofija. Vozrozhdenie metafiziki i revoljucija v filosofii. Obshchaja metafizika: Uchebnoe posobie s hrestomatiej. – М.: Kraft+, 2007. – S. 356.
- 3 Bek U. Chto takoe globalizacija? Oshibki globalizma – otvety na globalizaciju. – М.: Progress-Tradicija, 2001. – S. 23.
- 4 Giddens Je. Sociologija. – М.: Jeditorial URSS, 1999 – S. 665.
- 5 Rantanen T. Nacional'noe i global'noe. Mass media i kommunikacii v postkommunisticheskoi Rossii. – М.: MGU, 2004. – S. 10.
- 6 Kirija I.V. «Cifrovij raskol» i globalizacija SMI i IKT // Vestnik MGU. Serija 10-Zhurnalistika, 2005. – №4. – S. 49.
- 7 Kolesnik S.G. Osnovnye tendencii razvitija televidenija v SShA (1995-1996) // Vestnik MGU. Serija 10. Zhurnalistika, 1998. – № 1. – S. 36.
- 8 Urazova S.L. Konvergentnaja zhurnalistika v cifrovoj media srede: Metodicheskoe posobie. –М.: IPK, 2010. – S. 11.
- 9 Balahnin I. Gorizontal'nyj mir: jekonomika, innovacija, novye media // <http://www.Arcbook.ru>, 2011.
- 10 Dannye iz seminar-treninga Soni Smitt «Facebook i Twitter dlja zhurnalistov», 9 ijulja 2013 g.

Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойына жұқпас, сырғанар.
Ынтылы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар.

Абай Құнанбайұлы

Құрманбаева А.Ә.,
Сапарходжаева Н.П.

Баспасөз туралы

Мақалада мерзімді және мерзімсіз басылымдар туралы сөз болады. Баспасөз хатшысы. Баспасөз маслихаты. Баспасөз хабарламасы. Баспасөз орталығы. Баспасөз жанрлары және баспасөз бостандығы туралы қысқаша түсініктемелер берілген. Сонымен қатар баспасөздегі өндірістік процестер туралы да айтылады.

Түйін сөз: баспасөз, мерзімді, хатшы, маслихат, бостандық, өндіріс, процесс.

Kurmanbaeva A.A.,
Saparhodzhayeva N.P.

Of Press

Article on the timing and periodicals. Press Secretary. Press conference. Press release. In the press center. Comments on media genres and media freedom. And talk about the production process.

Key words: newspapers, periodicals, conference secretary, freedom of speech, of the production process.

Курманбаева А.А.,
Сапарходжаева Н.П.

О СМИ

Статья посвящена периодичности и срокам выхода изданий. Изучены особенности работы пресс-секретаря, пресс-центра, специфика организации пресс-конференции, подготовки пресс-релиза. Авторы дают оригинальные комментарии современным жанрам прессы, изучают производственные процессы, оценивают уровень свободы прессы.

Ключевые слова: пресса, периодическая печать, секретарь конференции, свобода слова, производственные процессы.

БАСПАСӨЗ ТУРАЛЫ

Баспасөз – мерзімді және мерзімсіз басылымдардың жиынтық атауы. Баспасөз – халық арасында әртүрлі ақпараттар тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастыруға, саяси жұмыстар жүргізуге, мемлекеттің, әлеуметтік топтардың не жекелеген тұлғалардың мүдделі мұраттарын танытуға қызмет етеді. Мерзімді баспасөзге тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде жарты жылда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшасы жатады. Олар шығармалық-өндірістік процестердің ұйымдастырылу ерекшеліктеріне, тақырыптық-мазмұндық бағыттарына, әкімшілік-аумақтық бөлініс деңгейлеріне, оқырмандар аудиториясының сипатына, т.б. белгілеріне орай бірнеше түрлерге жіктеледі. Мерзімді баспасөздің ең негізгі әрі көне түрлерінің бірі – газет. Қағаз өндірісінің дамып, полиграфиялық технологияның бастапқы тәсілдерінің жетілдірілуіне байланысты Батыс Еуропада (Германияда – 1609 жылы, Ұлыбританияда – 1622 жылы, Францияда – 1631 жылы) алғашқы газеттер шыға бастады. Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімді басылым – 1870 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Түркістан уәлаятының газеті». Бұл басылым қазақ даласында Ресей империясының отарлаушылық саясатын жүргізудің құралы ретінде дүниеге келгенімен, ұлттың Баспасөзін қалыптастырып, зиялы қауымның азаттық идеяларын бұқараға жеткізуде Баспасөздің маңызы зор екендігін түсінуіне ықпал етті. Мерзімді баспасөзге жататын журналдар, альманахтар мен бюллетендер шығу мерзімділігіне, көлемі мен безендірілуіне газеттен ерекшеленіп тұрады. Баспасөздің екінші түрі мерзімсіз басылымдарға кітаптар, кітапшалар, плакаттар, күнтізбелер, ноталар т.б. жатады. Оның ең негізгі әрі көне түрі – кітап. Кітап басу ісі VIII-IX ғасырларда Қытайда басталды. Алғаш рет ксилографиялық (ағаштан ойылған қалыппен басу) әдіспен буддистердің «Жақұт сутра» (868) деген қасиетті кітабы басылып шықты (Еуропаға бұл жаңалық 4 ғасырдан кейін келеді). Қазақ тіліндегі алғашқы кітап – «Сейфүл-мәлік» қиссасы 1807 жылы Қазан қаласында жарық көрген. Қазіргі кезде Қазақстанда 1200-ден астам газет-журналдар, апталықтар жарық көреді. Сондай-ақ, әр түрлі меншік нысанындағы 260-

тан астам баспадан мыңдаған таралыммен кітаптар, буклеттер мен плакаттар, т.б. шығады. Республикадағы Баспасөз жүйесінің қызметі ҚР-дың «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңымен (1999, 23 шілде) реттеледі.

Баспасөз хатшысы.

Президент, премьер-министр немесе белгілі бір мемлекеттік орынды иеленген басқа тұлға не басқа саяси қайраткердің бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысын жүзеге асыратын және оның сол немесе басқа мәселе бойынша көзқарасын жариялайтын өкілі.

Баспасөз мәслихаты.

Баспасөз мәслихаты – әдетте, ресми органдардың, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың, жеке қайраткерлердің белгілі бір мәселеге байланысты өздерінің көзқарасын, пікірлерін жария ету үшін ұйымдастыратын аудиториялық жиыны. Көтерілер мәселе бойынша тиісті орынның баспасөз хатшылығы журналистерге пресс-релиз (мәслихаттың тақырыптық мазмұндамасы) таратады. Баспасөз мәслихаты жиынды ұйымдастырушы жақтың қысқаша сөзімен ашылады. Одан кейін сұрақ-жауап түріне көшеді. Баспасөз мәслихаты пішімі жағынан сұхбат жанрына ұқсас болғанымен, мұндай жиыннан журналистер, көбінесе, қысқаша немесе кеңейтілген есеп жазады. Көтерілген мәселе туралы есепке журналист өзінің түсіндірмесі мен көзқарасын да қосып отырады. [1]

Баспасөз хабарламасы – Баспасөзде мүмкін болатын жариялау үшін дайындалған ақпарат.

Баспасөз орталығы – съезд, конференция, кеңесулер және т.б. өткізулер кезінде ұйымдастырылатын немесе әлдебір ұйым, мемлекеттік билік органдары жанында тұрақты қызмет ететін ақпарат қызметі.

Баспасөз жанрлары.

Баспасөз жанрлары – мерзімді баспасөзде жарияланатын публицистикалық шығармалардың сан алуан түрі. Жанрлық ерекшеліктер мәтіннің мазмұнына, жазылу пішіміне, деректерді іріктеп, сұрыптау немесе жинақтап, талдау ыңғайына, тілдік-стильдік әдісіне қарай айқындалады. Баспасөз жанрларын, негізінен, 3 топқа: ақпаратты (хабар, есеп, сұхбат, репортаж), талдамалы (мақала, рецензия, шолу, хат) және көркем-публицистикалық (суреттеме, очерк, публицистика, эссе, баллада) жанрларға бөлуге болады. Сондай-ақ, көркем-публицистикалық жанрлардың сатиралық түрлері (фельетон, памфлет, мысал, эпиграмма, пародия, шарж, т.б.) бар. Баспасөз Жанрлары

белгілі бір оқиғаларды, құбылыстарды нақты деректер мен мәліметтерге сүйене отырып баяндайды. Әр жанрдың өзіне тән ерекшеліктері мен сипаты әрі бәріне ортақ белгілері бар. Ақпаратты жанрлар күнделікті оқиғаларды жедел де шынайы түрде хабарлап, жаңалықтар мен өзгерістерді оқырман қауымға қаз-қалпында жеткізуге тырысады. Талдамалы жанрларға оқиғаларды салыстыра зерттеу, деректер мен мәліметтерді тарата талдап, солардың төңірегінде ой қорыту, бағалау тәсілі тән. Ал, көркем-публицистикалық жанрлар типтік деректерді талдау, суреттеу әдісімен жазылады; әр қилы әдеби тәсілдер (даралау, образ жасау, мінез-құлық қақтығысы, оқиға шиеленісі, т.б.) арқылы әлдебір деректі құбылыстың ішкі мән-мазмұны мен идеялық сипатын көркем-публицистикалық деңгейде ашып көрсетеді. Сатиралық жанрлар әлеуметтік тұрмыстағы келеңсіз құбылыстар мен кертартпа қылықтарды юморлық не сатиралық пішіммен әшкерелейді, кемшіліктерді жоюға шақырады. Баспасөз Жанрларының негізгі, басты міндеті – өмірдегі нақты оқиғалар мен құбылыстардың күнделікті тізбегін жазу арқылы белгілі бір кезеңнің тарихи шежіресін жасау. Ол үшін журналистің білімі терең, ой-өрісі кең, жазу қабілеті мол болуы, сонымен қатар Баспасөз Жанрларының қыр-сырын жетік меңгеруі шарт. Баспасөз Жанрларын тиянақты меңгеру – журналистің кәсіби шығармашылық шеберлігін жетілдірудің, баспасөз материалдарының сапалық деңгейін арттырудың кепілі.

Баспасөз бостандығы.

Баспасөз бостандығы – мемлекеттегі Конституция кепілдік беретін адам құқылары мен бостандықтарының бірі. Ол баршаға ортақ әлеуметтік еркіндіктің – пікір айтып, сөз сөйлеу бостандығының құрамдас бөлігі ретінде саналған. 1789 жылы Францияда қабылданған Адам және азамат құқыларының бостандығы декларациясында тұңғыш рет жарияланған Баспасөз бостандығы ұғымы баспасөз басылымдарын (газеттерді, журналдарды, т.б.) емін-еркін ашып, кез келген баспа өнімдерін қалауынша шығарып, таратудың, сондай-ақ, цензураға тыйым салудың мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі. Кейбір демократиялық мемлекеттердің арнаулы заңдарында асыра сілтеп, артық кететін өрескелдікке жол бермеу үшін Баспасөз бостандығына бірқатар шектеулер қойылады; бұл шектеулер сөз бостандығына қойылатын шектеулермен бірдей болады. ҚР Конституциясының 20-бабында

сөз бен шығарма еркіндігіне кепілдік берілетінін, цензураға тыйым салынатынын, әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға қақылы екендігін атап көрсеткен. Сонымен қатар, «республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық

астамшылықты, сондай-ақ, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді» делінген. Дүние жүзінде бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа түрлері (теледидар, радиобағдарлары, интернет, т.б.) көбейе түсуіне байланысты «Баспасөз бостандығы» деген ұғым ескіріп, соңғы кезде қабылданып жатқан заңдарда «бұқаралық ақпарат бостандығы» атауын қолдану дәстүрге айналды.

Әдебиеттер

- 1 Виноградов Г.А., Жуков И.А. Полиграфия өндірісі (өңдеп, толықтырып, қазақшалаған проф. Ә. Ыдырысов). – Алматы, 1991.
- 2 Елеуенов Ш.Р. Кітаптану негіздері. – Алматы: Санат, 1997.
- 3 Әбдиева Р.С. Қазіргі баспа ісі. – Алматы, 2014.

References

- 1 Vinogradov G.A., Zhukov I.A. Poligrafya ondirisi – Almati, 1991.
- 2 Eleykenov Sh.R. Kitaptanu negizderi. – Almati, 1997.
- 3 Abdiyeva R.S. Kazirgi, baspa isi. – Almati, 2014.

Жақсылықбаева Р.
**Баспасөздегі Президент
Н.Ә. Назарбаевтың
саяси имиджі**

Автор мақаласында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатындағы бүгінгі қоғам мен мемлекеттің дамуын, олардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы көрінісін айқындайды.

Түйін сөздер: президент, журналист, ақпарат, газет, айдар, ақпараттық қоғам, жаһандану, демократия, саясат, тәуелсіз мемлекет.

Zhaxylykbayeva R.
**The political image of President
N.A. Nazarbayev Print**

In the article author deals with issues of today lighting in the media policy of the President of Kazakhstan Nursultan Nasarbayerev for the development of the relationship of state and society.

Key words: president, journalist, information, economic analysis, newspaper, rubric, information society, globalization, democracy, policy, independent state.

Жаксылыкбаева Р.
**Политический имидж
Президента Н.А. Назарбаева
в печати**

В статье рассматриваются актуальные на сегодняшний день аспекты освещения в средствах массовой информации политики Президента Республики Казахстана Нурсултана Назарбаева. Изучаются проблемы развития взаимосвязи государства и общества.

Ключевые слова: президент, журналист, информация, газета, рубрика, информационное общество, глобализация, демократия, политика, независимое государство.

**БАСПАСӨЗДЕГІ
ПРЕЗИДЕНТ
Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
САЯСИ ИМИДЖІ**

Жаһандандыру – қоғамдық санаға берік бекінген құбылыс. Қазіргі кезде жаһандық кеңістікте мемлекет ұстанымына барған сайын көп көңіл аударылып келеді. Бәсекелестік күрес экономикалық, сондай-ақ, саяси құралдармен жүргізілуде. Осы күресте әлемдік аренада кімнің ұстанымдары анағұрлым тұрақты болса, сол жеңеді. Ал тұрақты ұстанымды қалыптастырудың маңызды аспабы елдің имиджі болып табылады. Имидж қалыптастыру – әрбір ел үшін көптеген факторларды ескеру арқылы жүретін ұзақ және күрделі процесс, олардың арасында: географиялық орын, экономикалық және саяси даму, мәдениет, менталитет және т.б. ерекшеліктері.

Жағымды имидж қалыптастыру әлемдегі саяси процестерді демократияландырумен, имидждік сипаттамаларды бұқара санасына енгізу саласында жаңа технологиялардың пайда болуына және кеңеюіне, сонымен қатар ақпарат көлемдерінің күрт артуына байланысты. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саяси имиджін жағымды деп атауға болады. Оның мемлекет Басшысы орнында көрнекті қызметін ел тұрғындарының абсолютті көпшілігі тұтастай қолдайды (бұл туралы майын тамызып айтады, атап айтқанда, соңғы президенттік сайлау нәтижелері – 95,55% дауыс) және халықаралық институттар деңгейінде де, мемлекет басшылары мен әлемдік саясат саласында көрнекті сарапшылар деңгейінде де бүкіл әлем мойындады.

Қазақстан Кеңестер одағы құлдырағаннан кейін және басқа елдер сияқты тәуелсіздігін алғаннан соң, өзінің алдына жеке мемлекеттілік құру, нарықтық экономикаға ауысу, демократиялық қоғам құру және ұлттық өзіндік санасын нығайту мақсатын қойды. Біздің еліміздің басшылығы алдында реформалар реттілігін таңдаудың, даму басымдықтарын таңдаудың қиын мәселесі тұрды. Президент Н.Ә. Назарбаев саяси өзгерістер алдында экономикалық даму міндетін қойып, экономиканы біртіндеп реформалау жолын таңдады. Тарихи өлшем бойынша қысқа уақыт аралығы ішінде Қазақстан саяси және экономикалық тәуелсіз мемлекетке айналды.

Президент Н.Ә. Назарбаев жаңа мемлекет құру туралы өзінің теориялық ойларын 1996 жылдың басында жариялаған «Ғасырлар тоғысында» және 1999 жылы жариялаған «Тарих

толқынында» атты еңбектерінде кеңінен баяндаған. Алғашқысында Н. Назарбаев КСРО-ның күйреу себептері мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жүріп өткен жолды пайымдай отырып: «Нағыз саясатшыға ең кемі үш қасиет керек: теориялық дайындық, экономикалық қызмет тәжірибесі, қабылданған шешімнің орындалуына жауапкершілік», – дейді [1].

Тәуелсіздік алған соң осы бағытты құқықтық тұрғыдан нығайту және сыртқы саясатта басқа мемлекеттердің көзін Қазақстанның президенттік билік жолына түскеніне жеткізу қажет болды. Бұл бағыттағы елеулі және сәтті қадам 1993 жылы 28 қаңтарда егеменді Қазақстанның алғашқы Конституциясын қабылдауы еді. Ал, 1995 жылы 30 тамызда Батыс үлгідегі демократиялық Конституцияны қабылдаған Қазақстан бұрынғы әкімшіл-әміршіл жүйеден жаңа санаға аяқ басуды көздегенін дәлелдеп берді.

Бүгінде Қазақстан Президенті – халыққа ғана бағындырылған мемлекеттік дара тұлға. Президент Н.Ә. Назарбаев еліміздің демократиялық бағытқа бет бұруын: «Қазақстан Республикасында демократия барған сайын өмір нормасына айналып келеді деп асқақ сезіммен айта аламыз. Бұл енді біржолата жасалған таңдау, біз үшін басқаша жол жоқ», – деп атап көрсетті [2]. Демек, демократия – қоғамның өмір сүру ережесі. Бұл халықтың рухани деңгейіне, тарихи дәстүріне, мәдениеті мен менталитетіне байланысты. Заңға бағынып, оны құрметтеп, мүлтіксіз басшылыққа алу дәстүрі қоғамда терең қалыптасуы керек.

1997 жылы Малайзияның 2020 перспективасы», Қытай мен Оңтүстік Кореяның стратегиялық жоспары, Рузвельттің 30-шы жылдардағы экономикалық жолы сынды дүниежүзінің тәжірибесіне сүйене отырып, елдік дамудың құжаты – «Қазақстан-2030» Стратегиясы өмірге келді. Терең ойластырылған осы стратегия біздің бүгінгі іс-қимылдың және болашақта асатын асулардың жол нұсқаушысы болып отыр. Президенттің «Қазақстан-2030» атты авторлық даму стратегиясын жасап шығуы, қоғамдағы танымалдығы, жақтастарының санын көбейту мен адамдарға әсер ету қабілетінің болуы Н. Назарбаевтың «ЛЛ» қатарына кіруіне мүмкіндік берді. Бұл Ж. Блондельдің лонг-лидерлер теориясына сәйкес.

Мемлекет басшысы ядролық қаруды жою жөніндегі пікірін табанды түрде қорғап, оның тәуелсіздік үшін аса маңызды екенін дәлелдеді.

Бұл шын мәнінде бүкіл дүниенің, Қазақстанның болашағын бейбіт еткен өте құнды шешім еді. Қазақстанның тәуелсіздіктен кейінгі бірінші тарихи шешімдерінің қатарында Семей ядролық полигонын жабу мәселесі тұрды. Бұл шешім әлемдік қауымдастықтан жоғары баға алды.

Президент жауапкершілігінің жүгі ауыр. Статистикалық мәліметке жүгінсек, бір жыл ішінде мемлекет және шетелдік 450-ден астам іс-шара жүзеге асырылған, соның ішінде 20 шетелдік сапар, он халықаралық форум, шетелдік мемлекеттер басшыларының Қазақстанға 15 сапары, ел бойынша 14 өңірлік сапар бар. Сонда орташа алғанда күніне 2 іс-шарадан келеді екен [3].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы» деген еңбекте: «... Әрбір лидердің өз шығар биігі, арманына айналған алар асуы болуы тиіс. Сол мақсатқа жету үшін бар беделінді, болашағынды бәске тігуге тура келмек. Жас тәуелсіз мемлекетті және оның жаңа астанасын орнату идеясы осылайша жүзеге асты», – деп атап өтті. Мемлекет басшысының саяси болмыс-бітімін Қасым-Жомарт Тоқаев былайша атап көрсетеді: «Нұрсұлтан Назарбаев – ерекше санаттағы мемлекеттік қайраткер. Қазіргі дәуірдің қабілетті де талантты басшылары арасында ол болашақты алыстан көретін сирек қабілетімен және мемлекет ісінің барынша басым және маңызды бағыттарына күш-жігерді шебер жұмылдыра білумен дараланады» [4].

Баспасөз өкілдерінің қоғамдағы өзгерістерге тигізер әсері орасан зор екендігі даусыз. Кез келген журналист баспасөз бетіндегі мақалалары арқылы қоғамдық сананың қалыптасуына өзіндік үлес қосады, белгілі бір мәселеге бұқараның назарын аударып, соның төңірегінде пікір туғызады, ұсыныс айтады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Ғаламдық жаһандану арқылы адамзаттың алдынан жаңа постидеологиялық кезең ашылды. Оның бізге не берері бүгінгі ұрпақтың білім мен білігіне байланысты. Менің пайымдауымша, күллі әлем үшін ашық та айқын ақпарат таратуға негізделген жаңа заманға бастайтын жаһандану БАҚ-тарға қойылатын талапты күшейте түсті. Сондықтан олар өздерінің әрбір сөзі үшін моральдық жауапкершілікті терең сезінуі керек», – дей келіп: «Сөз бостандығы шексіз емес. Ол – табындыратын ғана емес, талқандайтын да қуатты күш. Тәуелсіз БАҚ дегеніміз – аса қымбат құндылық. Сондықтан ол ешқашан

«ақпараттық соғыстардың» «сойылына» айналмауға тиіс. Журналист қандай мәселені қаузаса да, парасат шеңберінен шықпауы керек», – деп атап өтеді [5].

Журналистика қашанда хабар таратып, насихат жүргізудің баспасөз, радио, телевизия, кино сияқты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдық өмірдегі жаңалықтар мен оқиғалар, болмыс құбылыстар жөнінде жұртшылыққа мағлұмат беріп, пікір айтатын қоғамдық қызмет түрі екендігін есте ұстағанымыз жөн. Өйткені, ол белгілі бір халықтың нақты бір кезеңде шыққан газет-журналдарының жүйесін, оларда жарияланатын материалдардың жиынтығын, баспасөздің тарихын, теориясы мен тәжірибесін оқып үйретеді. Осы тұрғыдан байыптап қарасақ, Президент Н.Ә. Назарбаевтың өзі 1991 жылғы 28 маусымда «Баспасөз және Бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі» тұңғыш Заңға қол қойды. Осы Заң аға ұрпақ өкілдері, тек журналистер ғана емес, басқалар да күні кешеге дейін ұзақ жылдар бойы армандап келген көкейкесті мәселелерді шешіп берді: цензураны жойды, сөз бостандығын жариялады және журналистердің құқықтарын кеңейтті. Сол арқылы еркін демократиялық қоғам құру ісіне неғұрлым белсене атсалысуға нақты мүмкіндік туды. Сондықтан да, Президенттің пікірі: «Бұқаралық ақпарат құралдары – қоғамдағы, экономикадағы және іскер топтардағы күштердің ара салмағын да айқындайтын құрал. Газеттер жеке тұлғалар мен корпорациялардың иелігінде болса да, сөз бостандығы тек халықтың құзырында екенін еш уақытта естен шығармаған жөн. Журналистер елдер мен халықтар арасын жалғастыратын жарқын кәсіп иелері болып есептеледі», – дегенге саяды. Сөз бостандығы ойды еркін айта алуымен ерекшеленеді, бұның құндылығы баспасөз арқылы берілетін ой-пікірлер, халықтың ой-толғағының жемісі ретінде көрінеді.

Президент туралы әр жылдары баспасөз беттерінде Ермек Зәңгіровтің «Елбасымызды қорғау – тәуелсіздігімізді қолдау» (Заң, 3 шілде 2002), Қуаныш Сұлтановтың «Саясат мұраты – өркендеу» (Егемен Қазақстан, 20 желтоқсан 2003), Мәруа Боржымбайдың «Ұшқыннан» басталған ұзақ жол» (Заман Қазақстан, 2 шілде 2004), Мархабат Байғұттың «Тұңғыш» (Егемен Қазақстан, 23 желтоқсан 2005), Кенжеғали

Сағадиевтің «Алдымен экономика...» (Егемен Қазақстан, 16 желтоқсан 2006), Махмұт Қасымбековтың «Президент таңдаған Әнұран» (Егемен Қазақстан, 6 шілде 2007), Қанат Саудабаевтың «Елбасы» (Егемен Қазақстан, 29 қараша 2008), «Әлем таныған Елбасы» (Айқын, 25 желтоқсан 2010), Әбдеш Қалмырзаевтың «Тәуелсіздік және демократия» (Егемен Қазақстан, 23 ақпан 2011) т.с.с. сынды мақалалар жарық көрді.

Қазақстан жаһандық ақпарат ағысына да есігін айқара ашты. Спутниктік теледидар мен әлемдік интернет желісі қазақстандықтар өміріндегі үйреншікті құбылысқа айналды. Соның нәтижесінде отандық баспасөз нарығында интернет серпінді даму жолына түсті. Оны тұрақты тұтынушылардың саны қазірдің өзінде бір жарым миллионнан асып отыр.

Н. Назарбаев: «Білім ақпараттық қоғамда құнның негізгі көзіне айналып барады. Ақпараттық қоғамда компьютерлер немесе байланыс сызықтары емес, станоктар да емес, қайта білім мен творчестволық ойлау әлеуеті шешуші мәнге ие болады. Әр 10 жыл сайын адам білімінің көлемі еселене түседі. Соның нәтижесінде білім барынша құнды және әрдайым талап етілетін ресурсқа айналады. Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші», – деп атап өтті [6]. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру міндеті, егер оны ғылымды көп қажет ететін технологиялық білімі, басқару дағдылары бар, нарықтық экономикада бағдарлана алатын жоғары білікті мамандар іс жүзіне асыратын болса ғана, шешілетін болады. Демек, бәсекеге қабілеттілікті арттырудың түйінді бір көзі білім мен ғылым саласында екендігін атап өтті.

Қорыта келгенде, белгілі саясаткер, Францияның дара азаматы, генерал Де Гольдің кеңесшісі болған Алекс Московичтің: «...тіпті зер сала зерттелмей-ақ, Президенттей адам бұйырмағанда, анығын айтсам, Қазақстанның өзі де болмас еді», – деп саяси имиджіне баға беріп өтеді. Шетелдік саясаткердің оң пікірі мемлекет қайраткері ретінде Нұрсұлтан Назарбаев тарихта елеулі із қалдырғанын айқындап тұр. Өйткені, ол елді тұрғызып, 25 жыл ішінде күшті жасампаз мемлекет етті. Ел басқарудың өте күрделі жағдайда тұрған кезде өз мойнына алды.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 127 б.
- 2 Бүгінгі күннің өзекті мәселелері – экономика және алдағы сайлау // Егемен Қазақстан, 2 қыркүйек 1999.
- 3 Өтемұратов Б. Үйренерлік үздік үлгі // Егемен Қазақстан, 3 шілде 2008.
- 4 Тоқаев Қ. Президенттің жасампаз жеңісі // Егемен Қазақстан, 3 шілде 2008.
- 5 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың IV Еуразиялық медиа-форумда сөйлеген сөзі // Ана тілі, 28 көкек 2005.
- 5 Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына // Егемен Қазақстан, 27 мамыр 2006.

References

- 1 Nasarbayev N.A. Gasyrlar togysynda. -Almaty: Oner, 1996. 127 b.
- 2 Bygingi kynnin osekti maseleleri – ekonomika zhane aldagy sailau //Egemen Qazaqstan, qyrkyiek 1999.
- 3 Utemuratov B. Yirenerlik ysdik ylgі //Egemen Qazaqstan, 3 shilde 2008.
- 4 Tokaev K. Presidenttin zhasampas zhenisi //Egemen Qazaqstan, 3 shilde 2008.
- 5 QR Presidenti N.A. Nasarbayevtin IV Eurasialiq media-forumda soilegen sosi // Ana tili, 28 kokek 2005.
- 6 Innowazialar men oqu-bilimdi zhetildiru arqili bilim ekonomikasina //Egemen Qazaqstan, 27 mamyr 2006.

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.

Төле би

Абдрахманова Ж.А.,
Аширова А.Т.

**Мерзімді баспасөз
жарияланымдарындағы
мақал-мәтелдердің
трансформациялануы**

Қазіргі баспасөз бетіндегі ақпараттық мәтіндердің барлығы қоғамдық сананың қабылдауына мүдделі. Тілдің коммуникативтік талаптарына сәйкес ақпарат оқырманға түсінікті, стилі жатық болуы шарт. Соңғы кезде кейбір мақал-мәтелдердің орынсыз, мағыналық құрылымынан уәжсіз ауытқу құбылысын жиі байқаймыз. Бұл тілдік норманы бұзып қолданудың, тілдік бірліктердің мағынасын қате ұғынудың сипатын көрсетеді. Мұндай құбылыс жергілікті немесе тәуелсіз газеттер ғана емес, республикалық, мемлекеттік басылымдардың өзінде кең орын алған. Газет тілінде берілетін мақал-мәтелдердің бұзылып қолданылуы, құрылымдық жағынан ықшамдалуы, мағынасының өзгертілуі, авторлық қолданысқа тән компоненттерінің түсірілуі немесе компоненттерінің арасына сөз қосып қолданылуы арқылы құбылту өте жиі кездеседі және олар автор тарапынан белгілі бір мақсатқа сай құрылады. Осындай «құбылудың» әсерінен мақал-мәтелдердің мәні, мазмұны өзгеріп, кейбірі тілдік қолданыстан түсіп қалса, кейбірі жиі қолданудың әсерінен тұрақты қалыпқа түседі.

Түйін сөздер: бұқаралық ақпарат құралдары, мақал-мәтелдер, авторлық қолданыс, баспасөз тілі, сөйлеу жанры.

Abdrakhmanov Zh.A.,
Ashirova A.T.

**Transformation of proverbs in
the periodical press**

Today, information texts depends on how they perceive public opinion. According to the requirements of language communication and information transfer their style should be clear to readers. At last, we can see such things as a change in the structure of the essence of some proverbs. This shows the nature of the violation of linguistic norms and misunderstanding of language units. Such phenomena are often found not only in the local or independent newspapers, but also in national and state publications. Changing the nature of proverbs in the language of newspapers, the simplification of their structure, the loss of the components of copyright and the addition of words between the components are very common and are used by the author for a particular purpose. In consequence of such «modification» the nature and content of proverbs is changing and if some of them disappear from the language used, the other as a result of frequent use they taking a standard form.

Key words: media information, proverbs and sayings, author`s usage, language periodical press, speech genre.

Абдрахманова Ж.А.,
Аширова А.Т.

**Трансформация пословиц и
поговорок в периодической
печати**

Сегодня все информационные тексты зависят от того, как их воспримет общественное мнение. По требованиям языковой коммуникации информация и стиль передачи должны быть понятны читателям. В последняя время можно заметить такие явления, как изменение структуры сущности некоторых пословиц. Это показывает характер нарушения языковых норм и ошибочное понимание языковых единиц. Такие явления часто встречаются не только в местных или независимых газетах, но и в республиканских и государственных изданиях. Изменение сущности пословиц в языке газет, упрощение их структуры, потеря авторских компонентов и добавление слов между компонентами часто встречаются и используются авторами с определенными целями. В последствии таких «видоизменений» сущность и содержание пословиц меняется, и если некоторые из них исчезают из языкового использования, то другие, в результате частого использования, принимают стандартную форму.

Ключевые слова: средства массовой информации, пословицы и поговорки, авторское использование, язык периодической печати, речевой жанр.

МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖАРИЯЛАНЫМДА- РЫНДАҒЫ МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРДІҢ ТРАНСФОРМА- ЦИЯЛАНУЫ

Мақал-мәтелдер газет тілінде болсын, көркем әдебиет тілінде қолданылсын мәтін мазмұнына ерекше мән беріп, сөйлемнің тілдік құрылымы мен стиліне айрықша мазмұн береді. Десек те баспасөз тіліндегі мақал-мәтелдер әрдайым «орайын тауып» қолданыла бермей, мұндай сөз айшықтарының бір сөйлемде бірнеше рет қабаттаса жұмсалуды да жиі кездеседі. Мысалы: «Әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа жоқтыққа еттері әбден үйренген колледж басшылығы «өзің білме, білгеннің тілін алма» деген мәтелді қағида қып берік ұстанғандай. (Ж.А. 02.01.11.); «Күштінің көтені диірмен тартқан» тұста бір болмасақ, бірге болмасақ, бізде бір бидайдың дәні тәрізді, диірменге жұтылып, ұнтақталып, талқанымыз шығып, «аузы қисық болса да, байдың баласы сөйлесінге» жетеміз. (Түркістан. 22.02.2012); «Жас келсе іске», «ақыл жастан шығады» деген қағиданы ұстанған іскер басшы Еркін Қойбеков адам жағдайын түсінетін азамат. (Айғақ. 22.08.2012) деген сөйлемдерде мақал-мәтелдер бір-бірімен қабаттаса келіп, мәтін мазмұнын ашып тұрғанымен, сөйлемге реңк беруде стиль жағынан құрылымын бұзып қолданылып тұр.

Халық даналығына толы мақал-мәтелдер газет тіліндегі айшықты сөз орамдарының бірі. Мақал-мәтелдердің ойды бейнелі, ұтымды жеткізуде стильдік қызметі ерекше. «Мақал – сөздің мәйегі демекші, қазіргі баспасөз тілінде мақал-мәтелдің қолданылу белсенділігі басым. Зерттеуші Ә. Хазимова баспасөз тілін зерттей келе: «Бүгінгі таңда мақал-мәтелдердің де ұлт болмысының бүгінгі тұрмыс-тіршілігін сипаттауда таптырмайтын көркемдік құрал ретінде жұмсауда» – дейді [1; 45]. Мәселен, «Жақсы сөз-жарым ырыс» (Е.Қ. №47 8 б.); «Жығылып жатып сүрінгенге күлмейік» (Е.Қ. №57 5 б.), «Аузы күйген үріп ішер» (Қаз.әд. №12 7 б.), «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» (Заң. №8 3 б.) т.с. тақырыптағы мақалалар кеңінен орын алған. Сонымен қатар қазіргі қолданыста мақал-мәтелдердің әлеуметтік жағдайға байланысты өзгертіліп қолданылғанын да кездестіруге болады» деген тұжырым жасайды.

Жоғарыда айтылғандай мақал-мәтелдер де баспасөз бетінде белгілі бір мақалаға тақырып бола алады. Сондай-ақ тақырыпқа арқау болған мақал-мәтелдер арқылы контекстегі мәтін құрылымы мен мазмұнынан ақпарат алу қиын емес.

Біз қарастырып отырған республикалық немесе тәуелсіз баспасөздің қай-қайсысы болсын, олардың тақырыптық, семантикалық ерекшеліктерін мұндай құбылыстың жиі кездесетінін аңғаруға болады. Бұған мысал: Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ (Түрк.25.10.2012), Өзіңді-өзің жаттай сыйла (Түрк. 14.04.2013), Жер астынан жік шықты (Түрк. 14.04.2013), Сасқан үйрек артымен сүңгиді (Ж.А. №19.2012), Темірді қызған кезінде соқ (Е.Қ. 05.02.2012), Арпа ішінде бір бидай (А.Қ. 12.02.2012), Бірлік түбі береке (АҚ. 16.02.2012) т.б.

Белгілі ғалым Н. Уәлиев: «Тілімізге ажар беріп, сөзімізге жан бітіретін мақал-мәтелдер, шешендік сөз оралымдары, айшықты сөз тіркестерінің суреткер шығармасында алатын орны ерекше. Жазушы қаламы із-өкшесі халық тілінде жатқан сөз оралымдарының көркем үлгілерін, сирек түрлерін, ұмыт қалғандарын қолданыс үйіріне қосып, сөздік қордың қорабын молайтып отырады» деп көрсетеді [2; 62].

Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде баспасөз тілінің ерекшеліктерін талдап көрсететін болсақ, мұндағы басты тірек – ақпараттық қызмет. Бұл қоғамдық ақпаратты жеткізетін бірден-бір құрал. Сондықтан да тілдің функционалдық стильдері ішінде публицистикалық стиль өзінің мақсаты мен қоғамдағы қызметі және содан туындайтын тілдік ерекшеліктері жағынан басқа стиль түрінен өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Негізінде функционалдық стильдің қай-қайсысы да дамуы жағынан әр деңгейде. Стильдік тармақтарының бірі актив дамыса, екінші бірінің белсенділігі төмен. Осы жағынан публицистикалық стиль даму жағынан басқа стиль түрлерінен төмен. Дегенмен қазақ тілінің дамуы мен оның коммуникативтік функциясы үшін ерекше қызмет атқарады. Әсіресе ақпаратты қарапайым тілмен жеткізіп, фактіні ойнатып беруде баспасөз тілінің рөлі зор. Себебі БАҚ-тың тілі қоғамдық санамен коммуникацияға түседі. Сондықтан қазақ тіліндегі бейнелі сөз орамдарының, әсіресе мақал-мәтелдердің қызметі ерекше. Әрине мақал-мәтелдердің қалыптасқан, логикалық жағынан тұжырымды формаларын қолданған өте дұрыс. Дегенмен мұндай сөз орамдарын құрылымы жағынан уәжсіз өзгертіп инварианттың нұсқада қолдану және оны талап деңгейінен түбегейлі, әрі жиі ықшамдау коннотаттық мағынадағы тілдік таңбалық экспрессивті-эмоционалды, стильдік қызметіне кері әсер етеді.

Қазіргі публицистикадағы сөзжасамның типтері алуан түрлі. Соның ішінде мақал-мәтелдерді құрылымдық жағынан ықшамдау, мағынасын

өзгерту немесе авторлық қолданысқа тән окказионал жасау өте жиі кездеседі. Мұндай құбылысты «Жас Алаш», «Ана тілі», т.б. баспасөз беттерінен байқауға болады. «Жас Алаш» газеті «Нөмірдің нақылы» айдарымен окказионал мақал-мәтелдерді беріп тұрады. Мысалы:

Шөмішпен сорпа ішкізіп,

Сабымен көзін шығарма (29.03.2013)

Террористе туыс болмайды. (13.09.2012)

Шыдамсыз шыбын сүтке түседі. (19.12.2012)

Қойды шартық бүлдіреді,
Елді қортық бүлдіреді. (09.11.2012)

Сиырдың көркі желін,
Елдің көркі келін. (30.11.20012).

Беріліп отырған мақал-мәтелдер авторлық сөзжасам үлгісінде пайда болған бұл контекстерде норманы бұзу немесе компоненттерін ауыстыру құбылысы байқалмайды. Себебі мұндай инварианттар жалпы халықтық формамен сабақтас. Болмаса:

Кім құдайдан безсе,
Шайтан соны сүйеді (23.03.2013)

Шіріген мактадан мата шықпайды. (25.05.2012)

Сыйлағанды-сыйла, илегенді-иле (18.09.2012)

тәрізді мақал-мәтелдерден де осы тәсілді айқын аңғаруға болады.

Баспасөз тіліндегі мақал-мәтелдердің лексикалық құрамын өзгерту арқылы контаминация жасау құбылысы да жиі кездеседі. Бұл екі түрлі мақал-мәтелдің кейбір сыңарларын элипсиске бейімдей отырып контекстің мазмұнын кеңейтіп беру. Мысалы: Ендігі жерде екі жерге ынтымақ керек, шекара бүтінделді. Ел мен ел тату болса, төбедегіні келтірер (А. Орда 16.07.2000). Тілімізде ел мен ел тату болса, төбедегіні келтірер тәрізді мақал жоқ. Бұл ағайын тату болса ас көп, төртеу түгел болса төбедегі келер деген мақалдардың контаминацияланған түрі.

Контаминацияланған окказионалды мақал-мәтелдер көп мағыналы болып келеді. Бұл көпмағыналылық бірнеше мақал-мәтелдердің мағынасын біріктіре отырып жеке бір ойды жеткізуді мақсат етеді. Контаминацияланған мақал-мәтелдер адресат пен адресанттың арасындағы байланысты тексерудің өзіндік құралы болып табылады.

Зерттеуші ғалым Н.Уәлиев фразеологиялық оралымдардың форматұрғысынан тұрпатын жаңғыртуға байланысты нормадан жөнсіз ауытқуға мыналарды жатқызады: «Фразеологизмдердің құрамындағы архаизмдерді жаңғырту; деректі ұғымды білдіретін сөздерді дерексіз атаулармен ауыстыру; дыбысталуы ұқсас, мағынасы әр басқа сөздерді жаңсақ қолдану; фразеологизм сыңарларын синонимдес я болмаса мазмұндас сөздермен жаңғырту; фразеологизмдердің грамматикалық тұлғаларын өзгерту және фразеологиялық түйдектердің «неге бұлай айтылатындығына» мотив іздеу т.б.» [2; 194].

Мысалы: Қырық кісі қырға тартқан тірлікті кейде бір өзі-ақ сайға домалата салатын қырсық шалдың немересі көбейді (Ж.А. 16.16.2012) деген сөйлемдегі мотив тіліміздегі «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» деген мақалдың негізінен алынып отыр.

Мерзімді баспасөздің ішінде «Ана тілі» газетінде окказионалды мақал-мәтелдердің үлгілері жиі кездеседі. Мысалы, М. Әлімбаевтың:

Көңілің бөліне берсе,
Шабытың шөгіне береді.

Сүттің дәмін татып ал.
Шырын сонсоң сатып ал.

Екі ойдың қуаттысын таңда,
Екі сөздің сыйпаттысын таңда.

Нала-азаптан шошымаймын,
Шала қазақтан шошынамын.

Топас та толғанады, тек өрісін айт (Ана тілі. 15.03.2013).

Бұл жерде автордың өзіндік қолтаңбасынан шыққан окказионал мақал-мәтелдер берілген. Яғни нормадан ауытқу немесе мотив іздену құбылысы байқалмайды. Тек ақынның экспрессивті бағалауыштық мәні бар сөз оралымдары өзектелген.

Мұндай мақал-мәтелдерді С. Ерікбаевтың мұрасынан да кездестіруге болады:

Жау шақырғың келсе, аттан сал,
Дау шақырғың келсе, барымта ал.

Шаруа болар әйелдің етегі кең,
Шаруа болмас әйелдің етегі кем.

Сұлудың жолына сұм тұрар,
Судың жолында құм тұрар.

Әйелдің көзінен сақтан,
Ақылдың сөзінен сақтан.

Күріш азса күрмек болады,
Әйел азса жүрдек болады (Ана тілі 03.05.2012).

Осындай авторлық қолданыстағы модификация құбылысын саралай келіп профессор Г. Смағұлова: «Фразеологиялық тұлғалардың авторлық өзгерістерімен өңделуі, окказионал тіркестердің жасалуы, олардың классификациясы, стильдік құбылыстың түрі болатындығы туралы қазақ филологиясында әлі зерттеу нысаны ілінбеген дүние. Сірә, фразеологиялық авторлық өңдеулер тым күрделі және әртүрлі. Әрі бұл жазушы немесе айтушының өзіндік бітім болмысына да тәуелді [4; 125] деген пікір айтады. Расында қазақ баспасөзіндегі публицистика саласында мұндай авторлық окказионалдар мен фразеологизмдердің авторлық өзгеріске ұшырауын, оның стильдік максаттарын зерттеу енді енді қолға алынуда.

Мақал-мәтелдерді авторлық қолданысқа икемдегенде көбінесе оның стильдік, коммуникативтік қызметіне әсері ерекше болады. Жалпы мақал-мәтелдер авторлық қолданыста компоненттері түсіріліп, бір компоненті өзгеріске ұшырап немесе компоненттерінің арасына сөз қосып қолдану түрлері жиі кездеседі.

Әдебиеттер

- 1 Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2002. – 121 б.
- 2 Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1989.
- 3 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998.
- 4 «Жас Алаш», «Түркістан», «Алматы», «Егемен Қазақстан», «Алтын Орда», «Айғақ», «Ана тілі» газеттері.

References

- 1 Xazimova A. Kazakh frazeologizmderiniñ national and cultural Details: philology. PhD. Candia. disc. – Almaty, 2002. – 121 p.
- 2 N.Wäliiev phraseology and language norm. A.1989.
- 3 National synonymous G.Smağulova idioms and cultural aspects. -A.1998.
- 4 «Jas Alash», «Turkistan», «Almaty», «Egemen Kazakhstan», «Golden Horde», «Material», «Native language» newspapers.

Байгожина Д.Ө.,
Мамырова К.С.

**Аудандық медиабизнестің
дамуы: теориялық қағидалар
мен тәжірибелік мәселелер**

Мәдениет және қоғам көзқарасы тұрғысынан жарнамалық іс-әрекеттің психологиялық мәселелері айқындалып, қазіргі қазақ жарнамаларындағы тіл мәселесінің деңгейі, шет аймақтардың шаруашылығындағы менталитеттік, әлеуметтік ерекшеліктер және жарнаманың үйлесімділігі, өңірлік БАҚ-тағы жарнаманың рөлі мен PR-мәтіндердің қолдану мен ерекшеліктері сипатталады. БАҚ-тағы өңірлік жарнамалардың жасалу ерекшеліктерін, сонымен қатар теориялық қағидалары мен тәжірибелік қолдану аясы сипатталады.

Түйін сөздер: жарнама, медиабизнес, PR-мәтіндер, медианарық, аудан.

Baigozhina D.O.,
Mamyrova K.S.

**Regional development of the
media business: theoretical and
practical questions**

The article discusses the culture and society of promotional activities in terms of the psychological problems that have been identified and the current level of the problems of the Kazakh language ads, advertising specifications and mental social compatibility, the role of media regional advertising. Creation of advertising in regional media, functions and describes the theoretical basis and practical application.

Key words: advertising and media business, PR-article, the media market, the region.

Байгожина Д.О.,
Мамырова К.С.

**Региональное развитие
медиабизнеса: теоретические
и практические вопросы**

В статье рассматриваются психологические аспекты рекламной деятельности, ее влияние на культуру и общество. Авторы анализируют текущий уровень казахского языка в рекламе, специфику и ментальность социальной совместимости, роль региональной рекламы в СМИ. Изучены процесс создания рекламы в региональных медиа, функции, теоретические основы и практическое применение языка в рекламных текстах.

Ключевые слова: реклама, медиабизнес, PR-статьи, медиарынок, область.

**АУДАНДЫҚ
МЕДИАБИЗНЕСТІҢ
ДАМУЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ
ҚАҒИДАЛАР МЕН
ТӘЖІРИБЕЛІК
МӘСЕЛЕЛЕР**

Бұқаралық ақпарат құралдарының қай салада болмасын орны ерекше. Еліміздің Конституциясында: «Бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті [1], – деп көрсетілсе, Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңында оның мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны [2] табылатыны айқындалған.

Көптеген әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, БАҚ-тың қоғамдағы жалпы қалыптасқан құбылыстар мен оқиғалардан ауытқу туралы үнемі хабарлап тұруы, оқырмандарды, тыңдаушыларды, көрермендерде қалыптасқан әлемдік тәртіп, өмірдің ағымының бұзылуы туралы, қоғамдағы өз орны мен өз болашағы туралы қорқу мен уайым туғызады. Сонымен қатар егер адамдар БАҚ-тың қызметіне жиі бой ұсынатын болса, қоршаған әлемге байланысты негативті жағдайға көп ұрынады екен. Егер тиімді пайдалана білсе, БАҚ қоғамдық пікірлерді өзгертуге орасан зор ықпал ететін алпауыт күш. Саяси жағдайларды шынайы суреттейтін, дамыған демократиялық тұрғыда ұйымдастырылған БАҚ-тың болуы, қоғамды тиімді басқарудың, тұрақты демократиялық мемлекет болуының ең негізгі кепілдіктерінің бірі екендігі даусыз.

Бұқаралық ақпарат құралдарын «төртінші билік», – деп санап, көпшілік арасында пікір қалыптасып кеткені сияқты, журналистикада жаңа көзқарас, ұғымдар пайда болып отыр. Кейбір саяси қайраткерлер, кім бұқаралық ақпарат құралдарын бақыласа, сол бүкіл елді бақылай алады деген ой тұжырымдаған. Шынымен де, БАҚ-тың мүмкіншіліктері мол. Әсіресе, әрбір радио, теледидар бар кезде адамдар өз елдеріндегі жағдайды ғана емес, әлемде не болып жатқанын көріп біліп отырады.

Ақпарат құралдарының маңызы шын мәнінде сөз, баспасөз бостандығы берілген, оппозициялық партиялар бар елдерде арта түседі. Сонымен қатар, ақпарат құралдарымен бірге билік жүргізуде ақпараттық қордың да маңызы өте зор.

Өйткені бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік институт ретінде – басқа қоғамдық институттармен қарым-қатынаста болуы заңды. Сол арқылы ол әр саламен, жан-жақты жұмыс істей алады. Демократия мен плюрализмді пайдаланады. Қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал етеді.

Қоғамдық пікірді туғызатын да, жасайтын да халық, әлеуметтік-саяси топтар. Қоғамдық пікір – өз кезегінде әлеуметтік-саяси өмірдің маңызды мәселелеріне байланысты туады. Өткен мен бүгінгіге байланысты процестер мен фактілерге байланысты өріс алады, актуалды оқиғалар мен құбылыстар, іс-әрекеттер мен идеялар бағаланып, нақты мақсаттар мен міндеттер және оған жету жолдары жөнінде қоғамдық пікір пайда болды. Білім мен ғылыми мағлұматтарды алу, оларды тарату бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы орындарға ие.

БАҚ мемлекет пен ірі корпорация жағынан бакылаудан тәуелсіз бола бастады. Жарнама БАҚ-ты қаржыландыру мен оған кіріс әкеліп отырған басты қайнар көзі болып табылатын, оның рухани және саяси тәуелділігіне кедергі болып отыр. БАҚ-тың көптеген ұйымдардың негізгі коммерциялық бастауы, ақпаратты неғұрлым кең аудиторияға сату үшін нарықтық пайдалану болып табылады.

Қандай да бір қоғам, саяси жүйе болсын оның дамуында жалпы ақпараттық қызметтің, бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар қызметі мен рөлі зор. Өйткені қоғамның қалыпты саяси-әлеуметтік өмірін күнделікті ақпарат тарату қызметінсіз көзге елестету қиын. Биліктің қайнар көзі, бастауына бедел, күш, байлық, заң, адамның қоғамдағы алатын орны, ұйым, мүдде, білім және хабарлама мәліметтер, яғни ақпарат жатады.

Жалпы, қоғамның саяси институттары қатарында айрықша мәні бар, басқаларымен салыстырғанда саяси билігі мен қызметі бөлектеу тұрғаны бұқаралық ақпарат тарату жүйесі болып табылады. Бұл жүйе тікелей өндіруші сала болмағанымен, қоғамдағы саяси-әлеуметтік ықпалы жағынан басым болатыны белгілі. Қоғам өмірінің қай саласында да мемлекеттік ақпараттық саясаты болады. Ішкі-сыртқы саясаттың күрделі міндеттерінен бастап, күнделікті ауа райына дейін ақпараттың қамтамасыз етпейінше, алдағы мақсатқа қол жеткізу, одан күткендей нәтиже тосу қиын. БАҚ-тың қоғам өміріндегі ақпараттық, коммуникативтік, танымдық, қоғамдық пікір туғызушылық функциялары мемлекет мүддесін қоғам мүшелеріне жеткізіп, олардың

ой-пікірін байқатады, қоғамдық институттар арқылы оның жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Медианарықта БАҚ-тың өсуімен қатар қоғамның ақпараттық сұраныстарына сәйкес тақырыптық ауқымының да кеңейе бастағандығы байқалады. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге байланысты бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру көлемінің арқасында 2003 жылдан бастап мемлекеттік тапсырысты республикалық деңгейінде 31 газет, 21 журнал және 48 орталық және аймақтық телерадиокомпания орындайды [3].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері өңірлік басылымдар коммерциялық-ақпараттық, салалық басылымдармен бәсекеге түсті. Кеңес кезіндегі баспасөз ретінде қоғамды белгілі бір науқанға, қоғамдық-саяси мәселелерге үгіттейтін идеологиялық қару рөлі өзгеріп, ұлттық мүдде туралы қалам тербейтін болды. Бүгінде мемлекеттік тапсырысты құрайтын аудандық, облыстық газеттердің кірісінің басым бөлігі құрайды. Бұқаралық ақпарат құралдарына маңызды мәселе – мемлекеттік саясатты БАҚ арқылы жүргізу үшін мемлекеттік тапсырыс беру әдісі, тақырыптарды жүйелі түрде көрсетіп, насихаттап отыруға мүмкіндік береді. Еліміздің БАҚ нарығындағы үрдістер коммуникация индустриясының дамуына ықпалын тигізеді.

Әлеуметтік-саяси пікірдің сарапшысы бола білу өңірлік басылымдардың журналистеріне жауапкершілік міндеттері сөзсіз. Кеңес өкіметі кезеңімен салыстыра келе, өзінің өңірлік басылымда жұмыс істеген кезін журналист Д. Қуат былай сипаттайды: «... ешнәрсе өзгерген жоқ, бәз-баяғы қалпы. Әдеттегідей актив жиналыстары мен бұрынғы бірінші хатшының деңгейіндегі әкімнің сөзі, қаулы-қарары алдымен облыстық газетте жарияланады. Одан аудан қалсын ба? Ауданның да өз активтері мен әкім-хатшысы бар. Олар да бірдеңе деуі керек. Міне, осындай маскара!», – дейді [4].

Алматы қаласында 2007 жылдың 16-17 мамырында өткен III халықаралық PR-форумда «Мемлекеттік тапсырыс қажет пе? БАҚ нарығына әсері қандай?», – деген сауалдар талқыланды. Екі жақтық көзқарас айтылды. БАҚ-тағы медиабизнес тек табыс табуды көздесе, әлеуметтік мәселені, тіл мен қоғам мәселесін кім көтереді? Әрине, тәуелсіз басылымдардың бұл мәселеге аз көңіл бөлетіні белгілі. Кейбір қазақстандық орыс тілді бұқаралық ақпарат құралдарының пікірлерімен де келісе алмаймыз. Олардың пайымдауынша, елімізде қазақ тілі мәселе болғандықтан, қазақ тілді жарнама жоқ

болғандықтан мемлекеттік тапсырыс мәселесі шыққан. Қазақ тілді бағдарламаларды дамытуға арналған. Бұл – әрине қате түсінік. Мемлекеттік тапсырысқа тілдің қандай қатысы бар? Өңірлік басылымдарға мемлекеттік тапсырыс едәуір қаржы түсіріп отырған шығар, дегенмен идеологияны күштеп таңу, бұйрық беру, әкімдік тарапынан ұсыныс пен пікір білдіру деген мәселе бар. Өңірлік басылымдар өз материалдарынан ғана түскен қаржыға күн көре алмайды. Бұндағы мемлекеттік тапсырыс ретінде басылымның көтеруі тиіс тақыптарды облыстық мәслихаттың нормативтік-құқықтық актілерін жариялау, түрлі мәжілістері мен іс-шараларын жүйелі жазу, облыстың әлеуметтік-экономикалық даму келешегін насихаттау, мемлекеттік және облыстық бағдарламалар бойынша материалдар ұйымдастырып отыру, мәдениет және спорт сияқты маңызды мәселелерге көңіл бөлу болып табылады. Үкіметтік емес ұйымдар мен құқық қорғау органдарының қызметі, есірткімен күрес, экология, отбасы мен жастар мәселесі да қамтылған. Осы айтылған мәселелердің барлығы басылымда көтерілуге тиісті көкейкесті әлеуметтік мәселелер болып табылады. Негізі мемлекеттік тапсырыспен жазылған материалдар оқырманға қажет. Бұл тапсырыстардың 70 пайызы экономика тақырыбына арналған. Одан кейінгі кезекте, тіл, жастар мен білім мәселесі, спорт тақырыптары жарияланып тұрады.

Мемлекеттік тапсырыс уақыт өткен сайын өсетін баспахана мен газетті тасымалдау, оны оқырманға жеткізу шығындарын өтеуге, редакцияның өз қаржысы есебінен қызметкерлердің жалақыларын арттыруға, оларға материалдық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Дегенмен, кейде екі, үш бетті алып жатқан әкімдіктің материалдары көлемі онсыз да шағын аудандық басылымдардың өңін солғындандырып жібереді. Мысалы, «Хромтау» газетінің № 47 санында Хромтау мәслихатының «2007 жылға арналған аудандық бюджет туралы» № 177 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қазақ және орыс тіліндегі материалдардан өзге ақпарат жоқ [5].

Жоғарыдағы аталған бас қосуда, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыстың БАҚ-тың кәсіби дамуын тежеп, газеттің стиліне кері әсер ететіндігі, БАҚ-қа мемлекеттік тапсырыс материалдарынан гөрі орынды жарнамаға сатудың тиімді екендігі баса айтылды. Алайда бұның қазақ тілді газеттерге қатысы жоқ, жарнама берушілердің онсыз да қазақ газеттеріне жарнама бермейтіндігі белгілі. «Мемлекеттік

тапсырыс материалдарын жазудан журналистің кәсіби деңгейі төмендейді» деген пікірмен де келісуге болмайды, жоғарыда мемлекеттік тапсырыс материалдары мен мәселені тиімді тоғыстырудың жолдарын атап өттік. Егер мемлекеттік тапсырыс болмаса, көптеген әлеуметтік мәнді тақырыптар көтерілмеген болар еді.

2000 жылы Алматы облысында 21 аудандық және қалалық, 2 облыстық газеттер шықты. Аудандық газеттердің жалпы таралымы 49141 дана, облыстық газеттердің жалпы таралымы 40478 дана болған.

Облыстық әкімдік меншікті жекешелендіру, салық төлеу салаларындағы халықтың мүддесін көздейтін нормативтік актілерді, жаңа нарықтық қатынастарды, кәсіпкерлерді насихаттау, жастар арасындағы тоғышарлық, маскүнемдікті сынау мәселелерін көтеруді белгілегенімен, құрылтайшылары болып табылатын аудандық және қалалық әкімдіктер газет редакциясымен байланысын жоғалтты. Газеттердегі 3-4 журналист барлық саланы қамтып жаза алмады. Қаламақы берілмегендіктен, штаттан тыс тілшілердің белсенділігі төмен болды. Әкімдіктердің алдында облыста бірыңғай басқарылатын ақпараттық кеңістік құру міндеті тұрды. Ол үшін жергілікті әкімдіктер БАҚ-пен байланыс жөніндегі мақсатты бағытталған жұмыс жүргізуі керек еді. Аудандық, қалалық әкімдіктің БАҚ-пен байланыс жөніндегі мақсатты бағытталған жұмыс жүргізілуі керек еді. Аудандық, қалалық әкімдіктің нақты қызметкерлеріне БАҚ-пен байланыс жасап, қызметін бақылап, жетекшілік ету бекітіліп берілді. Журналистермен тұрақты түрде кездесулер, брифинг, баспасөз мәслихаттары өткізіле бастады. Жергілікті газеттердің қызметі әкімдік жиналыстарында қаралып, журналистерге қамқорлық жасау, жұмыстарын бағалау жүзеге асырылды. Бұл жылдары бұқаралық ақпарат құралдарының алдындағы маңызды міндет – экономикалық реформаның тиімділігін насихаттау болатын. Осыған байланысты жергілікті әкімдіктер түрлі сала өкілдерімен және журналистермен ғылыми-тәжірибелік семинарлар өткізіп, олардың пікірін баспасөз бетінде насихаттауды, БАҚ жұмысын бағыттауын идеологиялық қызметтің нарықтық негіздерін қалыптастыру концепциясын да қарастыруды көздеді. Мысалға, облыстық «Жетісу» газеті өзінің таралымын 2007 жылдың басында 35 мыңға жеткізді. Алматы облысының әдеби, мәдени өміріне байланысты шаралар жайлы көбіне-көп осы газет жазады. Жалпы, газеттің 1-3 беттері мемлекеттік тапсырыстың

материалдарынан тұрады. Мемлекеттік тапсырыстан түсетін қаржы редакция қызметкерлерінің жалақысы мен баспаханың қызметін өтеуге келеді, яғни мемлекеттік тапсырыс басылымның жарыққа шығу шығынан толық жабады. Редакция атқарылған жұмыстар жайлы әкімдіктің тиісті бөлімдеріне есеп беріп отырады. Жалақы, баспахана шығынын – әкімдік, іссапар, ұсақ-түйек шығындарды редакцияның өзі төлейді, ал мемлекеттік тапсырыс газеттің шығу шығынын толық жабады. Жарнамадан түсетін пайда мен жазылымнан түскен қаржы редакцияның материалдық-техникалық базасын нығайтуға, журналистердің іс-сапары, басқа да қаржылық мәселелерді жабуға жұмсалады. Мысалға, «Жетісу» газетінің жауапты хатшысы Нүсіпбай Әбдірахымның мәліметі бойынша, 2007 жылдың қаңтар-тамыз аралығында ақылы қызметтен 3,2 млн. табыс түсті.

Осылайша өңірлік мерзімді баспасөз бизнеске бет бұрды. Жарнамадан едәуір пайда түседі, полиграфия жанданып, медиатехнологияның жаңа құралдары белсенді қолданылуда. Өңірлерде жарық көретін жарнамалық газеттің барлығы орыс тілінде. Сондай-ақ коммерциялық мекемелер жарнаманы көбінесе орыс тілді басылымдарға беретіні жасырын емес. Қазақ тілді басылымдардың еншісінде туған күнмен құттықтау, еске алу, көңіл айту тәрізді хабарландырулар болады. Бұл бүгінгі таңда қазақ газеттері үшін үлкен мәселе. Осы орайда жарнама беруші мекемелердің қазақ тілді газеттерге де жарнама беруге міндеттеу қажет.

Көптеген маркетингтік зерттеулер өңірлік басылымдардағы жарнама беру ерекшелігіне жарнамалық мәтіннің 1,5-2 ай үзбей беріліп, едәуір үзілістен кейін оқырмандар шектеулі болғандықтан беру жиілігін мүлдем азайтатындығын жатқызады [6]. Мемлекет қарамағынан келген тапсырыс ақпараттық-әлеуметтік мәні басым, БАҚ өкілдерінің шығармашылығына тұсау болмайды, автор көзқарасы мен пікірін ашық білдіре алады. Дәлел ретінде, сауалнама жүргізген журналистердің 17,7 пайызы мақаланың жазылуына редактордың тапсырмасы, 39,8 пайызы өз қалауымен, 38,2 пайызы әрі өз қалауы, әрі редактордың тапсырмасы, 1,4 пайызы ұлттық мәселелердің түрткі болатындығын айтты. Оқырманның қажеттілігін қанағаттандыру арқылы газет редакциясы кірісін арттырып, шығынды азайтуды көздейді. Алдымен тұтынушының нарығын зерттеп, қаржылық-материалдық, шығармашылық мүм-

кіндіктерін таразылуы тиіс. Бірақ та өңірлік газетте нарықты сегменттеу көп қажет бола бермейді. Себебі, әр түрлі жастағы оқырмандарға арнап шығарылатын басылым түрлері көп емес. Бүгінде өңірлік газеттер, телеарналарда көрермен мен оқырманның талап-тілегін қанағаттандыруда түрлі инновациялық технологияларды қолданылуда. Бұл басылымдар мен эфир безендірулерінен байқалады.

Теле-радио, мерзімді басылым ең басты ақпаратпен қамтамасыз ету құралы болып табылады. Енді осы ақпарат құралдарының қаржылық көзінің бірі – жарнаманы енгізуге болады. «Егемен Қазақстан» газеті аудиториясының кеңдігіне қарай бес-алты жыл аралығында жарнаманың барлық түрін қосқанда 800-ге жуық жарнама таратыпты. Жарнаманы негізінен мемлекеттік және коммерциялық деп қарастыруға болады. Жарнаманың коммерциялық түріне: кәсіпорын мен мекеменің өнімдерін насихаттауға, оның имиджін қалыптастыруға бағытталған жекеленген тұлғалардың ақылы жарнамалары жатады. Мемлекет тарапынан қаржыландыратын жарнамалар аукциондар, тендер сияқты жарнамалар мемлекеттікке жатқызылады. Жарнама БАҚ-та орналасуы мен көлемі, уақыты жарнама берушінің талап тілегіне сай болуы қажет. Сол себептен, жарнаманың жасау тәсілдері мен берілу әдістері де, көлемдері де әртүрлі болып келеді.

Мерзімді басылымдарда бұл іспен айналысатын арнайы бөлім жұмыс атқарады. Жарнама бөлімінің мәліметтері сүйенсек, жарнаманың 1 см²-нің құны 70 теңгеге бағаланады екен. Республика көлемінде тарайтын басылымдар жалпы мемлекет тарапына қызмет көрсететін кәсіпорын компаниялардың жарнамаларын жариялайды. «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланып жүрген жарнамалардың берілу мәнісі де бар. Түрткі болып отырған жарнаманың өзіне келсек. Мемлекеттік жарнамаларға жатқызылатын аукцион, тендерлердің де берілу тәртібі бар. Мысалға алсақ, «Егемен Қазақстан» газетінде бұрындары «Назар аударыңыз, аукцион» және «Назар аударыңыз тендер» айдарларымен жарияланып тұратын. Тендерлер де, аукциондар да екі әдіс қолданылады: ағылшын әдісі мен голланд әдісі. Тереңірек түсіндіре түссек, «Назар аударыңыз тендер! Шығыс Қазақстан аумақтық комитеті мемлекет меншігін сату жөнінде коммерциялық тендер өткізеді. 1998 жылдың 28 сәуірінде сағат 10.00- де Өскемен қ., Уильинский к. 61-де саудасаттыққа қойылады. Нан зауытының мүліктік

кешені. Үлкеннарын ауылы, Қатонқарағай ауданы Нан зауытының ғимараты. 1976 жылы іске қосылған, гараж үн қоймасы, жабдық, мүлік. Бастапқы бағасы – 4 млн. теңге. Кепілдік жарнасы – 220 мың теңге», – деп келіп, соңынан тендер шартын айтып кетеді.

Ал енді екі әдіске келер болсақ, мысалы 1998 жылдың 28 тамызында өтетін аукционның ақпараттық хабарламасынан үзінді келтірейік. «Сауда-саттықтың голланд әдісі. 1 МГАЗС-18, Шымкент қ, 18 ш/а. Жеке тұрған, 1979 жылы іске қосылған. Бастапқы бағасы – 2,5 млн. теңге. Сауда-саттықтың ағылшын әдісі. 1. Балалар паркі. Шардара қ, Абай қ, Н/ж. 1962 жылы пайдалануға берілген, құрылыс алаңы – 487.7 шаршы метр. Бастапқы бағасы – 80 мың теңге». Берілген мазмұнынан еш айырмашылықтар көрінбейді. Бірақ айырмашылықтар аукционды өткізу барысында байқалады. Жалпы, бұл басылымда ай сайын 15-16 аукцион мен тендерлер жарияланып тұрады. Сонда екі жылдағы жалпы санын есептеп көрер болсақ, шамамен 360-тай бұл тектес жарнама беріледі екен. Сол сияқты, коммерциялық емес жарнамалардың қатарына газет бетінен «Егемен Қазақстанның» «Демеушілік жарнамасы» атты айдарымен берілген бірқатар жарнамалар енеді. «Қазақстанның мұсылмандар діни басқармасы жанындағы Ислам университеті және Меркі медресесі талабалар қабылдайды», – деп аталған хабарламаның бірі болса, тағы бірі – «Жаңа зейнетақы заңы: құқықтарың мен міндеттеріңді біліңіз» атты тақырыпта. Бірінші жарнамадағы «талабалар» деген сөз емес, «талапкерлер» болуы тиіс. Себебі, бұл сөз ешбір заңдылықтар нормасына сыймайды. Демеушілік етуді мақтан тұтып, бұл типтес жарнамаларға онша мән берілмеген деп түсінуге бола ма? Бірақ бұлай деуге тағы бір мысал кереғар келіп тұр.

Енді бір түрі – коммерциялық жарнамалар. Бұл жарнамалардың басты кемшілігі – орыс тілінен аударғанда қазақ тіліне шорқақтығы, немқұрайлылығында болып отыр. Сол себептен коммерциялық және шетелдік жарнамаларды түсіну кей жағдайларда қиындық туғызады.

Жалпыұлттық мәртебелі жарнамалар қатарында «Табыспен жүздесейік», «Уақыт және Казкоммерцбанк» ААҚ депозиттерін, өздерінің жеке қызмет үлгілерін ұсыну арқылы аудиториясын кеңейтуді көздеген. Аталған

компанияның өз ұсынысын бірде былай жарнамалаған. «Еліміздегі төлем карточкасы мен оңай қол жеткізетін несие карточкасы халыққа мынадай артықшылықтар береді:

– Карточкада ақтаушы ақша кедендік декларациялауға жатқызылмайды, сонымен қатар карточкадағы ақшаны ұрлау мүмкін емес.

– Бір валютадан екінші валютаға айырбастау қажеттілігі болмайды.

– Ортақ әмиян қызметін пайдалануыңызға болады. Тауарларға қызмет көрсету түрлеріне төлем жасаудың бүкіл әлемдегі анағұрлым тәсілі. Сақтандыру депозитіңіз!

Үнемі тұрақты жарнама берушілердің қатарында «Халық банкі» мен «Банк Центр Кредит» бар. Олардың жарнамасына тоқталсақ. Өйткені екі банктің функциясы бір-біріне өте ұқсас, сондықтан да көздеген талап-тілектері де бір болмақ. Сол сияқты өнім-тауар жарнамасын жариялауда «Шымкент мұнай-газ, синтез кәсіпорны» және де шетелдік жарнама қатарына жатқызуға болатын «Bond street» темекісі, «Philip Morris» темекі компаниясы және «Техасо» орталығы алдыңғы қатарда.

Денсаулыққа зиян екенін біле отырып, бірақ та жарнаманың берілу жарнамасы ұтымды жарияланған «Бонд стрит» темекісінің жарнамасын атауға болады. «Сатып алатын сен – төлейтін Bond street! Сен өз әмияныңның түбін қақпайтын да күн тауар. Армандаған затыңның бәрі де сенікі болады. Асығыңдар, қосымша сыйлықтар саны шектеулі!». Жарнаманы бір бетке тегіс орналастыру тәсілін «Филип Моррис» компаниясы да қолданған. Сонымен қатар, «Тексако жұлдызы сізді және сіздің автоны рахатқа бөлейді!», – деп ұрандатқан әлемдік «Тексако» қызмет көрсету орталығының жарнамасы жоғарғы екеуіндей бір бетті алмасада, көлемі айтарлықтай үлкен. Жарнаманың көлемі үлкейген сайын, жарнаманың құны да өседі. Шетелдік жарнамалардың қатарында әлемге аты шулы «Еххон» және «LG» компанияларының жарнамаларына тоқталып өтейік. «Жүз жылдан астам уақыт бойы жолбарыс бейнесі «Эксон» компаниясының оның қуаты мен халықаралық тәжірибесінің, технологиялардағы озаттығының және өндірістің жоғарғы деңгейіне жетуге құштарлығының белгісі болып келеді», – деп шыққан жарнамасы өздерінің беделдеріне оң ықпал тигізгені сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1998. – 56 б.
- 2 Қазақстан Республикасының Заңы «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы // «Егемен Қазақстан» газеті. – 1999. – 6 тамыз.
- 3 Қозыбаев С.К. «Масс-медиа – как индикатор свободы общества» // Вестник КазНУ. – 1997. – №1. – С. 11.
- 4 Қуатайұлы Е. «Пікір еркіндігіне кепілдік азайып барады». // Жас қазақ. – 2007. – 23 қазан.
- 5 Газет тілшісі. // Хромтау газеті. – №47. – 2007. – 15 қараша
- 6 Матанцев А.Н. Эффективность рекламы. – М., 2002. – С. 243.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasi Konstitusyasi. – Almaty, 1998. – 56 b.
- 2 Kazakhstan Respublikasi Zani «Bukaralic akparat kuraldary» turaly. // «Egemen Kazakhstan» gazety.-1999. – 6 tamiz
- 3 Kozibaev S.K. «Mass-media – kak indicator obshestva» // Vestnik KazNU. – 1997. – №1. – 11 b.
- 4 Kuatayuli E. «Pikir erkindigin kepildik azaip baradi». // Zhas Kazak. – 2007- 23 kazan
- 5 Gazet tilshisi. // Xromtay gazety. – №47. – 2007. – 15 karawa
- 6 Matansev A.N. Effektivnost reklamy. – M., 2002. – s. 243

2-бөлім
АҚПАРАТ ӘЛЕМІ

Раздел 2
МИР ИНФОРМАЦИИ

Section 2
WORLD OF INFORMATION

Сұлтанбаева Г.С.,
Тойлыбаева А.М.

**Сандық және жаңа медиа
технологиялар дамуындағы
жаңа үрдістер**

Мақалада қазіргі сандық және жаңа медиа технологиялар дамуындағы заманауи, жаңа үрдістер сөз болады. Қазіргі ақпараттық қоғам мен нарық жағдайындағы сандық және жаңа медиа технологиялардың өзіндік рөлі айқындалып, осы тақырыпқа байланысты тұжырымдамалар ұсынылады. Шетелдік басылымдардың зерттеулеріне өзіндік көзқараспен келген автор ең соңғы деректер бойынша жаңа ақпараттар береді. Ақпарат ағынының қазіргі заманғы дамуының жылдам жүзеге асып жатқанын, сандық технологиялар мен жаңа медианың күннен-күнге жаңа қосымшалармен толығып жатқанын ескерсек, автор мақаласының маңыздылығын бірден айқындауға болады. Бірнеше үрдістердің әрқайсысына жеке тоқталып, жеке анықтама бере отырып, автор заманауи үрдістердің сипаттамасын жасап шығарған. Сонымен қатар сандық және жаңа медиа технологиялардың негізгі үрдістерін топтастырған. Сол арқылы заманауи үрдістердің топталған, ғылыми негізделген жүйесі шығарылған.

Түйін сөздер: сандық технология, нарық, жаңа медиа, медиа технологиялар, сандық медиа, интернет, жаһандану, ақпаратты басқару.

Sultanbaeva G.S.,
Toilybayeva A.M.

**New tendencies in the
development of digital and new
media**

In article is considered new tendencies in development of digital and new media. Comes to light the main tendencies in development of digital and new media. It is offered the known concepts about new tendencies and the main role of digital and new media in the present information world and the market of information comes to light. Considering and stating the point of view to materials of foreign sources the author analyzes the newest theories and gives the newest information. Proceeding from the fact that new applications to mobile and to others a smart to devices are updated every day and the bystry flow of information is performed, article of the author has the big importance in the sphere of digital and new media. Determining each tendency separately the author gives definitions to the newest tendencies of this sphere. And also groups the main тенденцияив development of new and digital media. From this it is possible to determine the main current trends and scientifically based system.

Key words: digital technology, market new media, media of technology, digital media, Internet, globalization, management of information.

Сұлтанбаева Г.С.,
Тойлыбаева А.М.

**Новые тенденции в развитии
цифровых и новых медиа**

В статье рассматриваются новые тенденции в развитии цифровых и новых медиа, изучены концепции новых медиа, определена роль цифровых технологий в развитии мирового информационного рынка. Авторы анализируют материалы зарубежных источников, описывают новые приложения к мобильным и другим смарт-устройствам. Определяя каждую тенденцию отдельно, авторы дают определения самым новым тенденциям в этой сфере. А также группируют основные тенденции в развитии новых и цифровых медиа, формируя научно-обоснованную систему.

Ключевые слова: цифровые технологии, рынок, новые медиа, медиатехнологии, цифровые медиа, интернет, глобализация, управление информацией.

САНДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА ҮРДІСТЕР

Сандық және жаңа медианың қазіргі өзгерісі көз ілеспес жылдамдықпен жүзеге асуда. Әлемнің ақпарат алаңы секунд сайын жаңарып, қоғамның алға ілгерілеуін қамтамасыз етуде. Осыдан он шақты жыл бұрын ғана ақпаратқа дәл қазіргідей қол жетімділік болмаған. Қазіргі уақытта әлемдегі сандық технологиялардың дамуының арқасында «айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызып», адамдар өзара үлкен ақпарат алаңының тұрғындарына айналды. Бұл ойымызды өткен ғасырдың басында Максвелл: «Бүгінде әлем үлкен алып деревняға айналды» [1] деп шегелеп айтып та кеткен.

Сандық және жаңа медиа ақпараттық қоғамның жеткен жетістіктерінің нәтижесі. Қоғамның ақпаратқа, жаңалыққа деген мұқтажы барлық жаңа технологиялардың өмірге келуіне әкелді. Е. Масуда [2] ақпараттық қоғамды материалдық құндылықтарға қарағанда, ақпараттық құндылықтарды тірек ететін қоғам ретінде және материалдық түрдегі капиталға қарағанда, білімге жіберілген капиталды бағалайтын экономика түрінде қарастырады. Американдық экономист В. Мартин ақпараттық қоғамды: «...өмір сапасы, әлеуметтік өзгеріс мүмкіндігі және экономикалық дамуды көп дәрежеде ақпаратқа, оны қолдануға тәуелді қоғам» [3] деп қарастырады. Ал әрі қарай ақпараттық қоғамның бес критерийін келтіреді:

1) экономикалық: ақпараттық бөлімін В. Мартиннің қарастыруы бойынша, біріншіден, ақпараттық қоғамға қарай қозғалыс ретінде, ал екіншіден, қазіргі экономикалық өмірдің құрамды бөлігі ретінде;

2) технологиялық: берілген критерий жеке адамның барлық іс-әрекетіне қаншалықты технология енгізілетінін көрсетеді;

3) әлеуметтік: жеке адамдардың әлеуметтік іс-әрекеті ақпараттық технология әсерінен өзгереді;

4) саяси: қатардағы азаматтар басқаруға тікелей қатыса алатын жаһандық жиын өткізудің өзіндік түрін қалыптастыруда;

5) мәдени: ғаламдық көлемде мәдениеттің өзара әрекеті мен өзара араласуы болады.

Осылайша, ақпараттық қоғамның теориясын қалыптастыру кезінде, қоғамдағы ақпараттық өнімдерді өндіру материалдық

құндылықтарды игеруге қарағанда жоғарырақ болуы заңды болып саналды.

Ал енді сол ақпараттық қоғамның қазіргі жаңа тенденциялары ол жаңа медианың дәстүрлі медианы өзіне кіріктіруі, конвергентті журналистиканың дамуы бұл қазіргі журналистика мен коммуникациялық теорияның басты үрдістері. Осы тақырып аясында әлемдік дерек көздерін қарастыра, салыстыра отырып, 2016 жылғы негізгі үрдістерді саралап көрген едік. Бірінші дерек көзі, 2 ғасырға жуық тарихы бар, Ұлыбританияның беделді The Guardian басылымы [4]. Басылым арнайы зерттеудің нәтижесінде осы жылы сандық және жаңа медиада болып жатқан үрдістерінің тізімін ұсынады. Тізім мынадай үрдістерді атап көрсетеді:

- Виртуалды шындық;
- Қосымша шындық;
- Ағындық ақпарат тарату қызметтері;
- Сапалы контент;
- Мобильді жанды ағындық ақпарат тарату;
- Сәттік маркетинг;
- Хабарландырулардың жекешеленуі;
- Хабарландыруларға тосқауыл қою;

The Guardian ұсынған бұл тізімді әртүрлі ғалымдар мен жаңа медиа зерттеушілері, оқырмандар түрлі қабылдап өз ойлары мен пікірлерін жолдаған. Кері байланыс арқылы олардың пікірлерін оқи отырып, түрлі қызықты деректерді де кездестіруге болады. Алайда біз осы тізім бойынша әлемдік ақпарат алғандағы нақты мысалдарды негізге ала отырып, 2016 жылғы сандық және жаңа медианың үрдістеріне сипаттама беріп кетсек.

Тізім бойынша алғашқысы, **виртуалды шындық**. Виртуалды шындыққа жетудің бүгінде сан алуан жолдары жасалып жатыр. Үш өлшемді (3D) фильмдерді жасаудан бастап, жеті, бес өлшемді көзілдіріктер арқылы кез келген адамды сандық ойындардың, бейнелердің ішіне кіргізіп жіберуге мүмкіндік бар. Ең соңғы бүкіләлемдік сандық технологияның жетістігі ретінде, виртуалды шындыққа жетудің соңғы қадамы ретінде әлем халқының назарын аударған Pokemon Go ойынын айтуға болады. 2016 жылдың тамыз айының дерегі бойынша алғашқы іске қосылған күннен бастап (6 маусым 2016 жылы іске қосылды) 100 млн қолданушы осы ойынды өз смартфондарына жүктеген. iOS, Android қолданушыларының барлығына бірдей тегін жүктеуге болғанымен, ойынның арнайы қосымшалары ақшалай негізде жүктеледі. Бүгінде ойын қолданушылары осы ойынды

ойлап тауып, іске қосқан компанияға күн сайын 10 млн доллардан табыс келіп отыр. Әлем халықтары арасында үлкен резонанс тудырған бұл ойын бірнеше елдер үшін жүктеп алынбайды. Дегенмен олар өзге ел аккаунттарынан тіркеліп, ойынның қызығын көруде. Қытай билігі ойынды тым шынайы болғаны үшін қолданушыларға жүктелмейтіндей етіп, қарсылық шарасын қолдануда. Біздің елімізде бұл ойын әзірге жастар арасында ғана танымал болып отыр. Үлкендер арасында Pokemon Go ойынын жүктеп алып, виртуалды шындық іздеп жүргендерді кездестіре қоймадық. Алайда бұл уақыттың еншісіндегі ғана дүние деп болжайды ойын шығарушылары. Олардың ойынша үш жастан асқан кез келген қолданушы үшін бұл ойын қызық болуы тиіс.

Екінші үрдіс, **қосымша шындық**. Бұл виртуалды шындыққа қосымша болып келетін, тұтынушылар мен оқырмандар үшін ақпарат таратудағы, сауда жасаудағы, тауар өткізудегі қолданылатын қосымша элементтердің жиынтығы. Күнделікті теледидар қарап отырып немесе көшедегі электронды-сандық жарнама билбордтарын қарап отырып тұтынушы негізгі ақпараттан бөлек, қосымша шындық ақпараттарын алады. Google, Microsoft сынды ірі корпорациялар осы үрдісті келер жылдардан бастап дұрыстап қолға алып, сандық және жаңа медиа технологиялардың арасындағы үздіктер қатарына енгізуде қолға алуды жоспарлап отыр. Қосымша шынайылық немесе қосымша шындық деп аталатын бұл үрдісте технологияны ұсынушылар тұтынушылар, оқырмандар көзқарасына қосымша элементтерді бере отырып, сананы өзгертуге тырысады. Оқырмандар мен тұтынушылар бұл үдерістің қалай жүзеге асқанын байқамауы да ықтимал.

Ағындық ақпарат тарату қызметтері деп аталатын келесі бір үрдіс, бұл Youtube және өзге де видеоконтенттен тұратын сайттардың үстемдік құрып тұрғанынан хабар беретін үрдіс. Зерттеулерге сүйенсек бүгінде адамдар теледидарға қарағанда ғаламтор арқылы бағдарламалар көруді жөн санайды. Себебі уақытты бақылау өз қолында, орынды таңдау да өз еркіндегі шаруа. Демек адамдар өз уақыттары мен ыңғайлылық тұрғысынан сандық нұсқада видеоақпарат көруді дұрыс деп санайды.

Сапалы контент. Әрине қазіргі уақыт санмен бірге сапаға жұмыс істеуді талап етіп отыр. Тұтынушылардың талғамы жылдан жылға жоғарылап және алуан түрге бөлініп

келе жатқандықтан, сандық және жаңа технологияларды жасап шығарып, ұсынушылар сапалы контентті ұсынуға тырысады. Мысалы танымал Netflix компаниясы 2017 жылдан бастап өз контентін екі есе жасампаз етуге тырысатынын мәлімдеді. Демек көрермендер келер жылдан бастап өз қажеттіліктерін одан әрі сапалы түрде таба алатын болады. Айта кетейік Netflix 1997 жылы негізі қаланған көрермендерге кино және бейне өнімдердің ұсынушы, ағындық мультимедиялық компания.

Мобильді жанды ағынды ақпарат тарату деп аталатын келесі бір үрдіс, 2016 жылдың еншісіндегі үздіктер қатарына кіреді. Бастапқыда Twitter желісінің қосымшасы болып іске қосылған Periscope ағынды жанды ақпарат таратудың үздігі болып отыр. Бір мезгілде бірнеше көрерменді тікелей байланысқа шығара отырып бейнехабар таратуға әрі бірден кері байланыс орнатуға мүмкіндік беретін бұл қосымша Twitter-ге қарағанда 10 млн қолданушыны артық жинаған. Қазіргі таңда Facebook компаниясы да мобильді жанды ағынды ақпарат тарату платформасын жасап жатқанын мәлімдеді. Тұтынушылар шынайы уақытта, белгілі бір орында болып жатқан оқиғаны тамашалауға мүмкіндік алатын мұндай платформа сандық медианың үлкен жетістіктерінің бірі болары сөзсіз.

The Guardian басылымының тізіміне өз анықтамамызды бере отырып, осы тізімдерді топтауды жөн деп таптық. Біздің пікіріміздегі сандық және медиа технологиялардың қазіргі үрдістері жылдамдық, ауқымдылық және сапа. **Жылдамдық** миллисекундтар ішінде ақпараттың әлемге таралуы. Қазірде бір жаңалықтың бірнеше секунд ішінде Periscope немесе Instagram арқылы бүкіл әлемге таралуы қалыпты құбылыс болып кетті. Бұл жылдамдықтың нәтижесі. Мысалы Apple компаниясы 2003 жылдың сәуір айынан бастап iTunes Store алғашқы миллиард әнді сату үшін тура үш жыл уақыт кеткен болса, он жылдан кейін, яғни 2013 жылы ай сайын осы қосымша арқылы тұтынушылар миллиард өлең сатып алатын болған. 2000 жылдардың орта тұсында Facebook 42 апта ішінде 50 млн қолданушыға ие болса, бірнеше жылдан кейін-ақ WhatsApp осы көрсеткішке 12 айда жетті. Демек

әр жыл жылдамдықтың артуына үлес қосуда. Болашақта ақпараттың жылдам таралуына арналған платформалардың саны артқан уақытта, сапаға назар басымырақ аударылатыны сөзсіз. Себебі қазіргі ақпарат таратушылар арасында аздаған техникалық ақаулар бар. **Ауқымдылық** ақпараттың өте үлкен көлемін бір ғана нүктені баса отырып жүктеу. Бұл сандық технологиялардың үлкен жетістіктерінің бірі. Әрі бұл үрдіс ұдайы өз биігінен түспесі анық. Қазіргі таңда көптеген нанотехнологтар, биотехнологтар мен дәрі жасаушылар, медицина ғалымдары бір-бірімен ауқымды зерттеулерді өзара бөлісе отырып, уақыт пен қаражат үнемдеуді қолға алған. Қарапайым оқырман мен тұтынушыға қолжетімсіз болғанымен, әлемнің екі түкпірінде отырған ғалымдар қазіргі таңда сандық технологияның осы бір үрдісін тұрақты пайдалана отырып, өз қызметтерін жүзеге асыруда. **Сапа** сан көбейе бастаған сәттен бастап компаниялардың жұмыс істейтін негізгі бағыты. Яғни бәсекелестерден озу үшін сапаға басты назар аударады. Аудара отырып, тұтынушыларға қажетті өнімнің жасампаз болуын қамтамасыз етеді. Сапалы өнімді тұтынушылар сандық және жаңа медиа жетістіктерінің бұдан әрі дамуына қарай ұмтылады. Осылайша дамудың үздіксіз үдерістері жүзеге асып отырады.

Сандық және жаңа медиа технологиялардың дамуы бүгінде үздіксіз әрі өте жылдам үдерістердің бірі болып отыр. Оның даму барысын бақылау үшін тұтынушылар тұрақты түрде әлеуметтік желілердің, белгілі бір сайттардың тұрақты қолданушылары болса болғаны. Ал біз осы мақалада 2016 жылғы негізгі үрдістерді тізіп шығуға тырыстық. Зерттеулер нәтижесі бойынша келген қорытындымыз, тұтынушылар қажеттілігін қанағаттандыру үшін сандық технологияларды жасап шығарушы, жаңа медианы бақылаушы компаниялар өзара бәсекелестік жасай отырып, тұтынушыларға сапалы контент ұсынуда. Заманауи үрдістердің барлығы оқырмандар, көрермендер мен тыңдармандардың өмірінің бір бөлшегіне айнала отырып, ақпарат ағынын оңай қабылдап, оны таратып өңдеуші ақпараттың бір бөлшегіне айналдырып отыр.

Әдебиеттер

- 1 Максвелл Д. 21 неопровержимый закон лидерства. – Минск: Попурри, 2005. – С. 167.
- 2 Масуда Е. Информационное общество как постиндустриальное общество / сост. В.А. Чаликова. – М.: Иннион, 1983. – С. 292.
- 3 <https://www.armstrongeconomics.com/>
- 4 <https://www.theguardian.com/advertising/2015/dec/21/digital-media-trends-2016-trends>

Referenses

- 1 Maksvell D. 21 neoproverzhimyj zakon liderstva. – Minsk: Popurri, 2005. – S. 167.
- 2 Masuda E. Informacionnoe obshhestvo kak postindustrial'noe obshhestvo / sost. V.A. Chalikova. – M.: Inion, 1983. – S. 292.
- 3 <https://www.armstrongeconomics.com/>
- 4 <https://www.theguardian.com/advertising/2015/dec/21/digital-media-trends-2016-trends>

Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан
қиынды көргем жоқ.

Бұқар жырау

Шыңғысова Н.Т.,
Әбдіқасымов І.

**Мемлекеттік
құрылымдардағы PR**

Мақалада мемлекеттік құрылымдардағы PR ұғымы мен мазмұны, мемлекеттік басқарудағы PR-дың мақсаты мен міндеттері, принциптері мен функциялары қарастырылады. Мемлекеттік орган мен қоғамдық ұйым арасындағы коммуникация орнатудың негізгі принциптері талданады. Халықтың билік органдарына деген сенімсіздігінің себептерін зерттейді. Жеке, қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің үйлесімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығына тоқталады.

Түйін сөздер: үкіметтік PR, мемлекеттік басқару, қоғаммен байланыс, азаматтық қоғам, ақпараттандыру, коммуникация.

Shyngysova N.T.,
Abdiqasymova I.

**PR in the government
structure**

In this article considered about the meaning and content of PR in the government structures, goals and objectives, principles and function of PR in the polity. Described the analysis about of the basic principles of the establishment of communication between the state bodies and public organizations. Investigated the causes of people's distrust to authorities. We emphasize the importance of ensuring the harmony of personal, public and state interests.

Key words: government relations, public administration, public relation, civil society, informatization, communication.

Шыңғысова Н.Т.,
Абдықасымов І.

**PR в государственных
структурах**

В статье рассмотрены значение и содержание PR в государственных структурах, цели и задачи, принципы и функции PR в государственном управлении. Проводится анализ основных принципов установления коммуникации между государственным органом и общественной организацией. Исследуются причины недоверия народа органам власти. Подчеркивается важное значение обеспечения гармонии личных, общественных и государственных интересов.

Ключевые слова: государственный PR, государственное управление, связь с общественностью, гражданское общество, информатизация, коммуникация.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАРДАҒЫ PR

Техника мен технологияның даму қарқынына сәйкес өмірімізге жаңа ұғымдар, қосымша қызметтер мен орасан-зор мүмкіндіктер енуде. Оларды игеріп кету – өзіміздің қолымызда. Тіршілігімізге етене араласқан жаңа ұғымдар біздің өмірімізде бұрыннан бері келе жатқан дүниелер болуы да ғажап емес. Тек Мұқағали Мақатаевтың сөзімен айтар болсақ, «Қазақтың күпі киген қара өлеңін, өзіне шекпен жауып қайтарамын» дегеніндей, жаңаша леп әкелген заттың біздің ұлттық болмысымыздың бір түкпірінде бұғып жатпасына кім кепіл.

Біздің нарыққа жаңадан қосылып, енді-енді қадамын басып келе жатқан ұғымдардың бірі – «Public relations». Қазіргі таңда мамандар «Public relations» ұғымының 500-ден астам анықтамасын алға тартып отыр. Көптеген сарапшылардың пікірі бойынша, солардың ішіндегі ең ұтымдысы 1989 жылы тамыз айында Мехико қаласында 30-ға тарта ұлттық PR-ассоциациялардың өкілдері сөз сөйлеген Мексикандық хабарламада мазмұндалған: «Public relations» – бұл қоғамдық қатынастардың даму тенденциясын сараптау өнері мен ғылымы, сондай-ақ, ұйым басшылығына ұсыныстар беру мен ұйымның және қоғамның мүддесін көздейтін іс-әрекеттер бағдарламасын жүзеге асыру [1]. Көптеген анықтамаларды қорытындылай келе, қоғаммен байланыс – жеке, қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің үйлесімділігін қамтамасыз етуге негізделеді деген пікірге тоқталамыз [2].

PR-мамандарының сәтті қызметінің негізі қоғамның әртүрлі тобымен тиімді коммуникациялық қарым-қатынас орната білуінде жатыр. Халықаралық PR-ассоциациясының Бас хатшысы қызметін ұзақ жылдар бойы атқарған Сэм Блэк тиімді қарым-қатынастың 9 ережесін құрастырған: әрқашан шынайы және толық ақпаратты талап етіңіз; сіздің хабарламаңыз қарапайым және баршаға түсінікті болуына қол жеткізіңіз; ақпараттың құндылығын әдейілеп арттырмаңыз; сіздің аудиторияңыздың жартысы әйелдер екенін естен шығармаңыз; зерігуге жол бермей, қарым-қатынас жасау үдерісін қызықты өткізіңіз; қарым-қатынас орнату формасын бақылаңыз; қоғамдық пікірдің барлық қырын анықтауға уақытыңызды аямаңыз; қарым-қатынас үздіксіз түрде болуы керектігін естен шығармаңыз; қарым-қатынастың

әрбір кезеңінде сенім ұялататындай және конструктивті болыңыз [3].

PR мемлекеттік басқару саласында – бұл қоғамдық мүдделерді жүзеге асыру, халықтың немесе белгілі бір аумақ халқының еркін білдіру арқылы қоғамдық ресурстарды өндіру, бөлу және пайдалану бойынша билік органдары, жеке сектор, азаматтық қоғам институттары, әртүрлі әлеуметтік, кәсіби топтар мен қоғамдық ұйымдардың өзара жүйелі байланысын сипаттайтын қызмет түрі.

Мемлекеттік басқарудағы PR-дың мақсаты: мемлекеттік билік органдарының қызметіне сенім тудыру арқылы олардың легитимділігін арттыру бойынша қызметін ұйымдастыру.

Мемлекеттік қызметтегі PR-дың негізгі функционалдық міндеттері:

- Мемлекеттік басқаруды демократияландыруға қатысу;

- Азаматтық қоғам құруға атсалысу.

Осы жерден PR-дың мемлекеттік қызметтегі жұмысының негізгі бағыттары шығады:

- Азаматтармен және ұйымдармен байланыс орнатып, қолдап және кеңейтіп отыру;

- Қоғамды қабылданып жатқан шешімдер туралы ақпараттандыру;

- Қоғамдық пікірді зерттеу;

- Лауазымды тұлғалар мен билік органының әрекетіне қоғамдық әсерді сараптау;

- Қоғамдық-саяси процестерді бағдарлау;

- Ұйымды сараптамалық құрылымдармен қамтамасыз ету;

- Мемлекеттік билік органының, мемлекеттің жағымды имиджін қалыптастыру.

PR принциптері: ашықтық, адалдық, демократиялылық, альтернативтілік, кері байланыс.

PR функциялары: жағдайды сараптау мен бағамдау; әсер етудің мақсатын анықтау және бағдарламаларды құру; бағдарламаларды жүзеге асыру мен қоғаммен байланыс орнату; жасалған дүниеге баға беру.

Билік органдары үшін PR-дың мағынасы туралы айтқан кезде, халықтың билік органдарына деген сенімсіздігін тудыратын себептерді талқылаған жөн сияқты. Қоғам билікке сенімсіздік тудыру арқылы PR-технологиялардың дамуына даңғыл жол ашып береді. Ал, себептеріне келетін болсақ:

Ең алдымен «техникалық» себептер: мемлекеттік органдар қоғаммен байланыс саласындағы мамандар мен құрылымның жоқтығы салдарынан азаматтарға өздерінің іс-әрекетінің мақсаты мен мәнін жеткізе алмай, қызметінің нысаны мен олар жұмыс істеп, мәселелерді

шешуге мәжбүр болатын жағдайлар, шарттар жөнінде ойға қонымды дүние айта алмауында жатыр.

«Мәдени-тарихи» типтегі себептердің негізі біздің қоғамымыздың халықпен билік арасындағы алшақтыққа бейімділігімен түсіндіріледі. Бүгінгі таңда әр елдің кемелді, демократиялық заң-түзімдері бар. Сол заңдардың бәрінің де тарихи негіздері қазақ хандығының заңдары сияқты халықтық заңдардан туындаған әрі дамыған. Қазіргі жас ұрпақ сол алшақтықты азайту үшін бүгінгі кемелді заң-түзімдерді атқаруда, оған бойұсынуда адалдық, борыштылықтарын арттырумен бірге, бабаларымыз жасап, атқарып кеткен жоралғылардың рухани мәнін түсінгендіктері артықтық етпейді [4].

«Ұйымдастырушылық» себептер мамандандырылған, құзырлы кәсіби шеберлердің болмауымен байланысты. Бұндай себептер тек осы жерде ғана емес, барлық салада кездесетіндігі баршаға аян.

«Ресурстық» себептер мемлекеттік қызметтің жеткіліксіз қаржыландыруымен, қажетті материалдық-техникалық базаның жоқтығымен, уақыттық ресурстар және т.б. аздығымен түсіндіріледі [5].

Әкімшілік-басқарушы мемлекеттік құрылымдардағы қоғаммен байланыс коммерциялық ұйымдардағы PR-қызметтен өзінің сипаттамасы бойынша да, қойылған мақсаттары мен міндеттері бойынша да өзгешеленеді. Бұл бизнестегі басқарудың тиімділігі коммерциялық кәсіпорынның әкелетін табысымен (өлшеуге болатын нақты және сезілетін экономикалық көрсеткіштер), ал мемлекеттік басқаруда – көпшілік электораттың (әлеуметтік қарым-қатынастардың саяси құрауышы) қолдауымен сипатталатындығымен түсіндіріледі. Бұл жағдайда салық төлеуші мен сайлаушы, яғни әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдардың әрекеті жөніндегі өзіне қажетті бүкіл ақпаратты білгісі келетін және оған құқығы бар азамат, PR-әсер етудің объектісіне айналады. Билеуші құрылымдардың қоғамның электоралды топтарын өздерінің қызметі жөнінде үнемі хабардар етіп отыру мемлекеттегі демократиялық басқарудың маңызды қажеттілігі болып табылады.

Ел Президентінен бастап басқару сатысындағы төменгі топтағы шенеунікке (әртүрлі бұйрықтар мен тапсырмаларды орындаушы) дейін барлығы коммуникацияның әртүрлі арналарын пайдалану арқылы өздерінің сәтті жұмыстарын көрсетуге тырысып бағады.

Басқа қырынан алғанда, БАҚ өкілдері де өз кезегінде мемлекеттік баспасөз қызметі мен PR-менеджерлердің сауатты жұмысына орай әрекет етіп, ақпараттық кеңістікті әртүрлі оқиғалар, іс-әрекеттер мен кездесулер және т.б. туралы хабарламалармен толтырып тастайды. Өткізілген іс-шаралар туралы мұндай ақпараттандыру реактивті коммуникация ұғымымен сипатталады.

Үкіметтік PR-дағы таза ақпараттық функциясынан бөлек ұйымдастырушылық-басқарушылық және spin doctor технологиясын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын бақылаушылық функциялары да аса үлкен мәнге ие. Бұл жерде оқиғалар жағымсыз сипатқа ие болып, қоғамдық пікірге теріс әсер ету мүмкіндігі бар ақпараттық-коммуникациялық мәселе туындаған жағдайдағы қоғаммен байланыс мамандарының ақпаратты сауықтыру қызметі туралы сөз болып тұр. Билеуші құрылым өкілдерінің кәсіби қызметіне деген қарапайым адамдар мен БАҚ-тың пікірін жіті бақылау; қоғамдық маңызы бар оқиғалар баспасөз бетінде қалай жарияланады – объективті түрде ме, әлде алдын-ала ойластырылған түрде ме; бәсекелестердің фактілер мен шешімдерге және т.б. әсер етуге деген әрекеттерін бөгеу – міне, бұл әртүрлі ақпарат тасымалдаушылардың қоғамдық пікірге әсер етуін бақылау жұмысы бойынша PR-мамандарының алдында тұрған міндеттердің аз ғана тізімі.

Үкіметтік PR-дың тағы бір айрықша белгісі бірінші басшылардың қоғам алдында ойнауға тура келетін символикалық ролімен тығыз байланысты. Әртүрлі деңгейдегі қоғамдық көшбасшылардың сыртқы атрибутикасы, айрықша жариялылығы мен мәжбүрлі маңыздылығы, әдетте көпшіліктің көзіне тұлғаның сыртқы, вербалды емес сипаттамаларын аса елеулі ете түседі (кейде тіпті көшбасшының шынайы бет-бейнесінен асып түседі). Осылайша, Г. Почепцов көрермендер ақпараттың 69 пайызын визуалды бейне (сөзді қажет етпейтін қатардағы вербалды емес ақпарат) арқылы, және тек 31 пайызы маңызды ақпаратты ауызша немесе жазбаша сөз арқылы алатындығын көрсеткен. Сол себепті қазіргі таңда көшбасшылардың

актерлік шеберлік, өзіне қарата аларлық көрнекі түрін көрсету, байсалдылық, шешендік өнер, жағымды дауыс тембрін қою сияқты дүниелерді игеруге деген арнайы дайындығына аса мән беріледі. Көшбасшының іскерлік қасиеті, ұйымдастырушылық шеберлігі, мәселелерді дұрыс әрі дер кезінде шеше білу қабілеті, халқына, еліне деген адалдық қашан да ең басты орынға қойылады [6].

Үкіметтік PR-дың жоғарыда атап өтілген айрықша функциялары мен міндеттерінен бөлек тағы да бір өте маңызды сәтті атап өткен жөн. Үкіметтік сектордағы PR үшін етене таныс кері байланыс механизмін модельдеу туралы сөз қозғалуда. Бүгінгі күні бұл мемлекеттік коммуникативтік құрылымдардың жұмысындағы болашағы зор бағыттардың бірі. Қазіргі таңда азаматтық қоғамның функционалдық өкілдері болып табылатын әртүрлі саяси және қоғамдық ұйымдармен жоспарланған жұмыс кері байланыс орнатудың маңызды арнасы болып табылады. Мемлекеттік орган мен қоғамдық ұйым арасындағы коммуникация серіктестік негізінде құрылған кезде – бұл кері байланыс орнатудың мінсіз нұсқасы болмақ. Бұл жерде өзара байланыс орнатудың негізгі принциптері: Қатысушы тараптардың дербестігі; бір-біріне деген сенім; рөлдерді өз еркімен және анық бөлуі; ерікті түрде берілген ақпараттардың негізінде екінші тараптың қызметінен хабардар болу; іс-әрекеттерді келісіп отыру және екінші тараптың ұстанымын ескеру; мәселені бірлесе шешуге күш салу [7].

Баяндалғандарды ескере отырып, мынадай қорытындыға келуге болады: Үкіметтік PR құрылымдарының негізгі мақсаты – мемлекетті басқару бойынша алдында тұрған мәселелерді сәтті шешуге қабілетті және мықты билік абыройына ие тиімді әрі білікті басшылықтың бейнесін құру. Сонымен қатар, жоғарыда аталған халықтың билік органдарына деген сенімсіздігінің себептерінің алдын алып, салдарларын жою – барша PR мамандарының борышы болмақ. Діттеген нәтижеге қол жеткізу үшін, ортақ мүдде жолында жұмысқа жұмыла кіріскен жөн деп білеміз. Билік пен халық арасындағы түсіністік пен татулық – баршаның мүддесі болсын.

Әдебиеттер

- 1 Блэк Сэм. Паблик рилейшнз. Что это такое? – М.: Модино Пресс, 1990. – С. 16.
- 2 Моисеев В.А. Паблик рилейшнз. Теория и практика. – К.: Вира, 1999. – С. 128.
- 3 Блэк Сэм. Паблик рилейшнз. Что это такое? – М.: Модино Пресс, 1990. – С. 18-19.

- 4 Қазақ хандығының заң-жарғылары және оның отбасы-неке қатынасындағы рөлі / Б. Әдірбекқызы // Хабаршы. Тарих сериясы. №2(77) – 103 б.
- 5 <http://studopedia.org/6-20665.html>
- 6 Наш Президент. Документальная повесть – Алматы: Алматы кітап, 2014. – С. 114.
- 7 <http://studme.org/1767092118338>

References

- 1 Blek Sem. Public rileishnz. Chto eto takoe? – M: Modino Press, 1990 j. – 16 b.
- 2 Moiseev V. A. Public rileishnz. Teoriya i praktika. – K.: Vira, 1999 j. – 128 b.
- 3 Blek Sem. Public rileishnz. Chto eto takoe? – M: Modino Press, 1990 j. – 18-19 b.
- 4 Qazaq handygynyn zan-jargylary jane onyn otbasy-neke qatynasyndagy roli/ B. Adirbekqyzy//Habarshy. Tarih seriyasy. №2(77) – 103 b.
- 5 <http://studopedia.org/6-20665.html>
Қазақ тілінде жазатын болғаннан кейін мүмкіндігінше қазақи ұғымнан ауытқымауға тырысу керек, мәселен осы тактиканы журналистикада сәтті қолданатын журналист Сәкен Сыбанбай, сұхбат алу барысында, «Пәленше Түгеншеұлы» деп басталатын қаратпа сөзді қолданбауға кеңес береді, қазіргі жаңа нано-технология ғасырында таныстырудың түрлі жолдары бар.

Қазіргі кезде филологтар мен журналистер 60-70 жылдардағы әдеби тілді дамыта отырып, оны бүгінгі күннің тілдік нормасына сыйғызу мәселелерін зерттеу үстінде. Бүгінгі күні олар тілді нормаландыру барысында, тілдің икемділік қасиетін жоятын сөздерді, сірідей сірестіріп қоюмен күрес жүргізуде, сөз қолданысы туралы рецепт беру мүмкін емес, оны әр журналист орысша айтқанда, «со своей вышки», яғни өзінің білім көкжиегіне қарай төселеді.

Қатынас құралы болып қалыптасқан тілге реформа жасау мүмкін емес, бірақ, оны әдеби нормаға түсіріп байытуға, жақсартуға, икемді етуге болады, тілдегі бірқатар сөздердің, сөз тіркестерінің құрылысы дәл осы күнгі логикалық ой тұрғысынан үйлесімді болмауы да мүмкін, бірақ, бұл сөздер қазіргі тілдік санада орнықты орын алып, ойымызды мақсатты, дұрыс айтуға жарап жатса, оны өзгертудің керегі жоқ. Мәселен, «жұмыс істеп жатыр» немесе «қолын тістеп алды» сөздер құрамын бөліп қарасақ, ондағы сөздер пәлендей логикалық байланыста тұрмағанын байқауға болады, жұмыс «істеу» мен «жатыр», «тістеу», «алды» етістіктерінің бөлек тұрғандағы мағыналары бір-бірімен мүлде үйлеспейтінін байқауға болады, сөздерді түрлендіріп тұрған жалғаулар мен жұрнақтардың рөлі ерекше, сонда да, халық тілінде олардың бірін екіншісіне көмекші етіп, ерекше қызметте, жаңа мағынада жұмсалып қолданыста.

Журналистикада сырттан келген, яғни шет сөздердің тілдік нормаға енуі туралы Ресей кітаптанушысы, филолог Н.М. Сикорский «Теория и практика редактирования» оқу құралында Г.В. Плеханов еңбектерін тіл мен стиль тұрғысынан түзету үшін марксизм теориясын насихаттаушы В.Н. Лениннің: «Уменьшение «экономического значения» мелких производителей – слишком абстрактный термин, последствия кризиса – относительное и абсолютное ухудшение положения. Не лучше ли указать прямо: безработица, нищета рабочих и мелких производителей», яғни ол қалам ұстаушыларды екіұшты ойлы сөздерден алшақ жүруге және іс-қағаздар тілінің шаруадан, бай-шонжарларға дейін түсінікті, қарапайым болуы керек екендігін: «пара лет, клеймят безумием» не по русский, длинные фразы с повторением необходимо переделать в короткие, слог весь, по-моему, надо переделать и сделать более популярным, для сего переписать все заново, сознаюсь, что если меня употребление иностранных слов без надобности озлобляет, ибо это затрудняет наше влияние на массу, то некоторые ошибки пишущих в газетах совсем уже не могут вывести из себя. Не пора ли объявить коверканью русского языка».

Жазушы, журналист, ақынның сөз қолданыс ерекшеліктері олардың өзіндік стильдерін қалыптастырады, мәселен, Б. Майлин еңбектері синтаксисінде тұжырымдап, дәлме-дәл құрастырылған сөйлемдер көріктеу, көркемдеу тәсілдері арқылы, әсіресе метафоралық тіркестермен көп берілген.

М. Әуезовтің синтаксисінде ой қазбаланып, жан-жақты қамтылу көзделетіндіктен, сөйлемдері күрделенген, зілді келеді, мақал, мәтел, теңеу, метафора сияқты көріктеу амалдарының қатарында бірыңғай мәндес сөздерді ұластырып жұмсау жиі кездеседі. Мысалы: «Қораның ішінде Құнанбайды қоршаған кәрі-жас Ырғызбайлардың киім сәні бөлекті және қаладағы саудагер, имам, қалпелердің сәлделі, шапанды, құндыз бөрікті, байлық, барлық көріністері де басқа... Ол екеуі қажып-талған түрлерімен, ашаң, жүдеу жүздерімен өзгеше сұп-сұр, көнетоз, жыртық киімдерімен, ерекше бір азап дүниесінен келгендей».

Жазушы Ғ. Мүсіреповтің синтаксисінде шашау шыққан сөздер болмайды, бәрі логикалық байланыста, әрқайсысы өз орнымен тұр, сөйте тұра ол, өзіне ғана тән, езу тарттыратын, жеңіл әзіл-оспақтарды жиі қолданады.

Журналистика да, әдебиет те тіл мәдениетінің берекесін қашыратын табиғи, жалпы халықтық, ұлттық нақыштың тұрқын қашыратын жаман, әдепсіз сөздерді пайдалануға қарсы, мәселен, Есқара Тоқтасыновтың шығармаларында қарбыздай, сақаба, дүңкіл, шартта-шұрт сөздерін, қазақша айтқанда, «басын жарып, көзін шығарып» жұмсау деп білеміз. Мақаланың зерттеу объектісі – әдебиет пен журналистикада тіл ұстарту, сөз өнері мәдениетінің қолданыс аясы, стилистика, тілдік норманың заңдылықтары.

Қорытынды

Әр журналистің, жазушы-қаламгердің шығармашылыққа келу, алғашқы жетістіктерге жету, шеберлік тұғырына көтерілу жолы әрқилы. Кез келген қаламгердің шығармашылық жолға келуіне, алғашқы жетістіктерге жетуіне оның

өз күш-жігерімен қоса, қандай да бір тұлғаның әсер етуі әбден мүмкін. Сондықтан дарындылық пен жаңашылдық көктен түсе қалмайды. Оның бәрі өзінен бұрынғы үлгіге сүйеніп, тың ізденіс пен талпыныстан туады. Ол үшін әрине, ең алдымен, қаламгер бойында табиғи қабілет, көркем әдебиетке сүйіспеншілік қасиеттері болу керек. Бұл қасиеттер қаламгердің өз ізденісімен кеңейеді, қалыптасады.

Өзінің сара жолымен дараланған сондай журналист Жанболат Аупбаев. Жанболат Аупбаев мақалаға арқау болар өмірлік объекті немесе оқиғаның маңызды, мәнді әрі сыр-құпияға толы бояуы оның қоғамдық-әлеуметтік өткірлігін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге уақыт, дәуір шындығын ашып көрсетуде тапқырлық танытады. Журналист еңбектерінің кеіпкерлері тылсым табиғат тіршілігіне қатысты (теңіз бен жер, тау мен тас, т.с.с) кейіпкерлерден бастап өмірлері жүрек тебіренерлік сәтке толы адамдармен аяқталады. Ол – публицистикасының, соның ішінде қыры мен қиындығы мол очерк жанры тілінің іргетасын қалаушылардың бірі. Журналист тілі дегенде, ең алдымен, ойға оралатыны оның суреттеу шеберлігі мен көркемдік әдістерінің өзіндік ерекшеліктері туралы әңгіме болмақ. Жанболаттың өзіне тән қалам ұшқырлығы оның шығармашылық даралығын айқындайды десек, кейде қаламгерлік биіктігін де таныта түседі.

Сөз мақсаты – сөйлеу емес, сөзбен сурет салу десек, ол болмыстағы оқиғалардың қалың тобының арасынан тандап, талғап алған шындық құбылыстың оқырман жүрегін елжіретіп, сезімін қатар отырып суреттейді [2].

Ұлттық журналистикаға қызмет етуші тәжірибелі журналистер өзіндік стилі мен қолтаңбасын осындай жолдармен қалыптастырады.

Әдебиеттер

- 1 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті: оқулық. – Алматы: Зият Пресс, 2006. – 79 б.
- 2 Жақсылықбаева Р. Публицистің шығармашылық шеберханасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 132 б.

References

- 1 Balaqayev M., Serqaliev M. Qazaq tiliniñ mädeniëti: oqwlıq – Almatı: Ziyat Press, 2006. – 79 b.
- 2 Jaqsılıqbaeva R. Pwblicistiñ şıǵarmaşılıq şeberxanası. Oqwlıq. – Almatı: Qazaq Ünıversiteti, 2011. – 132 b.

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.

Төле би

Садуақасов А.А.,
Нұржанова Ш.С.

**Ұлттық өнерді насихаттаудағы
маркетинг**

Saduakasov A.A.,
Nurzhanova Sh.S.

**The role of marketing in the
promotion of national culture**

Садуақасов А.А.,
Нұржанова Ш.С.

**Роль маркетинга в пропаганде
национального искусства**

Бұл мақалада Қазақ ұлттық өнерін маркетинг арқылы қоғамда жылжытудың нақты әдіс-тәсілдері зерттеліп, қарастырылады. Осы маркетингтік коммуникациялар арқылы шетелдік саяхатшыларға қазақ халқының ұлттық қолөнер бұйымдары мен салт-дәстүрі насихатталу жолдары ұсынылды.

Түйін сөздер: өнер, маркетинг, коммуникация, саяхатшы.

This article focuses on the promotion of Kazakh national culture through marketing. With the help of marketing is necessary to promote foreign tourists Kazakh handicrafts and jewelry.

Key words: art, marketing, communication, traveler.

В данной статье рассматривается продвижение казахской национальной культуры с помощью маркетинга, пропаганда иностранным туристам казахских рукодельных и ювелирных изделий.

Ключевые слова: искусство, маркетинг, коммуникация, путешественник.

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ НАСИХАТТАУДАҒЫ МАРКЕТИНГ

Қазіргі таңда бір өркениетті ел екіншісін күштеп жауламағанымен, ұлттық ерекшелігінен, мәдениетінен, тілінен, дінінен айырылған елдер алпауыттардың ықпалында кетеді. Былайша айтқанда бір мәдениеттің екінші бір өркениетке ықпалы, сол арқылы басымдылық танытып, кірігуі. Сондықтан қазақ халқының да ұлттық мәдени ерекшелігін заманға сай әдіс-тәсілдермен, нарықты зерттейтін маркетинг ғылымымен насихаттау қажеттілігі туындап отыр. Маркетинг деген термин АҚШ экономикалық әдебиеттерінде XIX-XX ғасырлардан бастап қолданыла бастады. «Маркетинг» сөзі ағылшынша «market» (нарық) сөзінен шыққан және дәлме-дәл мағынасы нарықпен байланысты кәсіпкерлік әрекетті білдіреді [1. 9]. Маркетинг концепциясының негізгі мәні тұтынушылардың мұқтаждықтарын қанағаттандырумен тығыз байланысты. Бұл ғылымның өмірге келу себебі де тауарлардың молынан өндірілуінен, оларды сатып алушыға өткізу ісінің қиыншылықтарға кездесіп, күрделене түсуінен. Ал, біздің елімізге бұл ғылым кеңес үкіметі ыдырап, егемендігімізді алғалы бері ене бастады. Еліміз нарықтық экономика сатысына өткелі бері бұрынғы кеңес тұсындағы экономикалық байланыстар үзіліп, жаңа қарым-қатынас жасау қажеттілігі туындады, бұрынғыдай тауарды тапсырыспен емес, нарықты зерттей отырып нарық сыйымдылығына, сұранысына, сегментіне қарай шығару керек болды. Осы орайда әр ел әлемдік нарықта өз тауарларымен, өзіне тән тауарлық белгілермен (бренд) ерекшеленеді. Мәселен, Швеция – мүлтіксіз дәл сағатымен, Жапония – компьютерлік технологиялары және көліктерімен, Араб елдері – мұнайымен белгілі. Ал, Қазақстан осы қатарда ұлттық ерекшелігімен, салт-дәстүрі, ұлттық өнерімен және осыған байланысты тауарларымен де белгілі болуы керек.

Тарихи деректерге жүгінетін болсақ, XVI-XVII ғасырларда қазақ арасында құрылысшылық, теміршілік, зергерлік, аяқ киім тігу сияқты қолөнер түрлері қатты дамыған. Қазақ даласы темір және мыс кендеріне өте бай. Қазақтар өз елі мен жерін сыртқы жаудан қорғау, халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін ең алдымен құрал-жабдықтары мен сарбаздың бес қаруы сай болуы керектігін ұмытпады. Сондықтан темірден түйін түйетін хас шеберлердің атақ-абыройы жоғары болды. Шеберлер

(ұсталар) темірден әр түрлі ауыл шаруашылық саймандарын, әскери құрал-жабдықтар мен ат әбзелдерін жасады. Тауар өндірісі мен ақша қатынасының күн санап кеңеюіне байланысты ұсталар мен қолөнерші зергерлер ендігі жерде өз өнімдерін базар жағдайына бейімдеп шығара бастады [2. 354]. Міне осы кездің өзінде елімізде сауда-саттықтың, маркетингтің нышаны болғанына көз жеткізуге болады.

Қазақ ішінде темір ұсталарынан басқа, біз атап өткендей, алтын-күмісті ұқсатумен айналысатын шебер зергерлер болды. Олар осындай асыл металдардан білезік, жүзік, сырға, кемер белбеу, ер-тұрман жасады. Олар жүгенді, ауыздықты, ердің қастарын, тебінгілерді, үзеңгі мен үзеңгі бауларды, өмілдірік-құйысқандарын алтын-күміспен әшекейлеп, ол әшекейлерге асыл тастардан көз орнатты. Осында зергерлік бұйымдар мен әшекейлер әлі күнге дейін өз қадірін жоймай, қайта арттырып келеді және мұндай бұйымдардың құны бірнеше мың АҚШ долларымен бағаланады.

Еліміз қоныстанған жерлердің көбі орман-тоғайлы келетіндіктен ағашшылық қолөнер кәсібі де едәуір дамыған. Ағаш шеберлері ағаштан арба, төсек, сандық (әбдіре), келі, шелек, астау, шөміш, тостаған, саптаяқ, қасық т.б. жасаған. Сондай-ақ, бағзыдан көшпелі тұрмысты негіз еткен халықтың қолында бар байлығы ең алдымен тері, жүн болатын. Сондықтан қой жүні мен терісін ұқсату кәсібі отбасылық қолөнер кәсібінде айрықша орын алды. Қой, қасқыр терілерінен әр түрлі тондар, ішіктер тікті. Ірі қара мал терілерінен етік, тұлып, тері қобдиша, шелек тігіп, тартпа, айыл, қамшы, жүген т.б. жасады. Асыл жүнді аң терілерінен бөрік, тымақ, сондай-ақ ішік тікті.

Қой жүнін ұстап пайдалану әйелдерге байланысты отбасылық қол өнеркәсібінің ең маңызды саласы-тын. Жүннен әр түрлі киіздер, арқан-жіптер, бау-шулар жасады.

Қазақ халқы үй-ішінің сәнін арттыра түсу үшін өздерінің оюлары арқылы зейін-зердесі мен ақыл-парасатын жұмсады. Түскиіз-текеметтеріне, кілем-кілемшелеріне, ыдыс-аяқтарына көз тартарлық ою-өрнектер сала білді. Мұның өзі олардың дала мәдениетіне қосқан үлесі болып табылады. Сонымен қатар қазақ әйелдерінің кесте тігуі, дүниелерге ою-өрнек салуы – бәрі дерлік қазақ халқының ұлттық ерекшелігін көрсететіні сөзсіз.

Ұлттық өнердің не екені жайлы басын ашып сипаттадық. Осыған байланысты бүгінгі күні туындаған мәселелерді пысықтайтын болсақ, олар төмендегідей болмақ:

– Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында ұлттық қадір-қасиетімізді, түркі халықтарының ішінде қазақ екендігімізді, тілімізді, салт-дәстүрімізді насихаттау (ең бірінші өзімізге-өзіміз насихаттап мақтан тұту) қажеттілігі тұр.

– Жаһандану үрдісі белең алып тұрған кезеңде батыстың немесе басқа елдің бұлауында кетпеу. Шетелдіктердің назарына тұрғылықты халық – Қазақ екенін түсіндіріп, тарихымызды қысқаша баяндап, олардың санасына ұлттық қолөнер бұйымдарын ұсыну, сату арқылы мағлұматты берік ұялату.

– Ұлттық өнерімізді шетел азаматтарына насихаттау арқылы мемлекетіміз – Қазақстан Республикасын әлемдік аренада таныту (мемлекетіміздің рәміздерімен таныстыру).

– Ұлттық өнерімізді, қолөнершілерімізді мемлекет, жергілікті әкімшілік тарапынан қолдау.

Осы бұйымдар мен зергерлік заттар бүгінде күнделікті тұрмыс-тіршілікте аз қолданылатыны белгілі, сондықтан бұл заттарды ескерткіш-сыйлық ретінде сатып алушы сегмент көбінде біздің елімізге келген саяхатшылар (туристер) болып табылады. Бүгінгі күні дүниежүзі бойынша туризм пайда түсіру жағынан мұнай өндірісі және машина жасау салаларынан кейін үшінші орында тұр. Көптеген елдердің экономикалық жағдайын көтеріп тұрған да осы – туризм саласы. Туризм дегеніміз тек қана демалуға келген адамдардың жиынтығы ғана емес. Оған Қазақстан территориясында мәдени-саяси байланыстарды орнатуға және конференциялар мен халықаралық саммит, семинарлар мен жәрмеңкелерге қатысуға келген адамдардың барлығы жатады. Сондай-ақ араларында танымдық, діни мақсаттармен, сонымен қатар спорттық жарыстарға келгендер де болады.

Яғни, бізге ұлттық өнерімізді насихаттайтын объектіміз белгілі болды. Маркетингтік тілмен айтқанда сегмент айқындалды. Енді осыған байланысты қандай маркетингтік әдіс-амалдарды қолдануымыз керек?

Жоғарыдағы айқындалған мәселелерге байланысты тұтынушыларға тиімді әсер ету үшін мынадай маркетингтік (жылжыту) коммуникация жүйесін қолдануға болады:

- жарнаманы;
- арнайы сатуды;
- өтімді ынталандыруды;
- қоғаммен байланысты.

Жарнама дегеніміз белгілі тапсырыс берген демеушінің атынан тауарды тартымды көрсетуге

және оны сатып алушыға қарай жылжытуға бағытталған ақылы әрекеттер [1. 135]. Маркетингтік коммуникацияның жарнама әдісін қолдану арқылы біз *бірінші*, ұлттық өнерімізді насихаттайтын аудио-бейне жарнама роликтерін дайындауымыз керек. Олар әуежайдан бастап ұшақтың ішінде, қонақ үйде, музейлерде, театрда, ірі дүкендерде, «Медеу» мұз айдынында, «Көк-төбе» сынды жерлерде ұлттық музыкамен көркемделіп көрсетілуі қажет. Жарнамаға тапсырыс берушілер Мәдениет және ақпарат министрлігі, жергілікті әкімшіліктер болуы керек және оған отандық ірі қаржыгерлер мен корпорацияларды тарту қажет. *Екінші*, жарнама буклеттері, парақшалары, әдемі плакаттар, үлкен билбордтар, ою түріндегі лайтбокстар жасалып, қаланың әсем жерлеріне безендіріліп іліну керек. Ал, рәміздері бар буклеттер ұшақта, қонақ үйлерде тегін таратылуы тиіс. *Үшінші*, қызмет көрсету сервисінде жұмыс істейтін ұшақтағы әуесеріктерден (стюардессалар) бастап музей, театр, қонақ үй т.б. барлық қызметкерлердің киім үлгісі қазіргі заман және жұмыс орнының талабына сай болуы және ол ұлттық ою-өрнек пен ұлттық нақышта безендірілуі қажет. *Төртінші*, сату орындарындағы жарнама ұлттық ою-өрнек нақыштарымен жасалу қажет. Оған:

- Витрина;
- Тауар қорабы;
- Зат таңбасы;
- Назар аударуға арналған жазулар, таңбалар (ою-өрнек, орнамент) жатады.

Келесі маркетингтік коммуникациядағы – арнайы сату әдісі. Арнайы сату әдісі сатушы мен сатып алушы арасында тікелей қарым-қатынас орнатады. Арнайы сату әдісінің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- сатушы мен сатып алушы тауарға байланысты өзара қарым-қатынас туралы арнайы кездесу өткізеді;
- қарым-қатынас содан кейін тұрақты қалыптасуы мүмкін;
- кездесу өз әсерін беріп тауар сатылуы мүмкін.

Басқа әдістерге қарағанда арнайы сату әдісі күрделірек болып, оңайға түспейді. Өйткені бұл әдісті қолдану үшін арнайы сауда агенттері дайындалады және арнайы сату жоспары жасалады. Бұл әдісті көбіне осы біздің тауарларымызға қатысты арнайы қызығушылық танытқан адамдарға қолдануға болады. Осы арнайы сатуда дүкендердің орналасқан орындары да басты рөл атқарады. Олар жоғарыда айтылған мәдени орталықтарда, әуежайда, темір

жол бекеттерінде және сән-салтанат өтетін орындарда орналасқан жөн.

Тауар өтімін ынталандыру әдісі. Өтімді ынталандыру үшін келесі шараларды жасау абзал:

- тауарға деген тартымдылықты күшейту – ол үшін тұтынушылар арасында лоторея, купондар таратылады және бағаны төмендету арқылы оларды қызықтыру;

- сатып алуға байланысты шақыруларды көбейту;

- сатып алуға тұтынушыларды талаптан-дыру – ол үшін тұтынушыға құнды болып табылатын жеңілдіктер, кепілдемелер, бағаны төмендету әдістері қолданылады;

- өтімді ынталандыру үшін сауда саласындағы делдалдарды ынталандыру. Делдалдарды ынталандыру үшін мына әдістер қолданылады: баға жеңілдіктері, бірге жарнама жүргізу, сауда жарыстарын ұйымдастыру, тауарды тұтынушыға тегін жеткізу;

- өткізумен айналысатын фирма жұмысшыларын ынталандыру. Жұмыс сапасын жақсарту мақсатымен уәждеме қолданылады. Мысалы, ақшалай, заттай сыйлықтар, қосымша демалыс уақыттарын беру т.б.;

- тікелей тұтынушыларды ынталандыру. Мұнда тұтынушыларға баға жеңілдіктері, купондар, кепілдемелер беріледі, тауармен ресми таныстырулар өткізіледі.

Маркетингтің келесі әдісі – қоғаммен байланыс (PR).

Қоғаммен байланыс дегеніміз – ол фирма туралы қоғамның жақсы пікірін қалыптастыру мақсатымен кәсіпорынмен оның тауарлары туралы коммерциялық жағымды ақпарат тарату болады. Қоғаммен байланыс фирманың табысты әрекеті тәуелді болатын ізгі қарым-қатынастарды орнатуға бағытталады және фирманың беделін қамтамасыз ету мақсатымен жүргізілетін кез келген коммуникациялы іс-әрекеттерін қамтамасыздандырады. Өйткені ұлттық өнерімізді дамыту әрекетінің жемісті болуы өзінің қызметкерлерінің іскерлігіне, клиентураға, үкіметке, қоғамға, тұрғылықты халықтың басым тобына тәуелді болуы әбден мүмкін. Сайып келгенде қоғаммен байланыс дегеніміз қолөнершілер немесе кәсіпкердің бейнесіне не оны қалыптастыратын факторларға тікелей қатысы бар әрекеттерді қамтиды.

Бұл қызмет аясындағы барлық күш-жігердің басты міндеті ұлттық өнерге деген сенімді және түсінушілік ахуалды қалыптастыруға бағытталады. Сондықтан қоғаммен байланыс саясатының негізгі мақсаттары мыналар болады:

1) ішкі саясатты жүзеге асыру: ұлттық өнер тағдырына оның қызметкерлерінің жауаптылығын, оған қатыстылық сезімін қалыптастыру, өз ұлттық өнерімізді, оның өнімдерін мақтан тұту сезімін дәстүрлі қалыптастыру;

2) сыртқы саясатты жүзеге асыру: тұтынушыларды қолөнершілер өндіретін өнімдермен таныстыру, олардың сапасын көрсете білу;

3) ұлттық өнердің беделін көтеру: ұлттық өнердің бейнесін, жақсы атағын, яғни жұмысшылар өздері өндіретін тауарларды ардақтау.

Коммуникация жүйесіндегі басқа әдістерге қарағанда қоғаммен байланыстың мынандай ерекшеліктері бар:

- жарнамаға қарағанда ресми таныстырулар, баяндамалар тұтынушыларға шынайы сенімді көрінеді;

- тұтынушылар кеңінен қамтылады: сатушыларға, жарнамаға сеніңкіремей жүргендерге жариялау әрекеті кең көлемде жақсы нәтиже береді;

- көзге тартымды да жағымды келеді.

Қоғаммен байланыстың негізгі нысандары мыналар:

- БАҚ-тағы редакция материалдары;
- көрмелердің беделді бөлімдері;
- кино және бейне фильмдер;
- басылым туындылары;
- ұлттық өнер, қолөнершілер өкілдерінің маңызды және әйгілі қоғамдық оқиғаларға қатысуы;

- тауарларды ресми таныстыру, конференцияларға, семинарларға ұлттық өнер иелерінің қатысуы және баяндама жасауы;

- спорт жарыстары, қоғамдық оқиғалары, музыка концерттері, білім бағдарламалары, ғылыми зерттеулері және басқа да демеуші әрекеттері.

Осыған байланысты нақтылы істелетін маркетингтік іс-шаралар БАҚ-та қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ұлттық өнерге қатысты PR-материалдар жариялау қажет, ұлттық өнер тақырыбында халықаралық көрмелер мен конференциялар ұйымдастыру, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі мен өнерін насихаттайтын тарихи фильмдерді көрсету, түсіру, халықаралық тілдерде қазақ халқы, өнері, тарихы туралы түрлі-түсті етіп сапалы суреттермен безендірілген кітап, журналдар шығару, қолөнершілердің шеберханаларында мастер-кластар өткізу шараларын жасау керек.

Бұл шаралар бір күндік жасалатын шара емес, стратегияға негізделіп ұдайы жасалатын шара. Сондықтан еліміздің мәдениетін, өнерін дамытуда бұл маркетингтік іс-шараларды Қазақстанның алыс-жақын шетелдердегі елшіліктері де жүргізіп отыруы өте қажет. Осындай маркетингтік іс-шараларды қолданатын болсақ, ұлттық өнеріміз әлбетте дамиды, кері кетпейді. Дамып қана қоймай табыс әкеледі, байлықтың көзіне айналады.

Әдебиеттер

- 1 Нысанбаев С.Н., Садыханова Г.А. Маркетинг негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 200 б.
- 2 Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы, 2001. – 552 б.
- 3 Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдептану. – Алматы: Мектеп, 2001. – 228 б.
- 4 Қазақ халқының салт-дәстүрі. – Алматы: Рауан, 1993. – 220 б.

References

- 1 Nysanbaev S.N., Sadyhanova G. A. Marketing negizderi. – Almaty: Kazak universiteti, 2002. – 200 b.
- 2 Su Bihaj Kazak madenietiniñ tarihy. – Almaty, 2001. – 552 b.
- 3 Asylov Ұ., Nysqabayly Zh. Әдептану. – Almaty: Mektep, 2001. – 228 b.
- 4 Kazak halkynың salt-dәstyri. – Almaty: Rauan, 1993. – 220 b.

Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ.

Бұқар жырау

Байғожина Д.Ө., Қалым Ж.

**Алматы қаласындағы
PR агенттіктерінің пайда болу,
қалыптасу кезеңдері**

Алматыдағы қоғаммен байланыс бойынша жұмыс істейтін компаниялар жайында айтылып, ең басты ерекшелігі ретінде оның әлсіз зерттелуі мен мамандар арасындағы ортақ пікірдің аз екендігі айқындалады. Қоғаммен байланыс нарығындағы демократиялық негіздерінің жариялануы, адамның құқықтары мен сөз бостандығына кепілдіктің берілуі, нарықтық қатынастардың дамуы, бәсекелестік, ашық қоғамның орын алуы сипатталады.

Түйін сөздер: PR агенттіктер, медианарық, компаниялар, БАҚ.

Baigozhina D.O., Kalym Zh.

**PR agencies occurrence in
Almaty formation**

The article is devoted to PR companies in Almaty, described weak, the most important feature of his study of the grip is not consensus among the experts. communications market published in the foundations of democracy, human rights and freedom of speech guarantees the development of market relations, competition, open society characterized by occur.

Key words: PR agencies, media market, companies and the media.

Байғожина Д.О., Қалым Ж.

**Появление и развитие
PR-агентств в городе Алматы**

Статья посвящена изучению истории создания и развития PR-агентств в городе Алматы, практики проведения PR-кампаний в мегаполисах. По данному вопросу нет единого мнения у практиков и экспертов. Авторы также описывают систему рыночных отношений, конкуренции, рынок связи и другое.

Ключевые слова: PR-агентства, медиарынок, компании, СМИ.

**АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНДАҒЫ
PR АГЕНТТІКТЕРІНІҢ
ПАЙДА БОЛУ,
ҚАЛЫПТАСУ
КЕЗЕҢДЕРІ**

Алматыдағы PR саласында қызметтерін ұсынатын компаниялардың нақты санын көрсету мүмкін емес. Мұның басты себебі, соңғы кездері мұндай қызметтерді жарнама агенттіктері де, түрлі газет редакциялары да, тіпті ТҚҰ да көрсете бастаған. Бұл бүгінгі біздің қоғамның PR саласына деген нақты көзқарасының жоқтығының айқын дәлелі. Дегенмен, бүгінде елімізде беделді әрі танымал жобаларды жүзеге асырумен айналысатын бірқатар, нақтырақ айтсақ 7 компания бар екендігін айтуға болады. Олар «Ренессанс», «Promo Group Communications (PCG)», «PR-Management», «Star Media & Ogilvy», «Good! Creative marketing PR» компаниясы, «Media-системс» және «Public Relations & Promotion Central Asia». Бұлардың барлығы да Алматы қаласында пайда болып, бұдан кейінгі қызметін де Алматы қаласында жалғастырып, үлкен жетістіктерге жеткен. Бұл компаниялар қызметінің тек қана 50% ғана қоғаммен байланысқа маманданғанына қарамастан, отандық PR қызметінің дамуына елеулі үлес қосқан алматылық компаниялар өз қызметін сәтті жалғастырып келеді дейді мамандар. Және болашақта бұл компаниялар өзінің PR саласындағы қызмет ету саласын барынша нығайтатыны да болжалып отыр [1].

Жалпы, Алматыдағы қоғаммен байланыс бойынша жұмыс жасайтын компаниялар жайында сөз еткенде, ең басты ерекшелігі ретінде оның әлсіз зерттелуі мен мамандар арасындағы ортақ пікірдің жоқтығын айтуға болады. Қоғаммен байланыс нарығының қалыптасуының басты себептерінің бірі – демократиялық негіздерінің жариялануы, адамның құқықтары мен сөз бостандығына кепілдіктің берілуі, нарықтық қатынастардың дамуы, бәсекелестік, ашық қоғамның орын алуы. PR-қызмет нарығының басты қозғаушы күші – нарықтық экономика, ал бұқаралық баспасөздің дамуы, ақпаратты қатаң бақылау тәртіптерінің жойылуы, саяси тәртіптерінің өзгеруі екендігін ескерсек, оның қазақ қоғамына жаңа үрдістерді алып келгендігімен ерекшеленеді. Бәсекелестік ортада өзінің тауарлары мен қызметтерін ұсынған кәсіпорын немесе мекеменің нарықтың белгілі бір үлесін ұстап қалу үшін, халық арасында қошемет пен жоғарғы беделге ие болу керектігі белгілі. Бұл PR деп

аталатын ақпараттық ағымдарды басқару технологиясы арқылы мүмкін болады.

Жарнама саласындағы жаңашылдықтар, медиатехнологиялар, сапасы жағынан әлдеқайда күшті болатын жаңа тауарлардың нарыққа келуі бизнес иегерлерінің бұқараның назарынан тысқары қалмауға күш салуға итермелейді. Жалпы алғанда, көптеген компаниялардың қызметіне шолу жасай отырып, Алматыдағы PR-нарығының қалыптасу уақытын үш кезеңге бөлуге болады. Ендігі кезекте осы қоғаммен байланыстың еліміздің ең ірі мегаполисі аталатын Алматыда дамуындағы кезеңдерге тоқталып өтсек, онда шартты түрде былай деп бөлуге болады:

Бірінші кезең – отандық PR-нарығының пайда болуы (1991-1995 жж. арасы). Мемлекеттік құрылымдарда баспасөз орталықтарының ашылуы, кәсіпкерлік іс-әрекеттің дамуы бірінші отандық PR-фирмаларының ашылуына әкелді. Бұл ұйымдар қарапайым PR-қызметтерді ұсынып, қоғаммен байланыс әрекетін жарнамалық қызметпен бірге дамытады. Бұл кезеңді институционалдық кезең деп айтуға болады. Яғни PR институтының алғашқы белгілерінің көріне бастауы, қоғам мен бұл институт арасындағы кәсіби орта және қарым-қатынастың бірте-бірте пайда болуы. Мысалы, 1994 жылы Қазақстан баспасөз клубының, ал 1995 ж. «PR & promotion central Asia» агенттігінің құрылуын айтуға болады. Экономикалық, нарықтық қатынастар көптеген ұйымдардың қоғаммен байланыс қызметтерін қажетсінуіне алып келді. Отандық ақпарат саласы саяси-ақпараттық технологияларды өз қызметіне енгізе бастады, сондықтан негізінен белсенді түрде жарнама құралдары қолданылады.

Қоғаммен байланыс қызметтерін ұсынған ұйымдар тұсаукесер рәсімдерін, баспасөз мәжілістерін өткізіп, БАҚ-пен қарым-қатынас орнатып, PR-технологиялардың әдіс-тәсілдерін ақырындап, еппен пайдалана бастайды. Ұйымдар мен мекемелерде жарнамалық және PR-қызметтерін үйлестіру арқылы танымалдықтарын арттыра бастайды. «Таза» пиармендер немесе PR-технологтар негізінен шетел PR-агенттіктердің қазақстандық өкілдіктерінде ғана немесе шетелдік кәсіпорындар мен корпорациялардың бұқарамен байланыс, маркетинг немесе жарнама бөлімдерінде болған. Олар алғашында тек PR саласындағы кеңес беру, БАҚ-қа мониторинг жүргізу, жарнамалық компанияларды ұйымдастыру, радио, теледидар, мерзімді басылымдармен байланыс орнату,

фирмалық стильді әзірлеу, патент мәселелерін шешу, журналистерді аккредитациялау, фирма және жоғарғы топ менеджерлерінің имиджін құру мәселелерімен айналысқан. Екінші кезең ретінде агенттіктердің өсу және орнығу кезеңін атауға болады. Сарапшылардың пікірінше, бұл кезең 1996-2000 жылдарды қамтиды. Алматыдағы PR-агенттіктері бүкіл Қазақстан аумағында жұмыс жасайтын дербес компаниялар ретінде шетелдік тәжірибені игеріп, сол білімді отандық жағдайларға бейімдеп, кешенді PR-шаралар мен ақпараттық компанияларды өткізе бастағандығымен. Әсіресе, саяси консалтинг белсенді дамып, ресейлік пиар-технологтарының семинарлары мен шеберлік курстары жиі кездесетін болды.

Аталмыш кезең институционализация субъектілерінің құрылуы, бұқарамен байланыстың дамуын анықтайтын жеке ұйымдардың қанат жаюымен сипатталады. Осы уақытта заң-құқықтық негіздері құрылып, PR және жарнама әрекетін реттейтін заңдар мен заңнамалық актілер қабылданды. 2003 жылы қабылданған ҚР «Жарнама туралы» заңы, 1999 жылғы ҚР «БАҚ туралы» заңы, ҚР «Тауар таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» заңы, ҚР «Патент туралы» заңы, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» (1996), «Авторлық құқық және аралас құқықтар туралы», «Ақпараттандыру туралы» заңдар PR саласының құқықтық және этикалық талаптарға сай әрекет етуіне тікелей әсер етті [2].

Бұл жылдары Қазақстанда, оның ішінде Алматыда жаңа кәсіби PR-агенттіктердің 80 пайызы құрылады, атап айтсақ, 1995 жылы «Ренессанс» коммуникативті менеджмент агенттігі, 1997 жылы «PR-manegment» агенттігі пайда болады. Бұл уақыт ішінде олар көптеген компаниялар үшін қызмет етіп, ауылшаруашылық, өндіріс, заң және жарнама саласындағы ұйымдар үшін жан-жақты PR кеңес беріп, имидж бен абырой-беделді қолдауға көмек көрсетті. Мұндай жағдайлар PR-нарығының бірте-бірте өсіп келе жатқанын көрсетеді. Мәселен, Алматы қаласында пайда болып, қалыптасу жолына түскен тағы маңызды мекеменің бірі PR-кәсіпқойларының PR-шы Клубы. Қазақстандық PR-кәсіпқойларының PR-шы Клубы 2002 жылы құрылған. Клуб бизнес құрылымдардың, халықаралық ұйымдардың, ҰЕҰ және Қазақстанның мемлекеттік құрылымдары мен PR агенттіктерінің PR-менеджерлерінің бейресми бірлестігі болып табылады. Бүгінгі күні Клубқа қоғаммен байланыс жөніндегі 30 шамалы кәсіпқой мүше. Клубтың мақсаты – елде қоғаммен байланыс бойынша

өркениетті нарықты дамыту, PR индустрия стандарттарын, сондай-ақ, Қазақстанның PR мамандарының беделі мен біліктілік деңгейін арттыру. Клуб мүшелері кәсіби ақпараттар алмасып, өз іс-қимылының проблемаларын талқылайды, өзара ақыл-кеңес алады, Клубтың басқа мүшелерінен кәсіби білім үйреніп, іскерлік қатынасты қалыптастырады. Клубтың негізгі әрі ірі жобаларының бірі PR Форум болып саналады. Саланың ағымдағы тенденциялары мен проблемалары талқыланатын PR индустрияның жыл сайынғы ірі оқиғасы. Форумға PR индустрияның барлық дерлік жетекші сарапшылары, практиктер, өзге елдердің сарапшылары жиналады. Студенттер және қатысуға ынта білдіргендердің барлығы үшін қазақстандық ЖОО-лардың бірінің базасында Клуб мүшелері осындай шара өткізеді. Сонымен бірге клуб жыл сайын студенттік жұмыстар байқауын ұйымдастырып отырады. Қазақстанның қоғаммен байланыс жөнінде мамандық/мамандандыруға ие барлық ЖОО-лары үшін жыл сайын өткізіледі. Байқау PR-студенттіктің шығармашылық әлеуетін айқындау мен кәсіби деңгейін көтеру мақсатында ұйымдастырылады. Байқау студенттердің бакалавриат және магистратура категориясы үшін өтеді.

«Ренессанс» агенттігі қоғаммен байланысты, беделдік менеджмент, баспасөз мәслихаттарын өткізу және БАҚ-тың қатысуымен өтетін кез келген өзге де шараларды өткізу, сонымен бірге ақпараттық материалдарды дайындау мен жариялауды дамыту саласында абоненттік қызмет көрсету қызметтерін көрсететін бірден бір кәсіпорын. Оның қызметіндегі негізгі бағыттар кеңес беру, жоспарлау және PR және жарнамалық шараларды өткізу, презентациялар мен көрмелерді, семинарларлы, дөңгелек үстелдерді жоспарлау, БАҚ мониторингі секілді мәселелермен айналысады. Бұл компания 1995 жылы ашылған [3].

Олар өз қызметін сәтті орындап келе жатқан агенттік осы уақыт аралығында көптеген шараларды атқарды. 2008 жылға қарай агенттіктің мамандары 400-ге жуық PR-жобаларды іске асырып, 3000-нан аса бизнес-тренингтерді өткізді. Алматыда орналасқан, жұмыс штатында 30-дан аса ғана адам жұмыс жасайтын агенттіктің мақсатты аудиториясы бүкіл Қазақстан аумағын қамтиды. 2002 жылы агенттікте ISO (9000:2000) сериясы енгізілді. Барлық бизнес үдерістер стандарттарға сай келеді. «Ренессанс» агенттігі қоғаммен бай-

ланыс жөніндегі ұлттық ассоциациясының бастамашыларының бірі. Агенттік өз қызметі аясында түрлі бизнес құрылымдарда компания басшыларына, PR-менеджерлерге арнап бизнес тренингтер ұйымдастырады. Әсіресе отандық PR-нарықтың дамуына бағытталған дөңгелек үстелдер мен конференциялар ұйымдастырады. «Eurasian PR-event» деп аталатын жыл сайын өткізілетін халықаралық конференция да дәл осы аталмыш агенттік тарапынан ұйымдастырылады. Жыл сайын бұл конференцияға Ресей мен Еуразиялық кеңістіктегі мамандар шақырылады. Жалпы бұл агенттік тұтастай отандық PR-нарықтың дамуына септігін тигізіп отырған танымал компания болғандықтан, оның қызмет аясының өте кең ауқымда болуы әбден заңды. Өз тарапынан агенттік WWW.PROPR.KZ атты порталдың авторы мен бастамашысы болып саналады. Қоғаммен байланыс жөніндегі ассоциацияның жеке парақшасында <http://www.naso.kz> оның құрамына кіретін «Ренессанс агенттігінің» даму мен қалыптасу кезеңінен бастап мынадай деңгейлі бағыттарды жүзеге асыруды өз міндетіне алғандығы жазылған. Мәселен, ол өзінің қызмет етуінің бастапқы кезеңінде мына бағытта жұмыс жасаған болса:

1-деңгей: локальды жобаларды басқару (пресс-конференциялар, брифингтер).

2-деңгей: БАҚ-пен өзара байланыс.

3-деңгей: қандай да бір мақсатты аудиториямен өзара байланыс жасай отырып, жобаларды басқару (тұтынушылар, билік, серіктестер, инвесторлар).

Кейінгі жылдары оның қызмет көрсету деңгейі 4-5 көрсеткіштерге дейін көтерілді:

4-деңгей: мақсатты аудиториялармен байланыстар бойынша бірлескен жобаларды басқару.

5-деңгей: компанияның бизнестік мақсаттарына жетуге ықпал ететін коммуникативті стратегияны жасап шығару (компанияның материалды емес активтерінің құнын арттыруға қатысу).

Агенттік өз тарихында көптеген шараларды жүзеге асырды, мәселен Қазақстанның ұлттық валютасы теңгенің символын жасайтын дизайнерлер мен суретшілер арасында ірі ауқымды байқау өткізді. Мұндай шаралар компания тарихында жүздеп саналады. Ол туралы мәліметті www.renassans.kz веб-сайтынан көруге болады.

Ал қаладағы ең ірі әрі көне «PR-Management» деп аталатын агенттік ақпараттық және PR-қамсыздандырумен, консалтингпен айналысады. Бұл ұйымның атқаратын қызметтері сан алуан, атап айтсақ, жарнамалық кампаниялардың

жоспарларын әзірлеу және жүзеге асыру, сайлау компаниялар, саяси консалтинг, ақпараттық-сараптамалық зерттеулер, жарнаманың тиімділігін бағалау, тауар, қызмет, брендті жылжыту стратегиялары, дағдарыстық PR, мәдени, қоғамдық-саяси, спорт және өзге де жобаларды ұйымдастыру, халықаралық көрмелерді рәсімдеу, идеологиясын әзірлеу болып табылады [4]. Бұл компания Қазақстанның барлық аймақтарында, сондай-ақ Беларусь, Ресей, Қытай (Үрімші), Өзбекстан, Түркменстан, Пәкістан, Түркия, Ауғанстан елдерінде өкілдік немесе серіктестік компанияларымен жұмыс істеп келеді. «PR-Management» компаниясының ұйымдастыруымен Қазақстанға рим Папасының ресми сапары, Қазақстан халықтарының спартакиадасы, Қазақстанда шағын бизнесті дамыту бағдарламасы, халықаралық, республикалық көрмелер, жәрмеңкелер және басқа да ірі оқиғаларға кәсіби компания сәтті қызмет көрсетті.

Алматыдағы компаниялардың қалыптасуының үшінші кезеңі 2001 жылдан басталып, PR дамуындағы сапалы үрдістерімен сипатталады. Бұған қалыптасып келе жатқан ақпараттық нарық пен өзгеріс үстіндегі бұқара санасы өз ықпалын тигізді. Қаржы пирамидаларының нәтижесінде пайда болған жарнамалық серпілістің сәл бәсеңдеуі, PR-консалтингтік агенттіктер қаржы салымы мол саланың бірі болғандықтан сайлау компаниялар тәжірибесінің кенекі мен күрделенуі байқалған. Мұндай сапалы өзгеріске PR саласы бойынша Алматыдағы бірқатар жоғары оқу орындарында «Қоғаммен байланыс» мамандығының ашылуын атап өтеміз. 2001 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім беру тізімінде аталмыш мамандығының пайда болуы елдегі оң сапаның көрсеткіші болғаны айғақ. Бұл уақытта PR-агенттіктердің кәсіби желісі дамып, жаңа субъектілер пайда болды. PR-агенттіктердің Алматы қаласында, яғни өңірлік қаржылық бизнес орталығында қарқынды дамып отырғаны отандық PR-агенттіктер дамуының ең айрықша ерекшелігі болып отырғандығы да содан.

Бұл кезекте 2001 жылы құрылған «Promo Group Communications», 2002 жылы ашылған «репутация» коммуникативті технологиялар орталығы, басқа да агенттіктер корпоративті PR, басқарушы коммуникацияларды қалыптастыру, имиджді түзету және әзірлеу, дағдарыстық PR, БАҚ-пен байланыс, саяси консалтинг, саяси, экономикалық, мәдени, спорт және өзге де жобаларды жүзеге асыру, кешенді PR және

ақпараттық қамсыздандыру, іс-шараларға ақпараттық қолдау көрсету, саяси кеңістікті талдау сияқты толыққанды қызметтер жүйесі ұсыныла бастады. Сөйтіп, Алматыдағы PR ұйымдары бүкіл Қазақстан аумағындағы ірі коммерциялық және саяси жобаларды іске асыра бастайды. Дәлел ретінде Қазақстан баспасөз клубының ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, БҰҰ, ЮСАИД, Еуразия қоры, Дүние жүзілік банк, Фридрих Эберт атындағы Қор, Майкрософт, Еуразия қоры сияқты халықаралық және донорлық, трансұлтты корпорациялардың тапсырыстарын сәтті өткізеді. Аталмыш ұйым баспасөз мәжілістерін Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдерінде ұйымдастыруы елдегі PR кәсібилігінің өсуін айғақтайды. Дәл осы PR-нарығының қалыптасуының жаңа кезеңінде Алматы қаласында пайда болған компаниялардың тағы бірі бизнес-жобаларды ақпараттық қамсыздандырумен айналысатын – «East Point» компаниясы. Қоғаммен байланыс жөніндегі агенттік Қазақстан нарығында 2001 жылдан бастап 13 жыл бойы өз деңгейінде қызмет көрсетіп келе жатқан алматылық компания. «East Point» қоғаммен байланыс жөніндегі халықаралық агенттіктермен серіктестік байланыс орнатқан. Отандық нарықта қызмет етіп келе жатқан агенттік көптеген мемлекеттік құрылымдармен, кәсіпорындық ортамен және қоғамдық институттармен қатынастар орнатты. Сонымен бірге ол қоғаммен байланыс саласында күрделі әрі ірі масштабтағы міндеттерді орындауға тырысады [5].

2003 жылы «PR-Management Company» атты PR-агенттік ресми түрде Алматы қаласында тіркелді. Бүгінде бұл агенттік отандық PR-нарық та сәтті қызмет ететін компаниялар қатарына еніп, Қоғаммен байланыс жөніндегі Ассоциацияның құрамына енді. Осы күнге дейін компания PR-қызмет көрсету саласында біршама тәжірибе жинақтап, көптеген индустриалдық, өндірістік сектордағы, заңдық және жарнамалық қызмет көрсету нарығындағы компанияларға қызмет көрсетіп, экономика, авиация, экология, мәдениет және спорт салаларында түрлі жобаларды жүзеге асырды. Бұл агенттік өз мақсаты ретінде PR саласында сапалы қызмет көрсету арқылы түрлі мекемелердің беделі мен имиджін қалыптастыру мен қолдауға қатысу, осы арқылы тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру секілді міндеттер деп жариялады. Алматы қаласында аса танымалдылық пен көптеген мекемелер тарапынан сенімге ие болған бұл агенттіктің негізгі қызмет көрсету түрлері мынадай:

1. PR – тұтынушының аудиті мен имиджін (корпоративті) жасап шығару, оның ішінде мына қызметтерді баса айтуға болады:

А) Жарнамалық және PR-стратегияларды тестілеу мен сараптамадан өткізу;

Б) Қоғамдық пікірді зерттеу мен оның жағдайына талдау жасау;

В) Ақпаратты тиімді тарату каналдары мен мақсатты аудиторияны анықтау;

Г) Мекеме слоганын жасап шығарып, оны тестілеу.

2. Қоғаммен байланыс және БАҚ стратегияларын жасап шығару:

А) Тиімді PR-стратегияны жасап шығару;

Б) Медиа-план жасау;

В) Ұсыныстарды талдау және саралау.

3. Баспасөз қызметінің жұмысын тиімді ұйымдастыру мәселелері жөнінде кеңес беру:

А) Құрылымды зерттеу және сараптау, оның тиімділігін саралау;

Б) Ұсыныстар жасап шығару;

В) Баспасөз қызметінің функциясын атқару.

4. Билікпен және өзге мемлекеттік органдармен тиімді байланыстарды орнату:

А) Тұтынушы үшін актуальды болып табылатын тұлғалармен және мемлекеттік органдармен байланыс орнату;

Б) Тұтынушы-компаниялар мен олардың іс-шараларына мемлекеттік органдарды серіктес ретінде тарту.

5. Мекемедегі ішкі корпоративті коммуникацияларды қалыптастыру (ішкі корпоративтік медиа-өнімдерді шығару, корпоративті шараларды ұйымдастыруда кеңес беру және т.б.), оның ішінде:

А) Қажеттіліктерді зерттеу және сараптау;

Б) Ұсыныстарды жасап шығару және коммуникациялардың концепциясын ойластыру және т.б.

6. Тұтынушы шараларын ақпараттық демеу, БАҚ-пен жұмыс жасау.

7. Имидждік корпоративтік және қайырымдылық шараларды, акцияларды, жобаларды ұйымдастыру:

– Копирайтинг;

– Ұйымдастырушылық қызмет;

– Ақпараттық қамсыздандыру;

8. Социологиялық және өзге де зерттеу түрлерін негіздемесімен, есеп беруімен және қорытынды сараптауымен жасап шығару және жүргізу.

9. Клиентінің арнайы маманданған, инвестициялық қазақстандық және халықаралық конференцияларға, көрмелерге және т.б. шараларға қатысуын ұйымдастыру.

10. Events – мақсатты аудиторияларға арналған шараларды өткізу және ұйымдастыру [6].

Жалпы аталмыш компанияның ұсынып отырған бұл қызметтері осымен ғана шектелмейді. Компанияның сайтына бас сұқсаңыз ондағы қызмет түрлерінің алуантүрлігінен көз сүрінеді. Мәселен, Mediaclub (exclusive) қызметтері, Медиабайинг қызметі, БАҚ мониторингі, консалтингтік қызмет, дағдарысқа қарсы PR, кешенді PR-қызметі және т.б. Компанияның www.prm.kz электронды мекенжайы бойынша орналасқан веб-сайты да айтарлықтай тартымды, яғни жергілікті өз тұтынушыларын бірден тартып әкететіндей етіп жасалынған. Дегенмен бұл агенттіктің қызметіндегі бір кемшілік, оның мемлекеттік тіл – қазақ тілінде жұмыс жасайтын мамандарының аздығы. Бұл тұста дәл осы алматылық PR-агенттіктерінің көпшілігіне тиесілі жаңа бір мәселе – қазақ тілді PR-дың дамуының әлі де болса кешеуілдеп келе жатқандығын анық байқаймыз. Яғни Алматы қаласындағы осы саладағы агенттіктердің кемшілігі ретінде олардың қалыптасуындағы мемлекеттік тілдің қолданысында болып отыр.

Жалпы, Қазақстандағы қоғаммен байланыс институтының жеке әлеуметтік саяси мәнді қызметтері Алматыда пайда болғанын айтады көптеген сарапшылар. Әсіресе PR – әрекетін ағарту, жарнамалау және жылжыту қызметтері көбіне-көп миллиондаған тұрғыны мен тауар-айналым субъектілері бар мегаполисте өтіп жатуы заңды да.

Жаңа мамандықтың әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси рөлін, мәнін көрсету, оның ақпараттық қоғамды құрудағы үлесін ашық анықтау PR-зерттеушілердің алдында тұрған зор міндет болған еді, солардың бірі – қазақстандық PR-дың «туған күнін» атап өту. Соған қатысты 2003 жылдың 15 мамыр күні «PR-дың туған күнін» тойлау жөнінде шешім ұйғарылды. PR-күнін атап өтудің басты мақсаты елде қоғаммен байланыстың өркениетті нарығын дамыту, коммуникаторлардың әлемдік қауымдастығымен бірлесу, Қазақстанда бұл мамандықтың абырой-беделін көтеру және танымал ету болып табылады. Тұңғыш рет барлық PR-мамандардың кәсіби мерекесі ретінде тойланған бұл шаралар корпоративті кездесулер, семинарлар, мәжілістер, дөңгелек үстелдер, сапарлар, қазақстандық PR нарығының әлеуетін көрсетуге арналған.

Мұндай шаралардың барлығы Алматы қаласына шоғырланды. Бұл кезекте жаңа PR

-технологияларды ұғынуға, PR мамандар мен клиенттер арасында іскерлік байланыстар орнатуға, бірін-бірі жақсы тануға көмектесетін шаралардың Алматыда өтуі Алматы қаласындағы PR-агенттіктердің жұмыс істеуге деген ынтасын арттырғаны сөзсіз. Отандық саяси PR институтының, паблик рилейшнз қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, даярлау мазмұнның беделін түсіретін, сенімін жоятын бірқатар күрделі қиындықтар бар екені белгілі. Ол ең алдымен, PR саласындағы білім беру мәні мен мазмұнын бұрмалау, білімді оқытушылардың тапшылығы, PR пәні бойынша отандық әдебиеттердің аздығы, қазақ тілді оқулықтардың мүлдем болмауы, PR мамандығының халық арасында жат қылық, түсініксіз құбылыс ретінде қабылдануы сияқты мәселелер. Отандық ұйымдардың саяси PR қызметтері әлі де бірбеткейлі сипатқа ие болып отыр.

Бүгінде Алматыдағы PR-нарық біртекті емес болғандықтан оның тұтынушыларын да сарапшылар «толыққандылық» деңгейі бойынша бірнеше негізгі топтарға бөледі. Бірінші топқа қоғаммен байланыстың маңыздылығын шын мәнінде саралай білетін және оны өз тәжірибесінде белсенді түрде жүзеге асырып отыратын компаниялар кіреді. Олар тиісінше өзіндік PR-құрылымдарға және жеке имидждік стратегияларға ие. Бұл топты мұнай-газ секторы, банктер, FMCG және IT-компаниялар қалыптастырған.

Айтарлықтай көпсанды құрылымнан тұратын екінші топқа PR-дың өзектілігін жақсы түсінетін, бірақ түсінсе де оның дұрыс қолданылуын игермеген компаниялар. Сарапшылардың пікірінше, мұндай компаниялар коммуникациялардың құрылымын түсіне отырып қолданбайды. Ал үшінші топқа өз қызметінде PR-ды мүлдем қолданбайтын компаниялар жатады. Бүгінде зерттеушілердің айтуынша, Алматы қаласында екінші топқа жататын компаниялар өте көп, яғни олар PR-агенттіктерге деген сұраныстың артуына алып келетін басты себепкерлер [7].

Жалпы сарапшылардың пікірінше, статистикаға жүгіне отырып бүгінде бірқатар компаниялар дәл осы қоғаммен байланыс қызметіне өз назарын аударғаны соншалық, олар өз бюджетінің өте көп бөлігін дәл осы PR-қызметтерге бөліп отырған көрінеді. Бұл дегеніміз мұндай агенттіктердің болашақта да үлкен қарқынмен дами түсетіндігінің белгісі. Жалпы Алматы қаласы үлкен құрылымды, мыңдаған түрлі салада қызметін ұсынатын

компаниялар өмір сүретін, тауар айналымы мен қаржылық балансты қамтамасыз етіп отырған республикалық маңызы бар қала болғандықтан мұнда PR-агенттіктердің өмір сүруі үшін аса қолайлы жағдайлар жасалынған. Әсіресе Алматыдағы, сонымен бірге жалпы Қазақстандағы PR-нарықтың дамуына үлкен мүмкіндік берген жағымды факторлардың бірі ретінде сарапшылар қор нарығының дамуын атап өтеді (жекелей айтсақ, «Қазақмыс» пен «Қазақалтын» IPO-лары). Сонымен бірге Алматының аймақтық қаржылық орталық ретінде дамуы PR-қызметінің маңыздылығын арттырып, медиа кәсіпкерліктегі бәсекелестіктің артуына септігін тигізуде. Дегенмен, бірқатар зерттеушілердің пікірінше, Алматыдағы PR-агенттіктердің жаңбырдан кейінгі саңырау-құлақша қаптап кетуі оның сапасының да артуына алып келеді деген сөз емес. Олардың бүгінгі таңдағы қызмет көрсету сапасы көп жағдайда өте төмен. Олар көбіне көп тек қана БАҚ-та беделдік материалдарды жариялап беру қызметін ұсынумен ғана шектеліп отыр. Әсіресе отандық PR-мамандары көп жағдайда өз клиентінің бәсекелестік артықшылықтарын бағамдауды, имидждік диагностиканы кәсіби түрде өткізуді, тиімді PR-тәсілдерді қолдануды дұрыс әрі орынды жүзеге асыра алмайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жалпы Алматыдағы қоғаммен байланыс құрылымдарын екі топқа бөлуімізге болады. Біріншісі кәсіпорынның құрылымына кіретін және оның ажырамас бөлігі болып саналатын қоғаммен байланыс жөніндегі бөлімшелер болса, екіншісі PR-қызметтер көрсететін тәуелсіз агенттіктер. Алматыдағы мұндай бөлімшелерге, яғни бірінші топқа жататын мысал ретінде түрлі банктердің, ұлттық компаниялар мен мекемелердің, сонымен бірге көптеген мекемелердегі бөлімшелерді атауға болады. Ал біз қарастырып отырған екінші топқа «PR & promotion Central Asia» агенттігін, «AVA» агенттігін де атауға болады. Олар қазақстандық PR-нарықта бірнеше жылдың көлемінде жеңісті қызмет етіп келе жатқан алматылық компаниялар. Осы уақыт ішінде олар толық масштабты түрлі шараларды атқарып үлгерді. Олар ірі компаниялармен ғана емес, сонымен бірге шағын ғана кәсіпорындармен де жұмыс істейтін агенттіктер. Өз қызметі аясында олар жаңа стратегияларды ойлап табу, осы салада кеңес берулер жүргізу, баспасөз маслихаттарын, семинарлар мен презентациялар өткізу секілді қызмет түрлерін көрсетуге әзір. Олардың қызмет аясын бағамдай отырып, жалпы қазақстандық

PR-нарықтың бүгінгі таңдағы даму деңгейін бағамдауға болады дейді сарапшылар. Яғни бұл тұста отандық қоғаммен байланыс саласы әлі де даму үстінде, онда көптеген кемшіліктер бар екендігін атауға болады [8].

Жалпы бір қарағанда Алматы қаласындағы PR-индустрияға үстірт қана көз жіберсең ондағы қаптаған жарнама агенттіктерінің, қоғаммен байланыс қызметін ұсынатын агенттіктер мен компаниялардың көптігінен көз сүрінетін секілді. Әсіресе тұтынушылар базасының көбеюі, оған деген сұраныс пен ұсыныстың артуы PR-нарықта айтарлықтай өрлеу бар секілді көрінеді. Дегенмен, жақсылап тұрып олардың қызмет көрсету сапасын санына шаға отырып, зерделеп көрсек, бұл нарықтың халықаралық деңгейде қызмет етіп отыр деп ауыз толтыра айта алмаспыз тағы анық. Сарапшылардың пікірінше бүгінде тұтас отандық PR-нарық қалыптасу баспалдағынан енді өтіп келеді және осы уақытта ол өсу сатысының өзіндік қиындықтарына ұшырауда. Агенттіктер тарапынан ұсыныс көбейе түсіп, Алматы қаласында PR-агенттіктер күннен күнге көбейіп жатқанымен олардың қызмет көрсету сапасы кәдімгідей төмен. Бұны тіпті агенттіктердің өздері де мойындап отыр. Бұрыннан бері бұл салада жұмыс жасайтын компанияларда ізденіс жоқ, олар бұрынғы қызмет түрлерін ғана ұсынумен шектеліп қалу тенденциясы байқалады. Жоғарыда атап өткеніміздей, жарнама және маркетингтік агенттіктер PR-қызметтерді ұсынғанда, оның маңыздылығына үстірт қарап, тек қана ақылы түрде БАҚ-қа материалдарды жариялаумен ғана шектелгендіктен, тұтынушы ол агенттіктің қызметіне ғана емес, сонымен бірге тұтас PR-технологиялардың да маңыздылығына күмән келтіреді. Осылайша, PR-қызметтерінің сапасыздығы тұтынушылардың оларға деген сенімсіздігін тудырып, олардың азаюына әкеледі. Дәл осы мәселеде біздің отандық, оның

ішінде Алматыдағы да агенттіктерге қатысты туындап отыр.

Promo group communications (PGC) агенттігінің бас директоры Әсел Караулова бүгінгі агенттіктер көбінесе ақпараттық-түсіндіру қызметіне баса назар аударатынын айтады. Оның айтуынша, бүгінгі тұтынушылар да қызмет көрсетушілер де мекеме қызметін нақты жоспарлап, алдын ала тосыннан болатын дағдарыстық жағдайларға төтеп беру қадамдарын жасауға құлықсыз.

«GALA Invest Consulting» компаниясының президенті Галина Шалғымбаева бүгінде коммуникациялық құралдар акционерлердің сенімін нығайту мен сақтау үшін, инвесторлардың санын арттыру үшін, объективті бағаға ие болу үшін, жаңа капиталдар мен қарыздық қаржыландыруға қол жеткізу үшін қажет дейді. Яғни, бұл тұста бүгінгі басым бөлігі Алматыда шоғырланған компаниялар мен агенттіктердің басты қателігі олардың көбіне көп БАҚ-қа тиісінше назар бөлмеуінде, яғни егер БАҚ қоғамдық пікір қалыптастырушы күш болса, отандық PR саласы да осы бағытта жұмыс істегені абзал. Сарапшылардың пікірінше, бүгінгі отандық PR-нарықтың көлемі ең аз дегенде 100 млн долларды құрап отыр, бұл әрине біздегі халық санын ескерсек үлкен жетістік болып саналады. Мәселен бұл сан Ресей нарығында 500 млн долларға тең. Ал алматылық агенттіктер бұл көрсеткіштің 70 пайызын қамтамасыз етіп отыр дейді сарапшылар. Яғни бұл тұста Алматы қаласында шоғырланған PR-нарық отандық нарықтың жартысынан астамын құрап отыр. «Ренессанс» агенттігінің директоры Светланы Крутскихтің пікірінше Алматы қаласында келесідей бағытта қызмет ететін компаниялар белсенді түрде дамып келе жатқанын айтады: репутациялық менеджмент, media-relations, ішкікорпоративті коммуникациялар, GR және CSR саласындағы стратегиялар.

Әдебиеттер

- 1 Чумиков А.Н. Связи с Сообщественностью. – М., 2001.
- 2 Дороти Доти И. Паблсити и паблик рилейшнз. – М.: Информационно-аналитический дом «Филинь», 1996.
- 3 «Ренессанс» PR-агенттігінің ресми сайтынан алынды //www.mns.kz. 2013 жыл.
- 4 Қазақстандағы PR мен БАҚ/мақалалар жинағы. 2-кітап /БАҚ менеджменті және жарнама кафедрасы. – Алматы: Нұр, 2005, 2006.
- 5 «East-point» қоғаммен байланыс жөніндегі агенттіктің ресми сайтына алынды//http://www.east-point.net/index.php?option=com_content&view=article&id=11&Itemid=
- 6 «PR-Management Company» агенттігінің ресми сайтынан алынды// prm.kz. 2013 жыл.
- 7 Копежанова Д.Е. Болгария мен Қазақстандағы саяси PR-дың даму тарихы мен жағдайы. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, № 3 (76) 2010.
- 8 Арбабаева Г. Рынок PR-услуг в Казахстане // Международный деловой журнал Kazakhstan. – 2008.

References

- 1 Shumikov A.N. «Public relations». – М., 2001.
- 2 Doroty Doty I. Publicity and public relations. – М.: Informatsionny-analytyshesky dom «Filin», 1996.
- 3 «Renessans» PR-agenttikiginin resmi saitinan alyndi //www.rns.kz. 2013.
- 4 Kazakhstan PR men BAK//makalalar jinagy. 2-kitap /BAK menenjmentyjane jarnama kafedrasy. – Almaty: Nur, 2005, 2006.
- 5 «East-point» kogammen baylanis jonindegi resmi saityna alyndi/ <http://www.east-point.net>
- 6 «PR-Management Company» agenttiginin resmi saytinan alyndi // prm.kz. 2013 жыл.
- 7 Kopezhanova D.E. Bolgarya men Kazakhstan sayasi pr–din damu tarihi men jagdayi. L.N. Gumilev atindagy Eurasia universytety, № 3 (76) 2010.
- 8 Arbabaeva G. Rinok PR-uslug v Kazakhstane, mejdunarodnyi delovoi jurnal Kazakhstan, 2008.

3-бөлім
ЗАМАНСӨЗ ЖӘНЕ КӨРКЕМСӨЗ

Раздел 3
**ПУБЛИЦИСТИКА
И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ СЛОВО**

Section 3
**JOURNALISM AND ARTISTIC
EXPRESSION**

Медеубекұлы С.,
Сейітжанова Ж.
**Жыраулық-ақындық
айтындар**

Автор бұл зерттеуінде шешенсөздің жыраулар мен ақындар тудырған түрлеріне ғылыми сараптама жасайды. Не фольклортану, не ауыз әдебиетін тану ғылымында ол туындылардың қоғамдық санаға қозғау салу мүмкіндігі мен осы бағыттағы қызметі арнайы сөз болмаған. Бұл мәселелер осы мақалада тұңғыш рет сөз болады. Терменің, толғаудың, өлеңнің, айтыстың ақпараттық, сараптамалық, ағартушылық, тәрбиелік қызметтері қарастырылады.

Түйін сөздер: шешенсөз, жырау, фольклортану, терме, ағартушылық.

Medeubekuly S.,
Sejtzhanova Zh.
Visitors poets speech

The author in this article gives you the genre definition oratory akyns and bard. In folklore and folklore was not a study, the first in this article addressed a word about etom. A also considered educational functions ter. IU, tolgau, zhyr.

Key words: oratorial, speech, narratoc, folklore, recitative, enlightenment.

Медеубекұлы С.,
Сейітжанова Ж.
Публичные речи поэтов жырау

В данной статье автор предлагает собственное определение жанру ораторского искусства акынов и жырау. До настоящего времени в отечественной фольклористике и устном народном творчестве не было аналогичных исследований. Также автор исследует воспитательную и аналитическую функции толғау и айтысов.

Ключевые слова: ораторская речь, сказитель, фольклористика, речитатив, просветительство.

ЖЫРАУЛЫҚ- АҚЫНДЫҚ АЙТЫНДАР

Адамның бәрі сөйлей алады. Көзі көрмейтіннің де, құлағы естімейтіннің де өз тілі бар. Бірақ сөйлей алатынның бәрі шешенсөз айтындарының төлиесі бола алмайды. Төлие деп отырғанымыз – халыққа, бұқараға, әлеуметке, қауымға қажетті ой мен пікірді қажетті сәтте өтімді де жетімді түрде айтатын адам. Басқаша айтқанда, ол – шешенсөз айтынын *өз жанынан шығарып* айтушы (автор). Қоғамға қажетті, бұқараның санасын оятар ойларды өткір тіл, өрнекті сөзбен кім шығарып айтады? Әрине, Алла бойына ерекше қабілет берген дарынды адамдар. Ондай адамдардың қатарында хандар, билер, сұлтандар, шешендер, батырлар, ақындар, жыраулар, яғни елге тұтқа болған тұлғалар кіреді. Қазақ шешенсөзінің көнеден бүгінге жеткен нұсқаларын біз, халыққорынан (фольклордан), ауызша әдебиеттен іздейміз. Халыққорынан алынған нұсқалар әрине ғасырлардан ғасырларға халық санасының ойсүзгісінен өтіп, неше рет жаңғырған, ең алғашқы төлиесі ұмытылған, кейінгі иелері тарапынан тыңдаушысының талғамы мен танымына және талабына қарай жаңалықтар қосылған, уақыт сұранысына орай өңделген. Бірақ атқаратын қызметі, негізгі идеясы өзгермеген. Мысалы, аттан, болмаса ұран секілді шешенсөзді естіген сәтінде қағазға түсіріп жату болмайды. Біреу Аттандап жатса, аттанды естігеннің біреуі «мынауыңды қағазға жазып алайын» немесе «таспаға түсіріп алайын» деп тұрмайды. Ол да қолына қажетті қаруын алып, еш ойланбай аттануға міндетті. Халықтық санаға сіңісті болған, ғасырлар бойы қалыптасып, әбден орныққан ереже солай. Аттан естушінің құлағынан өтіп жадында сақталып қалады. Оған қосажардың (комментарий) керегі жоқ. Ұран да солай. Аттанды немесе ұранды болмаса серт, уәде, антты айту үшін аса үлкен қабілеттің керегі жоқ. Оған ар мен намыс, жігер керек. Ондай шешенсөз айтындарын іс түскенде екінің бір айта алады. Сондықтан да біз оларды *халықтық шешенсөз* қатарына қостық. Шешенсөз айтындарының ішінде екінің бірі айта алмайтын, ерекше дарын қуатын, айырықша қабілет қарымын қажет ететін түрлері болады. Мысалы өлең, жыр, терме, толғау, ән, желдірме, тақпақ үлгілерін өз жанынан шығарып айтатын қабілет болмаса қатардағы қараман шығара бермейді. Сондықтан да біз ерекше дарын иелерінің өз жанынан шығарып бұқараға таратқан нұсқаларын кәсіби шешенсөз деп

атаймыз. Шешенсөзді жасаушылар бойына Алла берген дарын қуатын қара бастың қамына жұмсамайды, халықтың жоғын жоқтауға, мұңын мұңдауға жұмсайды. Өзгелер көрмегенді бұрынырақ көреді, сезбегенді ертерек сезеді, айтпағанды алдымен айтады. Бұл әсіресе ел басына түскен жағдайларда анық көрінеді. Қандай жағдай болса да шешенсөзгер елең етпей, сөз айтпай тұра алмайды. Шаттықта да, қайғы қасыретте де жүрекжарды сөзін елге алдымен жеткізуге ұмтылады. Болған жағдайды халықпен бірге бөліседі, қуанышына да, қайғысына да ортақтасады. Демек сөзгер мұндай кезде елдің алдында жүреді, қоғамдық ойдың, халықтық пікірдің көш басында болады. Ондай тұлғалардың қатарында әрине жыраулар мен ақындар сөзсіз тұрады. Жырау туралы қазақ және түрк ауыз әдебиеті мен фольклорын зерттеген ғалымдардың көбі өз пайымдарын айтқан болатын.

«Ауыз әдебиетін **көсемдік-шешендік өнер** (проза) және **жыраулық-ақындық өнер** (поэзия) деп екі салаға бөлеміз. II. Жыраулық-ақындық өнер де екіге бөлінеді. Олар **ырғақты-толқынды сөз** және **әуенді-әуезді сөз**. а) ырғақты-толқынды сөз дегеніміз әуенсіз, мақамсыз, музыка аспабының сүйемелінсіз тек дауыс ырғағы мен айшықты айтылатын шығармалар. Олар: – шешендік толғау, тақпақ, шешендік тақпақ, т.б. ә) әуенді-әуезді сөз дегеніміз әуенмен, сарынмен, мақаммен, сазбен, әуезбен, екпінмен айтылып, белгілі бір музыкалық аспап сүйемелімен орындалатын шығармалар. Олар: жыр, толғау, терме, өлең, ән, желдірме, т.б.». Осы айтылғандарды біз ауызша публицистикаға қатысты өрбітсек, бұл жыраулық-ақындық шығармалар әу баста дәл бүгінгі көркем қалпында дүниеге келді ме деген сұрақ көлденеңдеп алдымыздан шығады. Рас, белгілі бір жыраудың, ақынның топ алдында айтқандары естігеннің есінде қалатыны сөзсіз. Сол есінде ұстап қалған айтушы дәл сол қалпында келесі тыңдаушыға жеткізуі мүмкін бе? Сөздік құрамы, мәтіндік болмысы негізінен сақталуы мүмкін. Бірақ алғашқы айтылған сәтіндегі психологиялық ахуал, сондағы жыраудың я ақынның шабытты көңіл-күйі, сол көңіл күйден туған сезімі (чувство) мен сезінісі (эмоция) нәтижесінде болатын ым, ишара, үнрең (тон), үнұрғақ (ритм), үнекпін (интонация) ұнажар (тембр) дәл сол қалпында берілмейді. Жыраудың я ақынның айтқандары нақты жағдайға байланысты сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік қажеттіліктен туады. Дәл

ондай қажеттілік дәл сондай жағдайда екінші рет қайталанбайды. Жырау айтқан айтындар дәл сол қалпында түгел қайталанатын дегенге шартты түрде қараған жөн. Тегінде жыраулар мен ақындардың айтқандары ел жадында қалса, қоғамдық әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандырғаны. Айтылған проблема халық бар жерде, тіршілік болған жерде қайталанбай тұрмайды. Ақын айтқан шындық ертең тағы ел алдынан шығуы ғажап емес. Айтушының айтқаны кейін де қайталанса, оның мәңгілік тақырыпты нақты жағдайға байланысты айта білгендігі. Тегінде жыраулар мен ақындардың шығармалары ең алғаш айтылған сәтінде ол қоғамдық сананы қозғау, жұрттың санасын ояту үшін айтылғандығын, басқаша айтсақ, ауызша публицистика, яғни шешенсөз туындысы ролін атқарғандығын есте ұстаған абзал. Сондықтан да шешенсөздің жыраулық-ақындық айтындарын уақыт өте келе ауызша әдебиет нұсқасына айналған жыраулық-ақындық өнер туындылары деп тану қисынға келеді. Егер біз осы қисынға тоқтасақ, онда жыраулық-ақындық айтындарды да жоғарыдағыдай екі топқа бөлеміз. Біреуі *ырғақты-толқынды айтындар*, яғни әуенсіз, сарынсыз, сазсыз, мақамсыз, әуезсіз тек дауыстың ырғақты-толқынды қалпымен айтылатын сөздер. Ондай сөздерге жыраулық толғам, ақындық тақпақ, жыраулық яки ақындық дарағат (монолог), ақ өлеңді жатқызуға болады. Екіншісі – *әуенді-әуезді айтындар*. Яғни әуенмен, әуезбен, мақаммен, сазбен, екпінмен, сарынмен және белгілі бір музыкалық аспап сүйемелімен айтылатын сөздер. Бұлардың қатарына толғау (*сазбен айтылады*), өлең (*әуенмен айтылады*), терме (*мақаммен айтылады*), ән (*әуезбен айтылады*), жыр (*сарынмен айтылады*), желдірме (*екпінмен айтылады*) жатады. Енді біз осыларға жеке-жеке тоқталалық:

Терме. «Терме» атауы «тер», «теру» сөзінен, яғни шашылып жатқан жырларды бір жерге жинақтау, сондай-ақ бір жырдан ең қажетті асыл ойларды екшеп алу мағынасынан келіп шыққан. Бұл мағына терме жанрының мазмұнына дәл келеді. Терме жанрының осындай ерекшелігін А. Байтұрсынов былайша сипаттаған еді: – «Терме (яки түрлі өлеңдер). «Терме» деп ат қойылуының мәнісі. Бұл түрлі шығармалар бір нәрсенің жайынан сөйлеп тұрмай, көп нәрсені теріп сөз қылып өтеді. Көп нәрсені сөз қылғанда әрқайсысына айналып, баяндап жатпайды. Түрлі шөптің басын шалып, оттап, тоқтамастан желге қарай тартып бара жатқан мал сияқты.

Терме айтушылары түрлі нәрсені сөз қылып, бірақ ешқайсысына айналмастан, кідірместен ілгері қарай сырғи береді» (1. 255 б.). Көрнекті ғалымның бұл анықтамасынан біз терме дегеніміз әуелі «түрлі өлеңдер» немесе «түрлі шығармалар» жиынтығы екендігін аңғарамыз. Демек өз кезіндегі термешілер, акын-жыраулар бір желіге әр түрлі ойды ғана емес, әр мағынадағы өлеңдерді де тізбектеп айтқан секілді. Сондай-ақ айтушылар өлең мен өлеңнің, ой мен ойдың арасында кідірместен, сыдырта «сырғи беріпті». Ахаңның термеге берген бұл анықтамасы сол күйінше қалмаған. Әр кезеңде әр қалай өзгеріп отырған.

«Терме дегеніміз, – дейді Ә. Қоңыратбаев, – үлкен жырдың басында, ортасында не аяғында айтылатын толғау (лирикалық қоспа). Термеде өнегелі сөз немесе заман жайындағы сын элементі болған» (2. 113 б.). Ә. Қоңыратбаевтың бұл айтқандарына ден қойсақ, шындығында эпостық жырлар, дастандар, қиссалар ортасында я басында айтушы уақиғаға байланысты өз ойларын тізбектеп кететіні бар. Және онда өнегелі сөз немесе заман жайында сын айтылатыны да рас. Мысалы:

Арқа деген жайларда,
Атан жығар жел болса,
Үйді дауыл, жел алмас.
Үйде сұңқар құс болса,
Маңына қарға келе алмас.
Жауға шабар ер жігіт
Жаманнан ақыл сұрамас.
Атасы жаман атасыз,
Жетесі жаман жетесіз?
Атамды сұрап не етесіз?
Жетемді сұрап не етесіз? (3. 67 б.).

Сонымен қатар жыр, қиссаларда өнегелі сөз немесе заманға сын ғана емес, мінездеме, сипаттама, суреттемелер де тізбектеліп, термеленіп кететіні де аңғару қиын емес (4. 182 б.).

Мұндай жер, су аттарын теріп айту басқа эпостық жырларда да кезігеді. Мысалы:

Емпей, күмпей қасынан,
Жем, Темірдің басынан,
Қалбағайлы шөлдерден,
Қасқалдақты көлдерден,
Асқар-асқар белдерден,
Айдын шалқар көлдерден,
Қан сасыған жерлерден,
Тобылғылы Нұрадан,
Сексеуілді жырадан,
Баялышты құмайттан,
Бүлдіргенді шыңайттан
Жалғыз шауып жол шекті... (3. 58 б.).

Тек жер, су бедерлерін емес, жырау я жыршы кейіпкерлердің сыртқы пішінін де термелей суреттейді. Мысалы:

От орнындай тұяқтым
Омыртқа бар отаудай.
Жауырының қарасам,
Сыпыра шапқан тақтайдай.
Құйрығыңа болайын,
Қынаптан шыққан қанжардай.
Жалыңа сенің болайын,
Күлтеленген жібектей.
Шықшытыңа болайын,
Оралып жатқан түбектей.
Құлағыңа болайын,
Қара албасты қабақтай.
Бауыздау жеріңе болайын,
Піскен алма сағақты-ай.
Екі көзіңе болайын,
Қорықтан жанған шырақтай
Танауыңа болайын
Тығынын алған шелектей... (3. 117 б.).

Жас кездерін де тізбектей кетеді. Мысалы:

... **Бес жасыңда**, қарт Қожақ,
Жас шыбықтан жай тарттың,
Жалғыз шиден оқ аттың,
Атқан оғың жоғалттың,
Кәне шыққан мүйізің?
Он жасыңа келгенде
Қызыл-жасыл киініп,
Қынай белің буынып...,
Қызбалықты көрініп,
Бала болдың бір кезек,
Кәне шыққан мүйізің?
Жиырма беске келгенде
Ақ балтырың түрініп,
Оймақтай аузың бүріліп,
Қарт бурадай қомданып,
Қас батырдан шамданып,
Сыртыңнан дұшпан сөз айтса
Шыныңменен арланып,
Қызды бақтың бір кезек,
Кәні шыққан мүйізің?
Отыз беске келгенде... (Сонда.)

Бірақ бұлардың бәрі терме түрінде кездеспейді екен.

Жоғарыда біз келтірген Ә. Қоңыратбаевтың анықтамасына ғалым Н. Төрехұлов былай деп уәж айтады:

«Ғалымның бұл тұжырымын түгелдей құптай алмаймын. Терме, біріншіден, үлкен жырдың басында, ортасында не аяғында келетін қоспа ғана емес, ол өзінің шығу, айтылу тәсілі, белгілі мақсат-мәні бар дербес жанр. Терменің үлкен эпикалы дастан, қиссалардың аралығында

(кейде әлқисса ретінде) бас, аяғында кездесетіні болады. Ол ақын, жыраулардың өзіндік тәсілдері. Ақындар жырлап отырған жырын әр мәнерге салып құбылтады. Тыңдаушысын еліктіру үшін жыр арасында термелеп, желе-жортып та алады. Сұрау, жауаптарын диалогқа да құрады. Ара-арасында жұмбақтап та, мақалдап та, тақпақтап кетеді. Эпос, дастандар аралығында «Жар-жар», «Беташар», «Жоқтау» термелер де кездесіп отырады... » (5. 127 б.). Шынында да жырау, яки жыршы эпикалық жыр айтып отырғанда тыңдаушысын жалықтырып алмас үшін көтеріңкі көңілмен серпіле сөйлеп, ұшқыр ойларды, ұтымды тенеулерді риторикалық, шешендік тілмен шабыттана, шалқыта термелеп кетеді. Мұндай тәсіл айтушының өзіне де қанат бітіреді, тыңдаушысын да желпіндіріп жібереді. Мұндай мәнерді ақын-жыраулар ұзақ толғау орындау кезінде де пайдаланған. Бірақ бұл әлі терменің өзі емес, термелеу тәсілі, термелік үлгі, термелік пішіннің эпостық жырларда дастан, қиссаларда, ұзақ толғауларда пайдаланылуы, қолданылуы. Жоғарыда біз келтірген мысалдар соның айғағы.

Ал терме жанрына Н. Төрехұлов: «Терме – халық жанрының бір түрі. Ақын, жыршылар жырлауға тиісті кейіпкерлерінің бойындағы бар қасиет, қабілетін, мінез-құлқын теріп айтады. Немесе, оқиға құбылыстарын, табиғат суреттерін, адамның жас кезеңдерін термелеп, тізбектеп көрсетеді» (Бұл да сонда, 126 б.), ... – «термеде

көбінесе табиғат құбылысы, жер, су және адам аттары... тере айтылады» (Сонда 5. 118-бет.) деп анықтама береді.

Мұнда термеге тән ерекшеліктер біршама жинақталғанымен, терме тек есімдер мен атаулардың, мінез-құлықтардың, суреттер мен жас кезеңдерінің тізбегі ғана секілді болып көрінеді. Егер шын мәніндегі терме осы болса, бүгінге дейін өмір сүріп, жалпы халықтың жан дүниесін жаулап алуға құдіреті жетер ме еді? Үнемі жер, су, өзен, көл, тау, жоталарды мадақтап, термелей берсек, болмаса адам аттарын жалаң тізбектей берсек тыңдаушыны жалықтырып алмас па едік? Әрине сөйтер едік. Біздіңше, ғалым терменің атын да, затын да өшірмей, беделі мен қасиетін арттырып келе жатқан ең басты мақсаты мен міндетін, табиғи қажеттіліктен туған негізгі ерекшелігін айтпай кеткен сыңайлы.

Терме жанрын ғылыми ой нысанасына алып, арнайы зерттеп, ерекшеліктерін екшеп айтқан ғалым-өзтарапынан терметүрлеріне де тоқталады. Терменің жазба ақындар шығармашылығында да ұшырасатынын ескертеді. Жалпы терме жырлар өз алдына жинақталмағанын, оған әркімнің көзқарасы әр түрлі екендігін құлаққа салады. Термешілік дәстүрге тоқталып, ой-пікір соңында терме жанры және термешілік өнердің туысқан халықтар шығармашылығында да бар екендігін нақты мысалдар келтіре отырып тұжырымдайды.

Әдебиеттер

- 1 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 255 б.
- 2 Қоңыратбаев Ә. // «Жұлдыз», 1959. – №6. – 113 б.
- 3 Батырлар жыры. – Алматы, 1986. – 1-том. – 67 б.
- 4 Батырлар жыры. 3-том, 1987. – 182 б.
- 5 Төрехұлов Н. Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 127 б.

Refereces

- 1 Bajtursynov A. Shyfarmalary. – Almaty, 1989. – 255 b.
- 2 Qonqratbaev Ä. «Zhıldyz», 1959. – №6. – 113 b.
- 3 Batyrlar zhyry. – Almaty, 1986. – 1-tom. – 67 b.
- 4 Batyrlar zhyry. 3-tom, 1987. – 182 b.
- 5 Törekxulov N. Qazaq soviet halyq poezijasynyn zhanrlyk erekshelekteri. – Almaty: Fylym, 1979. – 127 b.

Кісінің көркі – жүз,
Жүздің көркі – көз,
Ойдың көркі – тіл,
Тілдің көркі – сөз.

Бисенбаев П., Кербозов Е.

**«Алпамыс батыр» жыры:
тарихилығы мен типологиясы**

«Алпамыс батыр» жыры – күллі түркі жұртына кең тараған туынды. Мақала авторлары осы жырдың сюжеттік желісіне өзек болған дәстүрлі сарындар жайын сөз ете отырып, олардың «Қорқыт ата кітабындағы» Бамсы-Бейрек оқиғасымен байланысына назар аударады. «Бамсы-Бейректегі» батырдың ғайыптан тууы, бесікте жатқанда атастырылуы, басты кейіпкердің жат жұртта тұтқында болуы, жыр соңында батырдың өз әйелінің тойына қатысуы сияқты мотивтердің типологиялық сипатына тоқталады. Автор оғыз ескерткішін «Алпамыс батыр» жырының көне нұсқалары қатарына жатқызған. Мақалада «Алпамыс батыр» жырының тарихи негізі туралы тұжырымды ойлар кездеседі. Нақтырақ айтсақ, ізденушілер Әбілғазының «Түрікмен шежіресіндегі» дереккөздеріне сүйене отырып, Алпамыс пен Баршынның оғыз еліне аты мәлім тарихи тұлғалар екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар мұнда қалың қоңырат руының Алтын Орда дәуірінде қоныс тепкен жерлері турасында да мәліметтер ұшырасады.

Түйін сөздер: дерек, ескерткіш, сюжет, кейіпкер, нұсқа, тарихи тұлға, жыр, эпос, жанр.

Bisenbaev P., Karbozov E.

**Legend «Alpamys batyr»:
historicism and typology**

Epic «Alpamys Batyr» – a work universally common perception in all Turkic peoples. The author turns his attention to the relationship story tales system based on traditional motifs with BAMS Beyreka actions of the «Book of Dede Korkut». Typological similarity of these two works is found in the miraculous birth of Batyr BAMS Bayreka, named his name in the cradle, in the adventures of the central character in the camp of the enemies, ultimately – in the presence of Batyr to toe his wife, and other motifs. The author correlated in a number of variants of the ancient Oguz monuments and legends «Alpamys Batyr». The article deals with the question of the historical basis of the legend «Alpamys Batyr». More precisely, based on the actual sources of «Bloodline Turkmens» Abulgazi researcher confirms the existence of certain historical figures: Alpamys and Barsha – once existed in Oguz. At the same time, many documents and testimonies kind Konyrat were significantly lost due to his nomadic during the Golden Horde.

Key words: documentary material, monument, plot, character, variant, historical figure, legend, epic, genre.

Бисенбаев П., Карбозов Е.

**Сказание «Алпамыс батыр»:
историзм и типология**

Эпос «Алпамыс батыр» – произведение, повсеместно бытующее у всех тюркских народов. Авторы статьи обращают свое внимание на связь сюжетной системы сказания, основанной на традиционных мотивах с поступками Бамсы Бейрека из «Книги моего деда Коркута». Типологическое сходство этих двух произведений обнаруживается в чудесном рождении батыра от Бамсы Байрека, наречении ему имени в колыбели, в походе центрального героя в стане врагов, в конечном итоге, – в присутствии батыра на тое собственной жены и другие мотивы. Автор статьи соотнес в один ряд древние варианты огузского памятника и сказания «Алпамыс батыр». В статье рассматривается вопрос об исторической основе сказания «Алпамыс батыр». Точнее сказать, опираясь на фактические источники «Родословной туркмен» Абулгази, исследователи подтверждают наличие конкретных исторических личностей: Алпамыса и Барши, – некогда существовавших у огузов. Наряду с этим, многие документы и свидетельства рода коньрат были утеряны в связи с кочеванием его в период Золотой Орды.

Ключевые слова: документальный материал, памятник, сюжет, герой, вариант, историческая личность, сказание, эпос, жанр.

«АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫ: ТАРИХИЛЫҒЫ МЕН ТИПОЛОГИЯСЫ

«Қорқыт ата кітабындағы» аңыз-әңгімелер шоғырын құрайтын «Қам-Бураның баласы Бамсы-Бейрек туралы әңгіме» оқиғасы жағынан «Алпамыс батыр» жырының негізгі сарындарын қайталайды. Кітапта Бамсы – Байбөрі бектің ұлы. Көп жылдар баласыздық зарын тартқан Байбөрі мен оның ағасы Байбиджан-бек Жаратқаннан перзент беруін сұрайды. Мейірімі кең Құдай олардың тілегін қабыл етіп, Байбөріге бір ұл, Байбиджан-бекке бір қыз сыйлайды. Артынша оғыз елінің мырзалары жарық дүние есігін енді ғана ашқан қос сәбиді бесігінде жатқанда-ақ атастырып қояды. Бамсы жас кезінен нағыз ерге тән қасиеттерімен көзге түседі. Ол бірде аң аулап жүріп, өзінің қалыңдығы Бану Шешекпен кездеседі. Бану қыз батырға өзінің кім екенін айтпастан, садақ атудан, ат жарыстан, күрестен т.б. спорттық ойындардан бақ сынап көруге шақырады. Бамсы түрлі сайыстар барысында қыздан басым түсіп, оған қымбат жүзік сыйлайды. Артынша әкесіне «Бану Шешекке құда түсе барыңдар!» деп өтініш айтады. Осы жолы құдаларды Қорқыт ата бастап барады. Алайда тойдан соң Бамсы батыр гәуірлердің (грузиндер) қолына тұтқынға түседі.

Арада он алты жыл өтеді. Яр Ташық Бамсының қазасы жайында жалған хабар таратады. Сөйтіп ата-анасының рұқсатымен Бану Шешекке үйленбек болады. Байбөрі бек үмітін бір үзбейді. Баласын іздеуге жан-жаққа саудагерлерді аттандырады. Олар алыс елде зынданда жатқан Бамсыны тауып, жақын арада әйелінің тойы өтетінін мәлімдейді. Бамсы өзіне ғашық гәуір бегі қызының көмегімен тұтқыннан босап шығады. Елге оралған Бамсы жолда тойға бара жатқан әншіні кездестіреді. Оның қобызын өзі мініп келген тұлпарға айырбастап алады. Батыр содан кейін тойды өткізбеге бекіген малшыларды кездестіреді, «қаза болған» ағасын жоқтап жүрген кіші қарындасын көреді. Бамсы үстіне ескі киімдер ауыстырып киеді-дағы, есі ауысқан адам кейпінде өзінің әйелінің тойына келеді.

«Алпамыс» пен «Бамсы-Бейректің» ұқсастығы дәстүрлі сарындардың орналасу ретінен байқалады: болашақ батырдың ғажайып туысы, баласыздық зары және бесікте жатқанда атастыру, батырдың сыналатын сәті, сайысқа түсу, оның құдалыққа ұласуы, басты кейіпкердің тұтқынға түсуі, оның

өз әйелінің үйлену тойына келуі. Осындай негізгі тақырыптармен бірге, жеке мотивтердің ұқсастығы да назар аударуға тұрарлық: кейіпкердің өзіне ғашық сұлудың көмегімен босап шығуы, тойдағы садақ атудан өткен сайыс, әкесі мен қарындастарының көмегі. Осындағы кейіпкерлердің әкелерінің аттары да (Байбурабек-Байбөрі), өздерінің аттары да ұқсас: Алып-Мамыш – Алып-Бамыс.

Дегенмен, «Бамсы-Бейректі» «Алпамыс батыр» жырының бастау көзі емес, көне нұсқаларының бірі деп қараған жөн болар.

«Бамсы-Бейрек» пен «Алпамыс батыр» жырындағы тұрақты мотивтер түркі-моңғол халықтарының эпосында, қазақтың басқа батырлық жырларында, тіпті батыс әдебиетінде де бар. Мәселен, батырдың өз әйелінің үйлену тойына келуі Гомердің «Одиссеясынан» бастап, француздың «Карл Великий», ағылшынның «Король Горн», орыстың «Добрыня мен Алеша», сербтердің «Марко Королевич» тағы да басқа эпостарында орын алған. Бұл жайттар «Алпамыс батыр» жырының типологиялық өрісі кеңдігін, олардың түп-төркінінде, жасалуы мен дамуында, құрылысында, суреттеу тәсілдерінде терең ұқсастықтар, дәстүрлі заңдылықтар жатқанын көрсетеді.

«Алпамыс батыр» жырының стадиялық қатары қалың, онда түрлі тарихи кезеңдердің ізі жатқаны анық. Хиуа ханы Әбілғазының (1603-1664) «Түрікмен шежіресі» атты кітабында: «Түрікменнен шыққан атақты адамдар мен бақсылар өткен тарихты толғап былай дейді: жеті қыз оғыз елін ауызына қаратып, көп жыл бек болды. Солардың біріншісі – Алтын Гөзекі, Сундун байдың қызы және Салор Қазан алыптың әйелі. Оның бойы өте ұзын болған. Екіншісі, Баршын Салор Қармыш байдың қызы және Мамыш бектің әйелі. Оның мазары Сырдария өзенінің жағасында орналасқан. Халық қатты қадір тұтады. Өзбектер оны «Баршынның көк кесенесі деп атайды» деген жолдар бар [1, 23]. Демек, XVII ғасырдың бел ортасында өмір сүрген оғыздардың Арал өңіріндегі ұрпақтарына Баршын мен оның күйеуі Алпамыс (Алып Мамыш) туралы шежіреге негізделген әңгімелер мәлім болған. Оғыз руларының Сырдария-Қаратау атырабына VIII-X ғасырлар мөлшерінде қоныс тепкенін ескерген болсақ, Бамсы – Алпамыс туралы аңыздардың шыққан кезеңін де жобалауға болады. Қалай болған күнде де, Алпамыс жайындағы жыр-аңыздар түркі халықтарының ең көне ескерткіштерінің қатарына жатады. Белгілі ғалым Х. Көрұғлының

айтуына қарағанда, «Қорқыт ата кітабының» төрт бөлімінде баяндалған оқиғалар оғыздардың Сыр бойында, қазіргі қазақ жерінде жүрген кездерінің шындығын бейнелейді.

В.М. Жирмунский «Тюркский героический эпос» деген еңбегінде Алпамыс жырының түп негіздері түркі халықтарының Алтай төңірегінде жүрген кездерінде пайда болып, кейіннен сол халықтардың Қазақстан мен Орта Азия жерлеріне қарай қоныс аударуына байланысты осы маңдағы елдер арасына да тарала бастаған дейді [2, 609]. Осылай болуы бек мүмкін. Біріншіден, Алпамыс батыр туралы аңыз-әңгімелер алтай, татар, башқұрт елдерінде де бар. Екіншіден, «Бамсы-Бейректе», башқұрттың «Алпамыс» ертегісінде кездесетін қалыңдық пен күйеу жігіттің күш сынасып барып үйленетіні туралы мотивтер Алтай халықтарының эпикалық мұрасында жиі кездеседі. Өйткені бұл көне түркі халықтарының үйлену салтында орныққан дәстүр болатын.

Грек жазушысы Клавдия Элиана (II ғасырдың соңы) осындай дәстүрдің сақтарға тән екенін айтады. Оның сөзіне қарағанда, үйленіп, шаңырақ құрғысы келетін сақ жігіті өзі ұнатқан қызбен күш сынасуы тиіс. Егер жекпе-жек күресте қыз басым түсер болса, жігіт оның тұтқыны саналып, жеке меншігіне айналады. Жігіт қызды жеңсе ғана өзіне жар етеді.

Түркі-моңғол халықтарына тән осындай деректер венециялық саяхатшы Марко Поло еңбектерінде де кездеседі. Саяхатшының айтуынша, Құбылай ханның туысы, татар ханы Қайдудың қайрат-күші, айла-тәсілі талай батырдан басым түсетін Айжарық атты сұлу қызы болған. Ару қыз күресте өзінен кімнің күші басым болса, сол жігітке ғана тұрмысқа шығамын деп ант береді. Танымал ерлердің талайы тәуекелге барады, бірақ қыз бәрін де жеңіп шығады. Әрбір жығылған жігіттен жүз жылқы өтемақы алады, ол осы жолмен бірнеше табын жылқы жинайды.

Жыр нұсқаларында Алпамыстың руы қоңырат екені, тұрақты мекені Жиделі Байсын жері екені айтылады. Қоңырат тайпасының Алтын Орда тарихындағы орны ерекше. Қоңырат руы Орта Азиядағы түркі халықтарының бәрінде кездеседі. Қазақ фольклорында Жерұйық, қасиетті мекен саналатын Жиделі Байсын – қазіргі Өзбекстанның оңтүстігінде, Сурхан Дария аумағында, Термес қаласына жақын жер. Өзбектердің (XVI-XVII ғасырлар) тарихи деректерінде Термес шаһарының солтүстігі қоңыраттардың меншігінде деп көрсетілген. Тарихшылар олардың бұл жерлерді Мұхаммед

Шайбани хан тұсында иемденгенін жазады. «Алпамыс батыр» жырындағы қазақтың негізгі жауы – қалмақтар. Орта Азияны мекендеген түркі халықтарының эпостарында бейнеленетін шайқастарда тарихи дәуір шындығы жатыр. Ойрат атанған моңғол тайпалары XIV ғасырларда бір орталыққа бағынған әлеуетті көшпелі мемлекет құрады. Ойраттардың саяси аренаға шыққан уақыты қалмақ халқының «Жәңгір» атты эпикалық мұрасында көрініс тапқан. Қалмақтардың Жетісу жеріне жасаған жорықтары XV ғасырдан бастау алады. Бартольд Моғолстан билеушісі Уайс ханның қалмақтармен бірнеше рет соғысып жеңіліске ұшырағанын, екі рет тұтқынға түсіп, Есен тайшыға қарындасын беруге мәжбүр болатыны

туралы жазады. Осындай жорықтар 1525 жылы Сейіт хан тұсында да орын алған [3,72]. XVI – XVIII ғасырлар ішінде қалмақтар қазақ жеріне үздіксіз жорықтар жасап, бейбіт елдің берекесін кетірген. Қазақ эпосында ең мейрімсіз жау ретінде қалмақтар аталатыны сондықтан. Қалмақтар жаулығы ұзаққа созылғандықтан, бұрынғы жаулардың аттары ұмытылған. Негізгі жау бейнесінде қанкешті қалмақтар ғана қалған.

Қалмақ жұртының аймақ басшылары Тайшы деген атақ-дәреже алған. XVII ғасырда аймақ княздарының басын қосып, Ойрат хандығын қайта біріктірген Батыр хан «Хун тайшы» титулын иемденген. В. Жирмунский «Алпамыс батыр» жырындағы қалмақ ханының Тайша хан атануын осы жайттардың көрінісі деп біледі.

Әдебиеттер

- 1 Кононов А.Н. Родословная туркмен: Сочинения Абуль-Гази-хана Хивинского. – М., 1958.
- 2 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Л., 1974.
- 3 Бартольд В.В. Очерк истории Семиречия. – М., 1943.

Refereces

- 1 Kononov A.N. Rodoslovnaia Turkmen Sochinenia Abul-Gazy-hana Hivinskogo. – M., 1958.
- 2 Girmunski B.M. Turkski geroicheski epos. – L., 1974.
- 3 Bartold B.B. Ocherk istori Semirechia. – M., 1943.

Рамазанова Ш.
Ақын поэмасындағы пафос

Қазіргі қазақ лирикасының аяқ алысы мен сипаттары Жәркен Бөдешұлының лирикалық өлеңдерімен салыстырыла, салғастырыла талданады. Ақын өлеңдеріндегі тың теңеулер, метафоралар мазмұны айқындалады. Қаламгердің қолданысындағы ұтымды ұғымдар мен мәнер, машықтар сараланды. Ақын өлеңдеріндегі әдіс пен амал, қиял мен шындық, тақырып пен тәсіл тексерілді.

Түйін сөздер: ақын, пафос, теңеу, лирика.

Ramazanova Sh.
The pathos in poet's poems

The modern Kazakh lyric, its origin and type, compare and contrast with lyrical songs of Zharken Bodeshev. In the works of the poet there are a new definitions and metaphors. Applied writer authentic meaning, expressive skills and eventually analyzed. In the works of the poet's methods and actions have been investigated, fiction and reality, subject and methods.

Key words: poet, pathos, comparison, lirics.

Рамазанова Ш.
Пафос в поэмах акына

В статье анализируются история и современное состояние казахской лирики, исследуются ее начальные формы и видовые характеристики, проводится сравнение с лирическими песнями Жаркена Бодешева. Автор отмечает, что в произведениях поэта присутствуют новые определения и метафоры, передающие достоверный смысл и выразительность. Исследуются творческие методы и приемы акына.

Ключевые слова: поэт, пафос, сравнение, лирика.

АҚЫН ПОЭМАСЫНДАҒЫ ПАФОС

Қазақ поэмаларында ортақ өзгешеліктердің бірі пафос пен гуманизм. Жәркен Бөдеш балладалары мен поэмаларында пафос бар, әрі лирикалық кейіпкердің қаһармандық келбеті айқын. Ақын қандай тақырыпты жырласа да соған байланысты көркемдік ерекшеліктерінде өсу, даму қарқыны байқалады. Олардың өзіндік стильдері анықталып, өзіндік машыққа, өзіндік мәнерге ие бола бастайды. Ақынның өнер тақырыбына арналып, аңыз желісінде жазылған эпикалық сюжетті поэмаларының бірі – «Жолаушы» (Құлақ күй). Ілияс Жансүгіров аз ғана өмірінде оннан астам поэма жазып кетті. Солардың ішінде ерекше танылғаны «Дала», «Күйші», «Құлагер». Бұл дастандар тек қаламгерді ғана емес, қазақ поэзиясының бағалы қазынасына айналды. Өнер, өнерпаз туралы, олардың тарихы мен тағдыры туралы шығарма жазудың озық үлгісін көрсетті. Оның негізгі ерекшелігі – тарихи тақырыпты, соның ішінде аңыз, хикая желісін игеруде батыл қадам жасауында еді. Сонымен қатар жорғадай төгілген өлең жолдары арқылы көркемдік сапасы жоғары, өрнегі бөлек өлең-дастан тудыруында болатын. Оның осы суреткерлік өнегесі өз алдына дербес мектеп болды. Сол себепті қазақ поэзиясында Ілияс дәстүрі пайда болып, қалыптасты. Қазақ поэзиясындағы Ілияс дәстүрін артынан ерген бір топ жас ақындар жалғастырып, дамытуға күш-жігерін жұмсады. Жәркен Бөдеш те осы дәстүрді жалғастырушылардың бірі. Ақын дастанда Бәзғаламдай күйші өткенін, аңыз болса да, оның айғағындай артында «Жолаушы» күйі қалғанын баяндайды. Поэмада баяндау мен суреттеу кезектесіп келеді. Дастандағы диалог, монологтар тек баяндау арқылы берілген. Күй құдіреттілігі, күйші беделі, табиғат көріністері – бәрін автор суреттеуінен ғана көреміз. Дастанда ақын Жұт жылы бозбаланың керуенге ілесіп, бағы жанып мал тауып, бал мен майдың арасында жүріп, қолына алтын сапты қамшы ұстап, өзінің туған ел-жұртын, ата-анасын мүлдем ұмытып кеткендігін күй тілі арқылы көркем жеткізеді.

Есімнен жаңылдырып, сенделдірме,
Болайын туып-өскен елмен бірге.
Сен маған, ұмыттырма, ей, жүрегім,
Көз көрген тірі түгіл,
Өлгенді де –

деп, жас ұрпақты отаншылдыққа, ұлтшылдыққа баулуды ниет еткен.

Ары қарай жырда ұлының осы халін естіген әке мен ана қатты ызаға булығып, керенау күй кешкені тілге етіледі. Сүйекке таңба, бетке шіркеу болған ұлдарын ойлап қынжылады. Осы жағылған күйеден қалай құтылудың амалын іздейді.

«Жақсылық жамандыққа жараса ма,
Алмасын онан үлгі бала-шаға.
Малғұнды өз қолыммен бауыздайын,
Жаны ашып кім түседі арашаға.

Дұшпанның қалдырды ғой мазағына,
Шыдайын қайтіп, қалай азабына.
Түсіріп шаңырағын ортасына,
Зәр тастап уласам ба қазанына...

Әке баласының қылығына шыдай алмай амалсыздан, ұяттан жарылардай болып, ойы он саққа жүгіреді. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» дегендей, ойлана келе ашуын ақылына жеңдірген әке «У ішсең руыңмен» дегендей деп ақылгөй дана қарт абыз Бәзғаламға барып, қауымнан ақыл сұрайды.

Поэма желісі шириға, шиырлана түседі, тығырыққа тірелген әке – Қарт абыз Бәзғаламның алдына келіп болған жайды баяндайды. Міне, осындай ақылшы, басшы қарттың ойлап отырғаны не? Ол – өзінің жұртына арнауында былай дейді:

Шарасыз сол күшікке күні жарым,
Бір күні кезікпей ме жылы қарын?
Құлқынын тойдырған соң бойын жинап,
Қоймай ма жұртын аңсап ұлығанын.

Абайдың «Адасқан күшік секілді ұлып жұртқа қайтқан ойы» бар ғой. Ақынның айтары да айтпағы да сол, ал Бәзғаламның байламы басқа, көрдіңіз бе, құлқынын тойдырған соң, бойын жинап, қоймай ма, жұртын аңсап ұлығанын» депті ақын.

Жоқшылық тырнағанда бала жанын,
Қол ұшын беруге ешкім жарамадың.
Қайсысың қолына оның ұстатып ең,
Қайырымды қара жердің қара нанын.

Ақын кейіпкері арқылы ащы шындықтың бетін ашады. Кезінде сол балаға қайсысың қамқорлық жасадыңдар деп, өздерін кінәлайды. Сол кезде бауырларына тартсаңдар қазір бұндай болмас еді, – деп көпке ой салады.

Бар болғаны дастанда бес-ақ кейіпкер. Олар – әке, ана, қарт күйші Бәзғалам, Разақ – домбырашы, Адам – поэмадағы басты кейіпкер адасқан бала. Ал дастанның асыл арқауы – күй. Күйдің құдіреті, домбыраның киесі, күйшінің өрен өнері өріле келіп, өмірге өріс ашады.

Поэмада қарт күйші жұртына соңғы аманатын жеткізеді. Біреуің барып баланы елге алып қайтыңдар дейді. Қарт абыздың сөзін ұйып тыңдап отырған жұрт Разақ домбырашы барсын деп мақұлдасады. Күйші бүгінгі халқына айтқан сөзінің бәрін екі ішекті домбыраға түсіріп, «Жолаушы» атты күй дүниеге келеді. Қарт күйшінің күйін шәкірті Разақ домбыра шанағына салып, сапарға аттанады.

Бұл арада енді оқиға шырқау шегіне жетіп, аға-інілі қалай, қайтіп табыспақ? деген сұрақ туындайды. Бұдан әрі поэмада (Разақ пен Адам) арасында диалог берілген. Оны ақын өте қысқа әрі сәтті шығарған. Әдеби туындыда диалогтың құрылымы мен қызметі әрбір қаламгердің жазу стиліне байланысты болады, әрі шығарманың идеясына қарай түрлі қырынан көрінетіні де белгілі. Осы бір ғана диалог – поэманың идеялық-эмоциональдық, сюжеттік-композициялық жүйесінің жүйкесіндей көрінеді.

Дастан әрі қарай былай жалғасады: Разақ өзінің кім екенін Адамға түсіндіргісі келеді. Бірақ, Адам оны танып, түсінгісі келмей, байлықтан басы айналып тұрғанда маңайына жолатпайды. Шарасы таусылып, күйзелген Разақ домбырасын қолға алады да, «Жолаушы» күйін шертеді. Шешуші дейтін себебіміз, дастанның көркемдік шешімін табатын, ақынның негізгі айтар ойының да көркемдік шешіммен үйлесетін, тақырыптық тұрғыдан қарағанда қорытынды жасайтын – осы кезең. Бір сөзбен айтқанда, күй құдіретін ұғындыратын, талантын табиғатына табындыратын ақынның тілі. Поэманың тілі жеңіл, айшықты әрі көркемдеу құралдарына бай.

Сөз өтпес күй дарытқан сүйегіме,
Табындым, домбырадай киеліме,
Мыңғырып жатқан анау, дәулет, малым
Пар келмес оның жалғыз тиегіне.

Поэмада пафос бар, пафос болғанда да, жалған жарнама мен ұр да жық ұранқойлықпен қаруланған қызыл кеңірдек айқай, аттанның алааманы емес, орнымен, оңтайлы, орнықты ойлардың образдарынан түзілген, тізілген. Оқиғалардың оң шешуін табуы «Нағыз қазақ, қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деп Қадыр Мырзалиев айтпақшы, күңіренген күйдің,

Бәзғаламдай бидің әсері ме, әйтеуір, әсер бар, әсер болғанда да би мен күйдің қосындысының әсері болса керек. Бәзғаламдай күйші болмаса, күй туар ма еді, Бәзғаламдай би болмаса билік айтылар ма еді. Бұл «Қыз Жібек» кинофильміндегі композитор Нұрғиса Тілендиевтің аққуларды айдынға қайыра қондырғаны сықылды құбылыс қой. Жәркен Бөдеш балладалары, поэмаларынан Сағи Жиенбаевтың сарыны айқын байқалады. Әсіресе Сағи ақынның сазды мақамдары құлағыңызда қалып қойса селт ете қаласыз. Жәркен Бөдеш жырларындағы ұқсастық бұл үзенгілес аға ақыннан үйрену, үлгі тұту үдерістері деп қабылдаймыз. Әсіресе, ақынның Жем бойында

ғашық болған балауса қыздары қызыл-жасыл киініп қарсы алдыңызда қарсы қарап тұрғандай әсер қалдырады. Әлбетте Сағи ақын мен Жәркен Бөдеш жырларындағы аяулы аруларды бір-біріне ұқсату мүлде мүмкін емес те, алайда сөйлеу мәнері, жүріс-тұрыс тұрпаттарындағы ұқсастықтар жүйріктерді жақындастырған болар. «Пафос демекші, адасқанның айыбын мойындап, қайта үйіріне қосылуының өзі – парасат пен пафостың жеңісі емес пе, әйтпесе парасатсыз пафос, пафоссыз – парасат жеңіске жете ала ма?! Жәркен жырларындағы ырғақ пен ерекше екпін де – пафосқа тән басты белгілер. Поэзия бар да, пафос бар. Пафос – поэзия параметрі.

Әдебиеттер

- 1 Жиенбаев С. Құралай. – Алматы: Жазушы, 1976. – 38 б.
- 2 Абай. Қара сөздері. – Алматы: Жазушы, 1971. – 81 б.
- 3 Большая книга афоризмов. – М., 1977. – С. 77.
- 4 Эйхенбаум. Избранное. – М., 1959. – С. 126.
- 5 Мырзалиев Қ. Сөз сиқыры. – Алматы: Жазушы, 1977. – 204 б.
- 6 Бөдешұлы Ж. Емендер түнде бүрлейді. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 303 б.
- 7 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.

References

- 1 Zhienbaev S. Quralaj. – Almaty: Zhazushy, 1976. – 38 b.
- 2 Abaj. Qara sözderi. – Almaty: Zhazushy, 1971. – 81 b.
- 3 Bol'shaja kniga aforizmov. – M., 1977. – S. 77.
- 4 Jejhenbaujem. Izbrannoe. – M., 1959. – S. 126.
- 5 Myrzaliev Q. Söz siqyry. – Almaty: Zhazushy, 1977. – 204 b.
- 6 Bodeshyly Zh. Emnder tynde byrlejdi. – Almaty: Ana tili, 2002. – 303 b.
- 7 Ybyraev Sh. Jepos әlemi. Qazaqtyn batyrlyq zhyrlarynyn pojetikasy. – Almaty: Fylym, 1993. – 296 b.

Бекболатұлы Ж.,
Муканова Г.К.

**Опыт редактирования
национальной периодики:
журнал «Аманат» Роллана
Сейсенбаева**

Bekbolatuli Zh.,
Mukanova G.K.

**Editing experience national
periodicals: magazine «Amanat»
Rollan Seisenbayev**

Бекболатұлы Ж.,
Мұқанова Г.К.

**Ұлттық мерзімді
басылымдарды редакциялау
тәжірибесі: Роллан
Сейсенбаевтың
«Аманат» журналы**

В статье на основе нарративных материалов сделана попытка систематизации методологии редактирования и издания такого явления в международной журналистике Казахстана, как «Аманат». Исследование процесса, когда автор идеи журнала и ее практически единственный реализатор и вдохновитель Р.Ш. Сейсенбаев на рубеже XX и XXI веков сумел привлечь внимание международной аудитории к казахской (тюркской) культуре. В контекст статьи вплетены рассуждения о роли и месте национальных печатных изданий в пробуждении самосознания читателей.

Ключевые слова: Казахстан, тюрки, Абай, Шакарим, Сейсембаев, «Аманат», Алаш, Шокай, методология.

On the basis of the narrative material is an attempt to systematize the methodology of editing and publication of such a phenomenon in international journalism in Kazakhstan as «Amanat». Investigation of the process, when the author of the journal ideas and it is practically the only implementer and inspirer, R.Sh.Seysenbaev at the turn of the 20th and 21st centuries has managed to attract the attention of an international audience to the Kazakh (Turkic) culture. In the context of article woven arguments about the role and place of national publications in the awakening consciousness of readers.

Key words: Kazakhstan, Turks, Abai, Shakarim, Seisenbayev, «Amanat», Alash, shock methodology.

Авторлар «Аманат» журналының Қазақстан халықаралық журналистикасы саласында редакциялау және жариялау әдістемесіне үлес қосқанына тоқталады. XX және XXI ғғ. аралығында Роллан Шәкенұлы Сейсенбаев халықаралық аудиторияның назарын қазақ (түркі) мәдениетіне бұрып алды деуге болады.

Түйін сөздер: Қазақстан, түріктер, Абай, Шәкәрім, Сейсенбаев, «Аманат», Алаш, әдістеме.

**ОПЫТ
РЕДАКТИРОВАНИЯ
НАЦИОНАЛЬНОЙ
ПЕРИОДИКИ: ЖУРНАЛ
«АМАНАТ» РОЛЛАНА
СЕЙСЕНБАЕВА**

Введение

Роллан Шакенович Сейсенбаев родился 11 октября 1946 года в Семипалатинске. Писатель, драматург, переводчик, издатель, общественно-политический деятель. Он создатель Дома Абая в Лондоне (1995), «Международного клуба Абая» (2000) и международного литературного журнала «Аманат» (2000).

Литературной работой занялся в 1967 году. Первая книга рассказов «Жажда» вышла в Алматы в 1975 году. В 1975-77 гг. учился на Высших литературных курсах при Литературном институте им. М. Горького. В 1975-1991 гг. работал в Союзе Писателей СССР в должности ответственного секретаря по казахской литературе. В 1993 г. в Республиканской телекомпании «Казахстан» создал программу «Мир Абая». С 2012 г. по настоящее время – директор Института литературы народов мира при Казахском национальном университете им. аль-Фараби, «Международного клуба Абая».

Материалами для исследования послужили произведения Р.Сейсенбаева, его интервью и тематические статьи-эссе, публичные выступления, а также беседы с ним авторов этих строк. Методы изучения лежат в русле историзма, диалектической логики, объективизма и компаративистики.

Результаты и обсуждение

Издательский дом «R.S.» (Роллан Сейсенбаев) основан им в 2005 году. «R.S.» издает, реализует и пропагандирует книги Клуба Абая, журнал «Аманат» и его Библиотеку. Издательский Дом «R.S.» издает лучшие образцы мировой литературы и культуры. Как рождались все перечисленные проекты, как выстраивает Сейсенбаев стержневые концепты? Собственно, нас интересовала «кухня» редакторско-издательского и дизайнерского искусства, поскольку до нас эту благодатную тему мало кто изучал; классические каноны издательского дела в регионе не нашли еще системного переложения в виде учебников и хрестоматий.

Открытая некогда на журфаке КазГУ (ныне КазНУ им. аль-Фараби) дальновидным Т. Амандосовым специальность переживает трудные времена, в конкурентном противостоянии политехническому каталогу. Тогда как журнал «Аманат», помимо всего, есть сложившийся оригинальный бренд казахской литературы и культуры. 200-томная библиотека журнала стремится охватить шедевры писателей всего мира. Журнал «Аманат» выходит на русском, казахском и английском языках, что дает пищу для научного дискурса о роли и месте пилотных проектов на фоне падения читательского спроса на печатную продукцию. Побывавшие на московской книжной выставке студенты специальности «Издательское дело» (ноябрь-декабрь 2016 г.) вынесли позитивное впечатление об интересе к книге в столице России, констатируя противоположную ситуацию в казахстанских мегаполисах.

Все эти процессы эпохи глобализации и гаджетов, как ни парадоксально, выявляют гражданский порыв Р.Ш. Сейсенбаева в сфере реформирования в некотором смысле книгоиздательства. Содержание его прозы пересказывать здесь не имеет смысла, персонажи и сюжеты его романов известны. Обращает на себя внимание особое отношение автора к заголовкам собственных книг: они безусловно рассчитаны на то, чтобы приковать к ним внимание («Трон Сатаны», «Мертвые бродят в песках» и др.). В этом – непреходящая заинтересованность Сейсенбаева-издателя к маркетингу и менеджменту в издательском деле. Он чувствует нерв книжного рынка и энергично сражается за интерес читателя.

Если бегло остановиться на контенте его панорамных произведений, то лично мне Роллан Шакенович представляется сродни Маркесу, а не Хэмингуэю [1] (бытует и такое сравнение), – настолько мощны мазки на холсте художника, обрисованы характер героев и социальные потоки во Всемирной истории. Публицистически-художественные глыбы его творений смело можно ставить в ряд с предшественниками и современниками [2].

Для подтверждения профессионального интереса Сейсенбаева к редакторскому ремеслу приведем отрывок из его интервью «РЕДАКТОР – ЭТО СОАВТОР»:

– Я помню, как редактировали мою первую книгу... И, надо сказать, нам повезло, все мы попали в очень хорошие руки – тогда еще были живы бабушки и дедушки, которые редактировали Бориса Пастернака, Анну

Жүзеге асырылғалы отырған «Ақпараттық Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы еліміздің стратегиялық дамуына, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына, отандық ақпарат кеңістігінің дамуына ықпал ететін маңызды қадам. Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым бәріне қолжетімді. Біздің ең құнды капиталымыз – жастар қажетті ақпаратты ең алдымен интернеттен іздейді. Ақпарат көздерімен жұмыс істеу, қажетті, пайдалы ақпаратты іздеудің жолдарын, ақпараттың ақ, қарасын айыруды үйрету күн тәртібінде тұр. Осы орайда Қазақстанның жоғары оқу орындарында медиасауаттылық негіздеріне байланысты курстар енгізілуі тиіс. Курсты меңгеру барысында студенттер медиабілім берудің мағынасы мен даму болашағын, тарихын, өзекті мәселелерін, ақпарат алудың жолдарын, медианың қазіргі ақпараттық кеңістіктегі рөлін, медиабілім беру, медиасауаттылық және медиамәдениет арасындағы терминологиялық айырмашылықты, жаңа медианы пайдаланудағы медиақауіпсіздікті білуі тиіс.

Халықтың медиасауаттылық деңгейін бағалауға арналған ғылыми-зерттеулер, әсіресе өңірлерде жүргізілгені жөн.

Бұқаралық ақпарат құралдардың дамуына әлемдік үрдісте арнайы журналистік білім беру үшін жаңа міндеттер қойылған. Қазақстандық БАҚ көп векторлы жүйесімен бұл үрдістен ерекшелене алмайды. Елдегі демократиялық реформаларды және заң үстемдігін қалыптастыруда тәуелсіз БАҚ журналистері оқытудағы дамытудың ерекше рөлін атқарады. Кез келген ұлттың дамуы ондағы адам капиталының дамуымен тікелей байланысты. Ал, адамның дамуы оның интеллектісінің жоғары болуы, толысуы, қоғам мен заман, бүгінгі мен болашақ қояр талаптарға сай болуы. Интеллектуалды ұлт атану оңай іс емес. Оның жолы да ауыр, күрделі, ұзақ. Бірақ, нәтижесі керемет. Қазіргі таңда әлемде елдер арасындағы бәсекелестікте ең ұтар тұсымыз – ол біздің интеллектіміздің қалыптасуы. Елбасының «Интеллектуалды ұлт – 2020» бағдарламасы болашақта ел азаматтарының қалыптасу жолын нақтылап берді. Өз ұлтының болашағын, кемел келешегін ойлаған азаматтардың қайсыбірі болмасын, терең білім мен жоғары мәдениеттілікке, ғылымды үйрену мен оны тәжірибе жүзінде қолдана білуге, рухани

мұратымыздың түп негізін танып, ғаламға танытуға дағдылануы тиіс. Осы жайттарға қатысты ұлттық жоба үш негізгі аспектіні қамтиды. Біріншісі, қазақстандық білім жүйесін дамытуда серпіліс жасау. Яғни, сапалы білім алуға ұмтылыс, халықтың сауаттылық деңгейін көтеру. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауында: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім», – деп нақтылап берді. Расымен де, өркениетті дамыған елдермен теңесіп, әлемдік аренада өзімізді танытып, өз тұғырымызды алу үшін бізге ең бірінші білім керек. Шынайы білімсіз шынды бағындыру әсте мүмкін емес. «Интеллектуалды ұлт» жобасының екінші аспектісі – ғылым саласын дамыту мен еліміздің ғылыми әлеуетін арттыру. Жобаның үшінші бағыты – қазақстандықтардың жаңа генерациясын қалыптастыруға бағытталған инновациялар жүйесін дамыту. Яғни, ұлттық жобаны жүзеге асыруда заманның озық жоғары технологияларын жетік меңгерумен қатар, елімізде индустриялық дамудың ақпараттық өркендеуіне белсенді әрі қабілетті, көзқарасы дұрыс, діні мен ділі, рухы жоғары ұрпақ қалыптастыру.

Осы үш аспектіге сәйкес жұмыс істеу арқылы өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу маңызды іс. Мемлекет басшысы Н. Назарбаев «Назарбаев университетінде» оқыған лекциясында: «Біз «білім – ғылым – инновациялар» үштігібилеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз» деген еді. Осының өзі жоба бағыттары бойынша көптеген істер атқарылып жатқандығын білдіреді. Интеллектуалды тұлға бүгінгі қоғамымыздың басты байлығы. Оны тәрбиелеу бүгінгі заман талабы ғана емес, міндеті. Барша елдің болашағы сол жастардың қолында екені даусыз. Сол себепті жалындаған жастардың қолына білім, рухани тәрбие, ғылым мен болашақты бере отырып, біз елдің берік іргесін қалаймыз. Ұлттық жобаны дамытып, жүзеге асырушы – халық. Ел азаматтарының жобаға қатысты дұрыс көзқарастары мен пікірлері арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады. Бүгінгі таңда білім беру үрдісін жаңа заманға сай нәтижелі ұйымдастыру – білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі. Оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін не істеу керек? Бүгінгі ақпараттық-техникалық үрдістің даму барысында ақпараттық мүмкіндіктері мол

жаңа техникалық құралдардың пайда болуы – заңды құбылыс. Бұрынғы дәстүрлі «мұғалім-оқушы-оқулық» жүйесіне жаңа буын компьютер, мектеп ұғымында – компьютерлік оқыту енгізіліп отыр. ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша компьютерлік оқыту немесе оқытудың компьютерлік технологиялары дегеніміз – оқыту жүйесінде техникалық құралдардың бірі ретінде компьютерді қолдану. Бүгіннің өзінде компьютер білім беру саласында кеңінен қолданылып жүр. Дербес компьютер оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында белсенді түрде пайдаланылады. Қазіргі заманғы ашық, интеграциялы және даралап оқытуға бағытталған білім беру жүйесінде жан-жақты ақпараттандыру шаралары жүзеге асырылуы тиіс. Басқаша айтқанда, ақпараттандыру – білім беру жүйесін модернизациялаудың маңызды бағыты. Оқытуды ақпараттандыру – сан салалы, кешенді, ауқымды үрдіс, оған оқушылар, мұғалімдер және мектеп әкімшілігі қатысады. Бұл үрдіс білім беру басқармасының мектептерге кешенді бағдарлама енгізуі, мектепте, қалада, ауданда, елде бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігін құру, оқу пәндерінде ақпараттық технологияларды пайдалану, біріктірілген сабақтарды жоспарлау, жобалық қызмет, білім беру саласында интернетті пайдалану сияқты шаралардың жиынтығынан тұрады. ХХІ ғасыр – ақпараттық қоғам ғасыры, бұл өркениеттің жаңа түрі десе де болады, сондықтан жаңа әлемге үлкен дайындықпен, біліммен және компьютерлендірілген өмір шындығын дұрыс бағалап, түсіне отырып аяқ басу керек. Ақпараттың дұрыстығы мен сапасына деген сенімді қалыптастыру кітапханашының жауапкершілігінде болмақ. Ал, бұл, ең әуелі, медиабілім берумен, сондай-ақ мектепте медиатека құрумен байланысты. Бұл шараларды қолға алатын уақыт жетті ме? Әрине, уақыты келді. Оған дәлел ретінде 2001-2005 жылдары бірыңғай білім беру және ақпараттық ортаны дамытудың мақсатты бағдарламасын алуымызға болады. Жоғары сапалы және жоғары технологиялы білім беру ортасын құру білім беру жүйесінің негізі болып табылады. Оны құру және дамыту күрделі және маңызды техникалық міндеттерді шешумен байланысты. Индустриялы қоғамның талаптарына сай білім беру жүйесін түбегейлі жаңартудың, білім беру жүйесінің технологиялық базасын құрудың, ақпараттық білім беру технологиясына көшудің және ашық білім беру жүйесіне енудің бірден бір жолы осы. Ақпараттық білім беру орталығын

құру және дамыту үшін еліміздегі білім беру саласында қалыптасқан ғылыми-әдістемелік, ақпараттық, технологиялық, ұйымдастыру және педагогикалық әлеуеттердің бәрін жұмылдыру қажет. Заманауи қалаларда адамның бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысы күніне 11 сағаттан асады, теледидар үйлерде күн сайын орташа алғанда 7 сағат 38 минут қосылып тұрады, ал екі жастан он екі жасқа дейінгі балалар орташа алғанда аптасына 25 сағат теледидар көреді екен. Отбасы қауымдастығы Ұлттық одағының деректеріне сәйкес кәмелетке толмаған аудитория жыл сайын орташа алғанда тиімді уақытының 154 сағатын ата-аналарымен бірге және 850 сағатын мұғалімдерімен бірге өткізсе, сонымен қатар балалар әр түрлі электрондық ақпарат құралдарымен байланысқа 1400 сағатын жұмсайтын көрінеді. Осылайша бұқаралық ақпарат құралдары жыл өткен сайын адамдардың өмірінде және білім беру үрдісінде үлкен рөл атқарып келеді. Осыдан келіп бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдарының негізі болып табылатын медиабілімнің жүйелі дамуының маңыздылығы туындайды. Ресей педагогикалық энциклопедиясында оқушылар мен студенттердің «бұқаралық коммуникацияның заңдылықтарын» (баспасөз, телевидение, радио, кино, видео және т.б.) үйренуге бағытталған медиабілімді педагогиканың бір бағыты ретінде көрсетеді.

Медиабілімнің негізгі бағыттарына:

- а) қазіргі ақпараттық жағдайда жаңа ұрпақты өмірге дайындау;
- ә) әр түрлі ақпаратты қабылдауға, оны адамның түсіне білуіне;
- б) зардабының жүйкеге әсерін түсіне білуіне;
- в) техника құралдарының көмегімен қарым-қатынас жасау қабілетін игеруге үйрету сияқты мәселелер жатады.

Еуропа Одағының құжаттарында «медиабілім» (media education) алынған ақпарат негізінде өздерінің ой-пікірлерін ашық білдіруге қабілетті, ақпарат құралдарына сыни және өзіндік көзқарасы бар отандық азаматтарды тәрбиелеу мақсатында медиақұзыреттілікті дамытуға бағытталған оқу ретінде айқындалады. Бұл оларға қажетті ақпаратты пайдалануға, оны талдауға, сондай-ақ ақпаратқа қатысты экономикалық, саяси, әлеуметтік немесе мәдени мүдделерді үйлестіруге мүмкіндік береді. Медиабілім адамдарды хабарламаларды жасауға, коммуникацияға мейлінше тиімді ақпарат құралын таңдауға оқытады. Медиабілім адамдарға өздерінің ойларын және ақпаратты

еркін білдіру құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл олардың жеке дамуына ғана әсер етіп қоймай, сондай-ақ, олардың әлеуметтік тұрғыда белсенді атсалысуын және интербелсенділігін күшейтеді. Бұл тұрғыдан алғанда медиабілім демократиялық азаматтыққа және саяси түсіністікке дайындайды. Демек, адам өмірінің барлық ағымында оқыту тұжырымдамасының бір бөлігі ретінде медиабілімді дамытқан тиімді болып табылады.

Инновация – ғылым жетістіктері мен тиімді тәжірибелерді пайдалануға негізделген техника, технология, еңбекті ұйымдастыру және басқару саласындағы жаңалықтар енгізу. Инновациялық технологиялар – жаңадан енгізілгендерді жүзеге асыру кезеңдерін қолдайтын әдістер мен құралдар [1].

Журналистік білім беруде инновациялық қызметті қолдану ерекшелігі: оқыту үдерісіне журналистика білімі мен ғылымы саласындағы ғылыми зерттеулерді енгізу. Әдістемелерді инновациялық ретінде қарастыру қағидалары: инновациялық әдістер оқытудың кез келген жағдайында қолданыла бермейді. Сондықтан бұрыннан тәжірибедегі тиімді әдістемелерге, нақты педагогикалық жағдайға сәйкес бейімдеу қажет. Жаңашылдық оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып, оқыту нәтижесінің сапасына ықпал етеді деуге негіз бар. Осылайша инновациялық білім беру технологиялары: әдістемелік, ұйымдастырушылық, техникалық және т.б. сипаттағы жаңашылдықтан құралған белгілі бір педагогикалық жағдайда ұқсас нәтижелерді қайта қалпына келтіруді кепілдендіретін нормативтік құжат деңгейінде бейімделген оқыту үдерісін ұйымдастыру формасы [2].

Медианың идеологиялық маңыздылығы, өнеркәсіптің саласы ретінде олардың аудиторияның санасына ықпалы. Медиаақпарат санының жылдам өсуі, оны басқару және тарату тетіктерінің күшеюі. Негізгі демократиялық үдерістерге медианың ену қарқыны. Барлық салада визуалды коммуникация мен ақпарат маңыздылығының артуы. Болашақ талаптарға сәйкес бағдарланған оқушыларды, студенттерді оқытудың қажеттілігі. Ақпаратты жекешелендіруде ұлттық және халықаралық процестердің ұлғаюы.

«Медиабілім беру» түсінігі 1973 жылы ЮНЕСКО және Кино, телеарнаның халықаралық кеңесінің ақпарат секторының бірлескен кеңесінде тұжырымдалғанына қарамастан, ғалымдар әлі де болса осы күрделі пәнаралық құбылыстың анықтамасын зерде-

леуде. ЮНЕСКО-ның бастамаларына сәйкес, медиабілім беру астарында педагогикалық теория мен практикада ерекшелік және автономдық білім беру салаларының бір бөлігі ретінде қаралатын қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат коммуникацияларын меңгеруде теория мен практика дағдыларына оқыту деп түсіну керек. Қазіргі заманғы мектептерде білім берудің жаңа технологияларына қызығушылық артып отыр.

Медиабілімнің БАҚ-ты білім берудің басқа салаларында, мысалы, тарих, құқық, физика, математиканы оқытуда көмекші оқыту құралдары ретінде пайдаланудың айырмашылығын білу қажет.

Соңғы жылдары мектеп оқушыларының әлеуметтік желілерге өздері туралы артық ақпарат салатын жағдайлар жиілеп кетті. Кейбіреулері алаяқтардың құрбанына айналуға. Мектеп бағдарламасына да медиасауаттылық мәселелеріне арналған пәндер енгізу қажет. Медиабілім алынған ақпарат негізінде өздерінің ой-пікірлерін айтуға қабілетті, ақпарат құралдарына сыни және өзіндік көзқарасы бар отандық азаматтарды тәрбиелеу мақсатында медиақұзыреттілікті дамытуға бағытталған оқу ретінде айқындалады. Бұл оларға қажетті ақпаратты пайдалануға, оны талдауға, сондай-ақ ақпаратқа қатысты экономикалық, саяси, әлеуметтік немесе мәдени мүдделерді үйлестіруге мүмкіндік береді. Медиабілім адамдарды хабарламаларды жасауға, коммуникацияға мейлінше тиімді ақпарат құралын таңдауға оқытады. Медиабілім адамдарға өздерінің ойларын және ақпаратты еркін білдіру құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл олардың жеке дамуына ғана әсер етіп қоймай, сондай-ақ, олардың әлеуметтік тұрғыда белсенді атсалысуын және интербелсенділігін күшейтеді. Бұл тұрғыдан алғанда медиабілім демократиялық азаматтыққа және саяси түсіністікке дайындайды. Демек, адам өмірінің барлық ағымында оқыту тұжырымдамасының бір бөлігі ретінде медиабілімді дамытқан тиімді болып табылады.

Медиабілімнің негізгі бағыттары:

- а) қазіргі ақпараттық жағдайда жаңа ұрпақты өмірге дайындау;
- ә) әр түрлі ақпаратты қабылдауға, оны адамның түсіне білуіне;
- б) зардабының жүйкеге әсерін түсіне білуіне;
- в) техника құралдарының көмегімен қарым-қатынас жасау қабілетін игеруге үйрету [3].

Медиабілім беру – педагогикадағы білім алушылардың бұқаралық байланыс заңдылықтарын оқуын жақтайтын бағыт. Негізгі міндеті

– жас ұрпақты қазіргі ақпараттық заман талаптарына, түрлі ақпаратты қабылдау мен талдауға дайындау, адамды оны түсінуге, оның психикаға әсерін білуге үйрету, байланыстың вербальдық емес формалары негізінде, техника құралдары мен қазіргі ақпараттық технологиялар көмегімен қарым-қатынас жасау тәсілдеріне үйрету [4]. Медиа ғымының тамыры тереңде жатқанын сонау ата-бабамыздан қалған асыл мұраларымыздан, тарихи мұрағат пен жәдігерлерден, салт-дәстүрлерімізден, еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандарымыздан да байқауға болады. Педагогикалық-психологиялық сөздікте медиабілім беру оқушыларға бұқаралық қатынас заңдылықтарын үйрететін педагогикалық бағдар. Оның негізгі міндеті болашақ ұрпақты ақпараттық жағдай өміріне, оны түсіне білуге, қазіргі ақпараттық технологияларды қолдана білуге үйрету [5]. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу еліміздің білім беру жүйесіне тың өзгерістер енгізуді көздеп отыр. Енді мектептерде білім беру үрдісі демократиялық жолмен ізгілендіру, тұлғаның өзін-өзі ойлантуға, жетілдіруге, өз іс-әрекетіне сын көзбен қарауға бағдарланып отыр. Мұндағы біздің назарымызды аударатын басты нәрсе тұлғаға бұқаралық ақпарат және қатынас құралдары (баспа, радио, кино, теледидар, видео, компьютерлік мультимедиялық жүйелер, интернет және түрлі әлеуметтік желілер) арқылы жеткен ұғым-түсінік болып табылады. Себебі, санасы әлі қалыптаспаған бала ұғым түсінікті сол күйінде шынайы қабылдап, түйгендерін өмірлік тәжірибесіне қолданып жатады [6].

Біздің болашағымыз ғылымды меңгерумен қатар, өмір сүру қағидаларын, құндылықтарды жете түсінетін, қазіргі қоғам талаптарына сай жастардың қолында екендігін түсінсек, Қазақстанның ақпараттық қоғамын қалыптастырудың басты факторы ретіндегі адам капиталы дамуының сапалы жаңа деңгейіне жағдай жасауымыз керек. Білім саласына ақпараттық коммуникациялық технологияларды сапалы енгізгенде ғана кең көлемдегі ақпараттық сауаттылық деңгейі көтеріледі. Сондықтан, сандық ғылыми білім беру ресурстарын мультимедиялық технологиялардың қолданылуымен жүйелі дамытуымыз қажет.

Қазіргі классикалық университет білім, ғылым, инновацияны ықпалдастыра отырып, білімнің жаңа мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Ақпараттық технология ғасырында өмір сүріп отырған әрбір адам ақпараттық мәдениетті

меңгеру қажет. Жеке адам ғана емес, әлеуметтік топтардың ақпараттық мінез-құлқы маңызды. Ақпараттық мәдениет – ақпарат іздеу және өңдеу мәдениеті. Ақпаратты сараптай білу қажет. Ашық, өзге мәдениетке толерантты болу керек. Ақпараттық мәдениет – өзін-өзі жетілдірудің, өсудің, білімді, білікті болудың, шығармашылық әлеуеттің, коммуникациялық белсенділіктің негізі.

Ақпараттық технологияны оқыту технологияларының бір түрлі ретінде оқу үрдісінде оңтайлы пайдалану тиімді және ол бүгінгі күннің қажеттілігі. Дегенмен, ақпараттық технологияны басқа технологиялармен бірге кешенді түрде пайдаланғанда ғана қоғам талабына сай жеке тұлға қалыптастыруға болатындығын естен шығармау қажет.

Әдебиеттер

- 1 Гузеев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология. – М.: Народное образование, 2000.
- 2 Жуков Г.Н. Основы общей профессиональной педагогики: учебное пособие. – М.: Гардарики, 2005.
- 3 Маликова Н.Р. О некоторых инновационных методах преподавания социологии // Социс, 2002, № 2.
- 4 Фёдоров А.В. Развитие медиакомпетентности и критического мышления студентов педагогического вуза. – Монография. – М.: МОО ВПП ЮНЕСКО «Информация для всех», 2007. – 616 с.
- 5 Варганова Е.Л., Смирнова О.В. Медиаобразование в школе / Сборник программ для преподавания дисциплин. – М.: МедиаМир, 2010. – 320 с.
- 6 Айтимова У.Ж., Киянбеков А.Ж. «Об особенностях архитектур облачных приложений» / Молодой ученый. – 2015. – № 7.2. – С. 9–11.

References

- 1 Guzeev V.V. Planirovanie rezul'tatov obrazovaniya i obrazovatel'naya tehnologiya. – M.: Narodnoe obrazovanie, 2000.
- 2 Zhukov G.N. Osnovy obshhej professional'noj pedagogiki: uchebnoe posobie. –M.: Gardariki, 2005.
- 3 Malikova N.R. O nekotoryh innovacionnyh metodah prepodavaniya sociologii // Socis, 2002, № 2.
- 4 Fjodorov A.V. Razvitie mediakompetentnosti i kriticheskogo myshlenija studentov pedagogicheskogo vuza. – Monografija. – M.: MOO VPP JuNESKO «Informacija dlja vseh», 2007. – 616 s.
- 5 Vartanova E.L., Smirnova O.V. Mediaobrazovanie v shkole / Sbornik programm dlja prepodavaniya disciplin. – M.: MediaMir, 2010. – 320 s.
- 6 Ajtimova U. Zh., Kijanbekov A. Zh. «Ob osobennostjah arhitektur oblachnyh prilozhenij» / Molodoj uchenyj. – 2015. – №7.2. – S. 9–11.

Омаржан Ж.Е.
**Халықаралық өзекті
мәселелердің әлемдік БАҚ-та
жазылу сипаттары**

Халықаралық өзекті мәселелер бүкіл әлемге ортақ тақырып. Ал оның БАҚ-та жазылуының жауапкершілігі тым жоғары, оның үстіне бұл тек бір ұлтты ғана емес, күллі әлемді алаңдататын мәселе екені рас. Қазіргі таңда талғамы жоғары халыққа ақпарат таратудың талаптары жоғары болатыны белгілі. Содан да Қазақстан үшін халықаралық мәселелердің шетелдік БАҚ-та жазу сипаттарын зерттеу аса маңызды. Мақалада алдыңғы қатардағы басылымдар, телеарналардың жаңалықты ұсынуы және жазу сипаты көптеген мысалдар арқылы терең талданады.

Түйін сөздер: халықаралық журналистика, жазылу сипаттары, әлемдік БАҚ, өзекті мәселелер.

Omarzhan Zh.E.
**International issues of the day
are general for the whole world**

In MASS-MEDIA his writing and ways of decision is important not only for one nation but also the world. Presently experience of foreign mass medias it is important and for Kazakhstan. This article was deeper in analyzing leading publications, television news and writing. Many examples were carried out.

Key words: International journalism, description, world Media, actual problems.

Омаржан Ж.Е.
**Освещение актуальных
международных проблем
в СМИ**

Статья посвящена опыту освещения международных проблем в СМИ. Автор исследует концепцию, форму подачи и языковые характеристики материалов СМИ. Отмечается, что опыт иностранных средств массовой информации интересен и важен для Казахстана. В статье анализируются материалы ведущих зарубежных и отечественных изданий, телевизионные новости, аспекты и формы подачи.

Ключевые слова: международная журналистика, форма подачи, мировая пресса, актуальные проблемы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ӘЛЕМДІК БАҚ-ТА ЖАЗЫЛУ СИПАТТАРЫ

Кіріспе

Халықаралық маңызды мәселелер – адамзаттың бұдан былайғы тағдыры және әлеуметтік дамуы үрдістерінің мәнін ашатын аса маңызды мәселелер жиынтығы. Бұл ғылыми әдебиеттерде бірнеше топқа жіктеледі. Айталық, халықаралық қатынастар, соғыс және бейбітшілік мәселелері, этнологиялық, дамушы елдердің экономикалық тоқырауын жену, космос және әлемдік мұхитты бейбіт игеру, демография, аштық және тоя тамақтанбаумен күрес мәселесі, экология, ауа-райы және т.б. мәселелер кіреді. Әлемдік және отандық БАҚ-та көрініс тапқан халықаралық өзекті мәселелер осы айтылған маңызды тақырыптарды көтереді. Мәселен, соңғы уақытта халықты алаңдатып отырған жаңалықтардың қатарына саяси шиеленістер, климаттың өзгеруі, айтып келмейтін табиғи апаттар, экономикалық дағдарыс, әлемдік жылыну, ядролық қару және т.б. жәйттер көптеп жазылып жүр. Әлемдік БАҚ-та осы орайда бәсекелестік те жоқ емес. Соңғы уақытта берілетін халықаралық өзекті мәселелердің мән-мағынасы емес, оның жылдам оқырманға тарауы маңызды болып отыр. Ақпараттық аяқаста әлемдік БАҚ-қа отандық БАҚ өкілдері шамалары келгенше мықты бәсекелестік танытуға машықтанып келеді. Содан да әлемдік журналистикада ақпаратты оперативті түрде беру бірінші орынға шықты. Әсіресе халықаралық өзекті мәселелер төңірегінде болғанда әлемнің барлық түкпір-түкпірінен хабар таратылады. Оқырманды жақынырақ тарту үшін әрбір БАҚ өкілдері өздерінің шығармашылық шеберліктерін шыңдаумен келеді.

Халықаралық мәселелерге байланысты «The New York Times», «BBC», «CNN» және «The Guardian» секілді әлемдік озық басылымдар жиі мақалалар шығарып тұрады. Бұл басылымдардың өзіндік қалыптастырған қолтаңбасы және айтары бар. Сондай-ақ, бұл мақалаларды мықты журналистер қосыныдайындайды. Сөзі қысқа болғанымен, мағынасы тереңде. Мәселен, «World Economic Forum» атты блогплатформада «What are the 10 biggest global challenges» атты тақырыппен мақала жарияланған. Мұнда олар басқа елдерді бірігіп, өзекті мәселелерді шешуге шақырады. Блогерлер әлемдегі өзекті

мәселелердің бірі ретінде азық-түлік қауіпсіздігі, жұмыссыздық, климаттың күрт жылынуы, қаржылық дағдарыс, адамдардың шамадан тыс ғаламторға тәуелділігі, гендерлік саясат және денсаулық сақтау саласын дамыту секілді өзекті тақырыптарды қозғайды.

Халықаралық өзекті мәселелердің әлемдік БАҚ-та жазылу сипатына келсек, онда нақты деректер, инфографика көрсетіледі және салыстырмалы талдауы міндетті түрде бірге беріледі. Мысал келтіре кетейік, әлемде 2015 жылы 7,3 миллиард адам тұрған. Бұл сан 2030 жылы 8,5 миллиардқа, 2050 жылы 9,7 миллиард жанға, 2100 жылы 11,2 миллиардқа жетеді деген болжам бар. Бүгінде әлемді халықтың денсаулығын қамтамасыз ету мәселесі алаңдатып отыр. Бұл үшін емдеудің жүйесін дамытып, көптеген мамандарды оқыту қажет. Міне осылай әлемдік БАҚ өкілдері болжау әдісін өте тиімді пайдаланады. Бұл оқырмандардың назарын аудартып, мақаланың мәнін аша түседі.

Тағы халықаралық өзекті мәселелердің бірі – климаттың өзгеруі. Жердің құрғақтағы орташа температурасы соңғы 50 жылда 1°C жылынып кеткен. 1970 жылдан бері улы газдардың апатты мөлшерде шығарылуы 80% өскен. Оған қоса, көптеген халықаралық мәселелермен тең тұрған – жұмыссыздық. Халықтарды еңбекпен қамту турасындағы мәліметі бойынша, 2008 жылғы қаржылық дағдарыстан кейін 61 миллион адам жұмыс орнынан айырылған. Нәтижесінде қазіргі таңда әлемде жалпы саны 200 миллионға жуық адам жұмыссыздар қатарында. Бұл да әлемді ойландырып отырған өзекті мәселелердің бірі.

Одан кейінгі айтылған, азық-түлік қауіпсіздігі. Бейресми дерек бойынша, әлемде 2050 жылға қарай 9 миллиардқа жуық адам өмір сүреді деген болжам келтірілген. Бұл тұста ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтың азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі туралы жиі айтатынын отандық БАҚ өкілдері арқылы халық жақсы біледі. Егер де азық-түлік қауіпсіздігіне жете мән берілмесе, адамдардың аш қалу қаупі басым. Біріккен Ұлттар Ұйымы тамақтануды жақсарту үшін, ауылшаруашылығы саласын 2030 жылдың тұрақты мақсатының қатарына кіргізген.

Осы заманғы озық технологиялармен жарақталған әлемдік БАҚ-тан отандық БАҚ-та кем қалып жатқан жоқ. Бүгінде Қазақстандағы БАҚ-қа қойылатын талап та жоғары болғандықтан, әлемді тігіреткен небір ірілі-ұсақты қауіп-қатерлерді де қал-қадірінше көрерменге таратып келеді. Оған қоса, Тәуелсіздік алған жылдардан кейін басылым, радио және телеарналардың саны

күрт артты. Әлемдік БАҚ күрделі мәселелерді тек айтып ғана қоймай, онымен қоса диаграмма ұсынып, ұтымды шешу жолдарын да көрсетуге дағды алған.

Саяси өзекті мәселелер

Биылғы жылдың халықаралық деңгейдегі айтарлықтай маңызды жаңалықтардың бірі – Америка Құрама Штатындағы президенттік сайлау. Осыдан бірнеше күн бұрын президенттікке үміткер Дональд Трамп пен Хиллари Клинтон дебат өткізген болатын. Алдағы уақытта да кандидаттарды екі дебат күтіп тұр. Сол уақытта әлемдік БАҚ өкілдерінің бұл халықаралық жаңалықты қаншалықты жылдам және объективті жеткізгенін бақылауға мүмкіндік туды. Шамамен 80 миллион көрерменді теледидарға телмірткен бұл дебат кезінде тек президенттік атаққа таласқандардың бет-бейнесін ғана көрсетіп қойған жоқ. Шетелдік БАҚ өздерінің саяси сауаттылығын да көрсете білді. Мәселен, «CNN» және «ORC» көрермендер арасында дебат аяқтала сала, сауалнама жүргізіп үлгірген. Онда үміткерлердің қайсысы жақсы сөйлегені туралы сұралыпты. Журналистердің дерегінше, бұл дебатта Хиллари Клинтонның өзіне деген сенімділігі тіпті жүрісінен-ақ байқалған көрінеді. Оған қоса, дебат аяқтала сала, шетелдік журналистер сарапшылардың пікірін білген. Мәселен, сарапшы маман Мэттью Даллек дебат кезінде Хиллари Клинтонның Дональд Трампты тізе бүктіргенін айтады. Ал Skype әлеуметтік желісі арқылы Андра Гиллеспи есімді көрермен Хиллари Клинтонға берілген оң бағаларға қарамастан, Хиллари Клинтонге өзінің осал тұстарымен жұмыс істеу керектігін айтқан. «Голос Америки» басылымы өз кезегінде Америка Құрама Штатындағы президенттікке үміткерлерге бағаны дебат аяқтала салған соң берді. Көп күттірместен, бұл басылым сарапшылардың пікіріне қосылып, дебаттың жеңімпазы ретінде Хиллари Клинтонды тапқан. Өйткені, жүргізілген сауалнама нәтижесінде Дональд Трамп қарсыласынан бар-жоғы 2% кем дауыс жинаған. «Голос Америки» басылымына сұхбат берген Эмори Университетінің саясаттанушысы Алан Абрамович дебатқа қатысты ойын былай білдірген: «президенттікке үміткер Хиллари Клинтон көрермендердің пікірінше бірінші дебат кезінде жақсы сөйледі. Енді бұл жағдай Дональд Трампты тығырыққа тірейді» дейді. Әлемдік БАҚ-ты аузына қаратқан бұл саяси

оқиғаға өз деңгейінде баға берілді. Көптеген сарапшылар мен саясаттанушылар халықаралық жаңалыққа қатысты сыни пікірлерін де ашық айтты. Бұл халықаралық өзекті мәселелердің әлемдік БАҚ-та жазылу сипатының ерекше белсенді екендігін көрсетеді. Бәсекелестік заманда түрлі ақпараттық порталдар, басылымдар, телеарналар мен радиолар бір-бірінен түрлі жаңа технологиялардың көмегімен ұтымды болуға тырысуда. Өйткені, қазіргі таңда халық

тек тыңнан түрен салған БАҚ өкілдерін ғана көреді, оқиды және болған оқиғаға пікір білдіреді. Сондай-ақ, АҚШ-тағы дебат кезінде тікелей көрсетілімдер, әлеуметтік желідегі пікірлер бірден көрерменге жол тартты. Бұл шетелдік басылымдарда бұрмалаушылыққа бой алдырмайтынын білдіреді. Және ақпарат халыққа жедел түрде ұсынылатынымен танылады. Мұның өзі бүгінгі журналистиканың өзекті мәселелерді жазудағы жаңа тәсілдері болып саналады.

Әдебиеттер

- 1 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
- 2 <http://www.golos-ameriki.ru/>

References

- 1 Sayasi tıysındırme sözdik. – Алматы, 2007 ж.
- 2 <http://www.golos-ameriki.ru/>

Белгараева А.Т.
**Гендерные стереотипы
в средствах массовой
информации сегодня**

В статье рассматриваются некоторые особенности гендерных стереотипов в обществе как одного из важных факторов формирования и развития современных средств массовых коммуникаций. Средства массовой информации являются основным источником информирования граждан. Автор доказывает, что гендерная проблематика, возникшая в связи с интенсивностью развития телевидения, с ростом значения участия женщин в общественной жизни граждан посредством рекламы и телевидения, заслуживает внимания в аспекте современных гендерных отношений.

Ключевые слова: гендерный стереотип, средства массовой информации.

Belgarayeva A.T.
**Gender stereotypes in the media
today**

This article discusses some of the features of gender stereotypes in society as one of the important factors in the formation and development of modern means of mass communication. The media are the main source of information to citizens. The author argues that gender issues that arose in connection with the intensity of television, with the growth of women's participation in public life of citizens through advertising and television, deserves attention in the aspect of modern gender relations.

Key words: gender stereotype, media.

Белғараева А.Т.
**Бүгінгі бұқаралық ақпараттық
құралдарындағы гендерлік
таптаурындар**

Мақалада қазіргі заманғы гендерлік таптаурындарының кейбір ерекшеліктері талқыланады. БАҚ азаматтардың негізгі ақпарат көзі болып табылады. Авторы жарнама және теледидар арқылы азаматтардың қоғамдық өмірге әйелдердің қатысуы өсумен, теледидар қарқындылығына байланысты туындаған гендерлік мәселелерді талқылап, қазіргі заманғы гендерлік қатынастар аспектісіне назар аударуға лайық екенін дәлелдейді.

Түйін сөздер: гендерлік стереотип, бұқаралық ақпараттық құралдар.

ГЕНДЕРНЫЕ СТЕРЕОТИПЫ В СРЕДСТВАХ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ СЕГОДНЯ

Вопросы гендерной дифференциации на телевидении давно являются объектом исследований ученых всего мира. Ученые и различные феминистские организации достигли немалых результатов в этой области. Однако до сих пор существуют определенные стереотипы, возникшие в силу ментальности тех или иных народов. В ФРГ в семидесятые годы женщинам на телевидении пришлось бороться за то, чтобы их допустили к чтению политических новостей. Сейчас, когда на телевидении и в нашей стране, и за рубежом работает большое количество женщин с самым разным тембром голоса, подобные факты могут лишь вызвать недоумение.

Высокий голос с эмоциональным интонированием считается женственным. Доказано, что женщины, занимающие высокие посты, стараются в своей речи подобного избежать. В связи с этим значение приобретают гендерные стереотипы – стандартные мнения о социальных группах или об отдельных лицах как представителях этих групп. «Стереотип – это суждение в заостренно упрощающей и обобщающей форме, с эмоциональной окраской приписывающее определенному классу лиц некоторые свойства или, наоборот, отказывающее им в этих свойствах». Е.А. Соколова рассматривает гендерные стереотипы как один из способов познания и отражения отношений мужчин и женщин на основе образов и дискурсов, наполняющих медийное пространство. Гендерные стереотипы «формируются и развиваются на следующих уровнях:

- обыденное сознание и массовая культура;
- профессиональное сознание;
- искусство;
- медиасреда» [6]

Стереотипы в общественном сознании закреплены прочно и меняются с трудом, особенно в восточных странах. В той или иной степени стереотипы воздействуют на восприятие каждого человека. Согласно укоренившимся представлениям в среднеазиатских странах женщинам в обществе приписывается меньшая ценность, чем мужчинам. От них ожидается в первую очередь материнство, несмотря на достаточную эмансипацию в городах.

В отношении женщин типичны такие стереотипы, как:

- 1) слабый, нелогичный ум, неспособность анализировать определенные ситуации;
- 2) вздорный, непредсказуемый нрав;
- 3) опасность, коварство;
- 4) болтливость.

Женщины и женская деятельность противопоставлены мужчинам и мужской деятельности как «правильное» и «неправильное». Оппозиция «правое – левое» как «верное и неверное», «норма и отклонение».

Важную роль в тиражировании гендерных стереотипов играет реклама на телевидении, в журналах и газетах, в интернете. Широкое распространение рекламы на постсоветском пространстве совпало с огромными переменами в жизни общества и в определенной степени явилось их отражением. В какой степени это касается гендерных стереотипов? В советский период средства массовой информации и вся государственная идеология в целом прославляли женщину-мать и одновременно труженицу. Плакаты подобного содержания изображали мужчин и женщин, увлеченных трудом, как правило, парами или двух мужчин и одну женщину. Лица их выражали высокую степень сознательности и трудовой энтузиазм. По определению Б.Н. Лозовского [5], стереотипы в журналистике можно понимать как устойчивые обобщенные и упрощенные представления о явлениях действительности, носящие характер предрассудка и бытующие в сознании аудитории СМИ, самостоятельно выработанные или навязанные коммуникаторами, а так же как способ восприятия и отражения журналистами окружающего мира в медийном продукте.

В постперестроечный период ситуация поменялась в корне. Произошла эротизация женщины в средствах массовой информации. Теперь главным фактором, определяющим ценность женщины, становится внешность. Женщина в сегодняшней рекламе выступает как объект мужской сексуальности, как домохозяйка и в незначительной степени как профессионал. В сочетании с тиражированием стереотипов сексуальности это приводит к негативным последствиям для женщин.

Женщины-профессионалы вынуждены постоянно доказывать свою компетентность в той или иной сфере деятельности. А перед казахстанскими женщинами поставлена неимоверно сложная задача: будучи профессионалом, им необходимо суметь сохранить свою жен-

ственность, и наоборот, оставаясь женственной, показать и доказать свой профессионализм. Кому-то это удастся, и они действительно заслуживают уважения со стороны своих коллег-мужчин. Те женщины, кому не удастся, переходят в смежные области, где требования не так высоки. И сегодня уже изредка можно наблюдать женщин, ведущих программы о тест-драйвах для современных авто. Хотя в нашем обществе это вызывает недоумение не только у мужчин, но и у женщин. Таков наш менталитет, не можем мы привыкнуть к тому, что женщина может заниматься не только воспитанием детей, шопингом, кухней, шитьем и салонами красоты. Сегодня имеет популярность фраза из анекдота: «Молчи, женщина! Твой день 8 Марта!» Этими словами выражается даже не недоверие и неуверенность в компетентности женщины, а нежелание в принципе что-либо слышать из уст представительниц так называемого слабого пола.

В результате это способствует оживлению в массовом сознании гендерных стереотипов, идущих во вред женщинам и способствующих восприятию их либо как сексуального объекта, либо как некомпетентной домохозяйки, озабоченной стиркой и уборкой, либо как неуравновешенного глуповатого существа, постоянно переживающего к тому же «критические дни». Гендеризму свойственны асимметрии, вызванные мужским доминированием в обществе. Эти асимметрии наиболее четко проступают при апелляции к коллективному адресату. Однако они способствуют и на индивидуальном уровне негативному отношению к одному из полов – женщинам.

Не исключено, что гендерные стереотипы влияют на лиц обоего пола, и развивают у женщин меньшую уверенность в себе, а у мужчин создают иллюзию женской некомпетентности. Несколько заниженную самооценку у представительниц женской половины общества, начиная с детского и юношеского возраста, отмечают многие исследователи не только в нашей стране. Современные исследования показывают, что любому из существовавших до сих пор человеческих обществ было присуще какое-то разделение труда между полами, специфические для мужчин и женщин виды деятельности и социальные функции. В быденном сознании за некоторыми профессиями прочно закрепилось определение «мужских» и за некоторыми – «женских». Стоит посмотреть перечень наименований специальностей, ко-

которые имеют место в современном обществе. Так из общего количества наименований лишь 10% отражают женский гендер. Так, не говорится «режиссёрша» или «операторша», мы говорим: «режиссёр», «оператор». Получается, что мужское профессиональное сознание не травмируется, а в женском происходит разрыв между «Я» и «специалист». У женщины появляется необходимость всё время идентифицировать себя с образом мужчины [2]. Однако, гендерное разделение труда предполагает не просто дифференциацию тех или иных социальных функций, а определенную иерархию этих видов деятельности и категорий людей, которые их осуществляют. При этом мужские занятия вне зависимости от их содержания оказываются более престижными, чем женские. Почему это происходит?

Однозначного ответа на этот вопрос не существует. По мнению Кона, социальную зависимость женщин можно связать с биологической зависимостью женского организма от функций продолжения рода, так как они препятствуют женщине удалиться далеко от своего жилища. Помимо этого, можно выделить еще психологическую зависимость, которая возникает у девочек в процессе социализации, когда они наблюдают своих матерей и когда их обучают «домашней деятельности» в противоположность «внешней» активности мальчиков [3].

В специальной литературе по этому вопросу обнаруживаются разноречивые мнения. Эксперименты психолингвистов, теории которых базируются на признании определяющим фактором асимметрию мозговых полушарий; когда мужчины воспринимают речь преимущественно левым полушарием, а у женщин левое полушарие «отвечает» за логику, а правое – за эмоции, не выявляют стопроцентных различий в речевом поведении мужчин и женщин. Они показывают, что даже различия в мужской и женской ассоциативной картине мира имеют вероятностный характер, то есть проявляются лишь в виде тенденций.

Иногда мужчины сами опровергают мнение о логичности мужского и эмоциональности женского мышления. По данным исследователей, проводивших анализ «домашней», неофициальной речи, женщины действительно употребляют больше эмоциональных оценок, чем мужчины, у которых обнаруживается более сильное влияние фактора «профессия». Это проявляется, в частности, в тенденции широко-

го употребления при непринужденном общении профессиональной терминологии. Женщины чаще включают в разговор не связанной с ситуацией общения тематики. Последнее наблюдение связано не с полом говорящих, а с особенностями домашней нагрузки женщин, которые должны и беседу поддерживать, и осуществлять «женскую» работу по дому.

Вместе с тем авторы отмечают свойственную мужчинам тенденцию к использованию экспрессивных, обычно стилистически сниженных средств, к шутливому огрублению речи. В непринужденном профессиональном общении у мужчин существует тенденция к употреблению метафор, относящихся к сексуальной сфере.

В ситуациях официального общения (дискуссиях, обсуждениях) женщинам свойственно выбирать невыигрышные тактики речевого поведения: соглашаться с критикой, а не искать аргументы в пользу своей точки зрения; реже использовать ироничную критику; чаще уступать возражениям. Для достижения успеха необходимо развивать в себе вежливый, но более решительный стиль общения. В связи с тем, что современное общество все чаще требует от женщины ведения деловых переговоров и участия в государственных делах, следует рассмотреть имидж тех из них, кто добился успеха в жизни независимо от гендерных стереотипов. Публичные профессии связаны с популярностью, авторитетом среди широких слоев населения, а их профессиональная успешность определяется привлекательным имиджем. Таким специалистам в целях профессионального самосовершенствования необходимо овладевать технологией формирования и корректировки своего имиджа. Особенно это полезно тем, у кого общение и личное воздействие на людей – важный инструмент профессиональной деятельности. Российские ученые выделяют особую группу гендерных стереотипов, связанных с репрезентацией отношений мужчин и женщин, которые еще не достаточно изучены современной наукой. Они полагают, что появление гендерных стереотипов «обусловлено тем, что модель гендерных отношений исторически выстраивалась таким образом, что половые различия располагались над индивидуальными, качественными различиями личности мужчины и женщины» [4].

В современном обществе люди настолько привыкли к рекламе на телевидении, что ее создателям приходится придумывать новые технологии, чтобы завладеть вниманием аудитории.

Одним из самых распространенных мест размещения рекламы в наше время является интернет. Существует контекстная и баннерная реклама. Создавая новую рекламу для потребителей, важно учитывать множество факторов и аспектов. Один из наиболее значимых – это гендерный аспект. Создателям необходимо учитывать данное различие, основываясь на трех факторах: рекламный текст, рекламное изображение и цвет. А ведь одинаковые рекламные сообщения и изображения вызывают разные эмоциональные реакции у мужчин и женщин. Мужчины реже замечают, что рекламируется, и чаще, кто рекламирует. Если в рекламном сообщении содержится общая фраза, и нет конкретных функциональных указаний, мужчина вряд ли зафиксирует в памяти образ. Тогда как женщина может запомнить даже мелкие детали, наряду с общим эмоциональным окрасом рекламного ролика. Поэтому при создании разного рода программ и рекламных роликов в наше время необходимо учитывать все аспекты восприятия и передачи информации, уделяя особое внимание гендерному вопросу.

Н.И. Ажгихина в статье «Гендерные стереотипы в современных масс-медиа» говорит, что «существование журналистики невозмож-

но без стереотипов. С появления первой газеты до создания глобальной системы массовых коммуникаций устойчивые представления о добре и зле, героизме и подлости, спасителе человечества и «враге народов» и т.д. являлись не только непременным атрибутом каждого адресованного широкой аудитории сообщения, но непосредственно самим строительным материалом любой публикации, радиопрограммы или телепередачи» [1].

В целом авторы неоднократно подчеркивают, что выявленные ими особенности не носят всеобщего характера. Такой вывод встречается в большинстве современных работ по гендерной проблематике. Поэтому нет оснований говорить о свойственном всем мужчинам или всем женщинам характерном речевом поведении. Следовательно, стереотипы о компетентности в определенных вопросах мужчин и некомпетентности женщин, работающих в средствах массовой информации, являются мифом. Вопрос лишь в зрительском восприятии образа человека, преподносящего ту или иную информацию с экранов. Подобные стереотипы вполне могут создаваться в сознании зрителя средствами массовой информации, главное, выбрать верное направление и для этого нужно время.

Литература

- 1 Ажгихина Н.И. Гендерные стереотипы в современных масс-медиа // Гендерные исследования. – 2000. – №5. – С. 261-273.
- 2 Пчелинова В.В. Гендер и профессия // Женщины и экономика. – Том 9. – №2. – С. 27-32.
- 3 Кон И.С. Социологическая психология. – Воронеж: МОДЭК. 1999. – С. 560.
- 4 Коноплева Н.А. Гендерные стереотипы [электронный ресурс]//Словарь гендерных терминов. URL: <http://www.owl.ru/gender/042.htm> (дата обращения 11.10.2016)
- 5 Лозовский Б.Н. Журналистика и средства массовой информации: крат. словарь. – Екатеринбург, 2007. – С. 306.
- 6 Соколова Е.А. Гендерные стереотипы в СМИ // Журналистика и массовые коммуникации. – С. 71-77.

References

- 1 Azhghina N.I. Gendernye stereotipy v sovremennyh mass-media // Gendernye issledovaniya. – 2000. – №5. – S. 261-273.
- 2 Pchelinova V.V. Gender i professiya // Zhenshiny i ekonomika. – Tom 9. – №2. – S. 27-32.
- 3 Kon I.S. Sociologicheskaya psihologiya. – Voronezh: MODJeK. 1999. – S. 560.
- 4 Konopleva N.A. Gendernye stereotipy [jelektronnyj resurs]//Slovar' gendernyh terminov. URL: <http://www.owl.ru/gender/042.htm> (data obrashheniya 11.10.2016)
- 5 Lozovskij B.N. Zhurnalistika i sredstva massovoj informacii: krat. slovar'. – Ekaterinburg, 2007. – S. 306.
- 6 Sokolova E.A. Gendernye stereotipy v SMI // Zhurnalistika i massovye kommunikacii. – S. 71-77.

Ұлт үшін тілінен қымбат еш нәрсе жоқ.

Мағжан Жұмабаев

Uedraogo A.A.
**Basic concepts of environmental
journalism**

Giving a clear definition of the term «environmental journalism», it is most reasonable to start from the concept of journalism. As far as we know that journalism is the collection, processing and dissemination of information, accordingly it we can safely give a definition of environmental journalism as a collection, processing and dissemination of data associated with the theme of ecology. In the field of environmental journalism, the main role-plays the journalist, who seeks to enrich the public knowledge about ecological issues of different levels. He reaches his goal by elevating the quality, range of his publication and depth coverage of different environmental disasters. Nowadays, when we are often faced by such definitions as political journalism, social journalism etc. the definition ecological journalism begins to be more interest for the society and the state.

Key words: Environment, journalism, ecology, data, environmental journalism.

Уэдраого А.А.
**Экологиялық журналистиканың
негізгі ұғымдары**

«Экологиялық журналистика» терминіне анықтама бере отырып, автор қоғамның назарын осы мәселеге өз туындысы арқылы қалай аударуға болатынын талдады. Экологиялық журналистикада басты рөлді журналист атқарады. Экологиялық проблемаларды терең зерттей отырып, саяси журналистика және әлеуметтік, спорттық журналистикадан ерекшелене түсіп қоғамдық сананы өзіне аударады. Сондай-ақ мемлекеттің де назарын экологиялық проблемаға бұрады.

Түйін сөздер: экологиялық журналистика, экология, мәліметтер, қоршаған орта.

Уэдраого А.А.
**Основные концепции
экологической журналистики**

